**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің**
**«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
**«Ақбота» ересек тобы**

**Тәрбиешілер: А.А. Ерменова**
**А.С. Құсаинова**

**2024-2025 жж**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

**Топ:** «Ақбота» ересек тобы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 02.09-06.09 2024 ж

**Тәрбиешілер:** А.А. Ерменова А.С Құсаинова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 02.09.2024ж** | **Сейсенбі 03.09.2024ж** | **Сәрсенбі 04.09.2024ж** | **Бейсенбі 05.09.2024ж** | **Жұма 06.09.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсыа лу | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдеміт.б) | Көңілді күн әнімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Үстел үсті ойыны: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Міндеті : жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажы ратып айтады. **Әлеуметтік дағдылар** | «Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Міндеті Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады. **Коммуникативтік дағдылар** | «Бұл қай кезде бола ды?» дидактикалық ойыны: Міндеті : Берілген жыл мезгілдерінің суреттері бойынша балалар ерек шеліктерін тауып, айтады, әңгімелейді **Коммуникативтік дағдылар** | Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті :Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі **Әлеуметтік дағдылар** | Дидактикалық ойын: «Құстар» Міндеті: қыстап қалатын құстардың аттарын атап, немен қоректенетінің айтады. **Коммуникативтік дағдылар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | ***Маман жоспары бойынша*** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Бата беру** кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Байланыстырып сөйлеу; Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану **Сөйлеуді дамыту** | Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.**Математика негіздері** | Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. **Көркем әдебиет** | Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. **Қоршаған ортамен таныстыру** | Әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру **Көркем әдебиет** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)** | **Музыка (маман жоспары бойынша)**<br><br>**Дене шынықтыру ( маман жоспары бойынша)** | **Қазақ тілі:** Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері." Мақсат-міндеттері. Өзінің аты-жөнін, тегін атау; ата-анасының, | **Дене шынықтыру ( маман жоспары бойынша)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бауырлары мен әпке-сіңлілерінің есімдерін атау; өзінің туған күнін айту; отбасындағы өз міндеттерін атау және орындау; сөзді тұтас,дұрыс,түсініп оқуғадағдыландыру;ауыз шажәне жазбаша тіліндамыту арқылы сөйлеуәрекеттерін жетілдіру;оқу әрекетінеқызығушылығын дамыту; тыңда жәнетүсіну, байланыстырасөйлеу дағдыларынжетілдіру | | |
| | Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.Бірінші орталықта біздің топта қандай кітаптар бар? Кітаптарды қалай ажыратуға болатынын анықтау. Кітап неден жасалған? **(Қоршаған ортамен таныстыру, зерттеу әрекеті)** Өзіміз кітап жасаймыз. Балаларға қағаздарды | Кітап дүкені және кітапхана туралы балардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде рөлдік ойынын ойнау. Айырмашылықтарын білу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Ертегі кітап суретін салу **(сурет салу)** | «Менің сүйікті кейіпкерім» әңгімелесу. кітаптардан суреттерін қарау. Өз ойымен бөлісу. Ойыншығы арқылы іс әрекетін көрсету. Сахналау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>Сүйікті кейіпкерінің суретін салу, мүсінін жасау немесе қиып бейнесін жапсыру. **(сурет** | «Менің алғашқы кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сурет кітаптарын бояу. Жазушымен кездесу. **(сөйлеуді дамыту)** Топтағы кітап орталығын шарлармен әр түрлі суреттермен сәндеу. **(сурет салу)** «Кітап сөреге қалай келеді» тақырыбында әңгімелесу. Қандай | Кітапқа қамқор боламыз. Кітаптарды қалай күтіп ұстау керектігі туралы әңгімеслесу. **(сөйлеуді дамыту)**Балаларға жыртылған кітаптарды түптеп, жапсырып жөндеуге беру. Өз қолдарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | желімдеу арқылы кітап жасату. **(жапсыру)**<br>Өз қалаулары бойынша кітап мұқабасын сәндеп сурет салу. **(сурет салу)** | | **салу, жапсыру, мүсіндеу)** | мамандар кітап шығару жолында қызмет ететінін фильм арқылы тамашалау. **(қоршаған ортамен таныстыру)**Рөлдерге еніп ойнау. **(Көркем әдебиет)** | жасаған кітаптармен сөрені толтыру. **(жапсыру)** |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №1**<br>**Бақылау:**Жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:**Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>**Еңбек**:Ағаш түптерін қопсыту. | **Картотека№2**<br>**Бақылау:**Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату.<br>**Еңбек**:Ауладағы гүлдерді суару.<br>**Мақсаты:**Балаларды | **Картотека№4**<br>**№4**<br>**Бақылау:** Желді бақылау.<br>**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. | **Картотека№5**<br>**Бақылау:**Көшедегі машиналарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен пайдалы екенін түсіндіру.Машинаға | **Картотека№10**<br>**Бақылау:**<br>Жәндіктерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>«Қыстың қамын жаз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:**Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>**Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын:** «Айгөлек-ау айгөлек».<br>**Мақсаты:**Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**Қимылдық ойын:** «Сұр қоян».<br>**Ойын барысы:**Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге | қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?»<br>**Мақсаты:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Қимылдық ойын:** «Соқыр теке».<br>**Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын | **Еңбек**: «Әдемі гүлдер»<br>**Мақсаты:**Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>**Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел»<br>**Мақсаты:**Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқты гу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**Қимылдық ойын:** «Орамал тастау».<br>**Ойын барысы:**Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып | қарсы жүгірмеу, көше тәртібін дұрыс сақтап жүруге үйрету.<br>**Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту, су құю.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу<br>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту.<br>**Қимылдық ойын:** « Ақ қояным»<br>**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.<br>**Қимылдық ойын:** «Ұшты-ұшты»<br>**Ойын барысы:** « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде | ойла».<br>**Еңбек**:Біздің алаң.<br>**Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** **Тыйым сөздерді жаттату.**<br>**Мақсаты:** «Суға түкірме «, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын:** **«Итеріспек»**<br>**Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мынадай өлең айтады:<br>Бармақ болып тоғайға сұр көжек,<br>Жуынып жатыр бүгжеңдеп:<br>Тұмсығын жуды,<br>Құйрығын жуды,<br>Құлағын жуды-түртінді,<br>Құп-құрғақ боп сүртінді.<br>Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.<br>2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік**.** | қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртеке» болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Әткеншек тебу. | отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқарушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады.<br>**Дербес ойындар:**<br>1. «Желмен жарысайық»<br>2. «Менің әдемі үйім»(құрастыру) | ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, көптер- кепсер, көже- шөже, іркіт-бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.<br>**Дербес ойындар:**<br>• **«Тәтті тоқаштар» пісірейік**<br>**«Мені қуып жет».** | алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану ,нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>Сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзіқызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Балаларды орталықтарға бөлу. Балалар қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен айналысуға мумкіндің беру.<br>**(жапсыру)**<br>**(сурет салу)**<br>**(мүсіндеу)** | Балалардың таңдауы бойынша кітаптағы ертегілерді сахналау. Еркін рөлдік ойындар. **(сөйлеуді дамыту)** | Кітаптан ертегі оқып беру. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. **(көркем әдебиет)** Кітаптарын жасау бойынша жұмыстарын жалғастыру. **(сурет салу, жапсыру)**<br>Кітаптардысанау, өлшеу, салыстыру**(математика негіздері)** | Кітаптан ән жаттау, айту<br>**(музыка)**<br>Еркін іс әрекеттер.<br>Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру | Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Жеті лақ» ертегісіндегі ананың рөлі туралы әңгімелесу. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру.<br>**(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтуды үйрету | Қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету | Алақанға салып тік және дөңгелетіп есе білуді үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытуды қалыптастыру. | Геометриялық пішіндерді үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№1**<br>**Бақылау:**Жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:**Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>**Қимылды ойын №1.**<br>**« Паравоз »**<br>**Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.<br>**Мазмұны:** Қатар-қатар тұрайық,<br>Кәне, кәне, сұрайық.<br>Кімнің болса бойы ұзын<br>Паравозы пойыздың<br>Кімнің, апай, бойы ұзын<br>Паравозы ол пойыздың?!<br>Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала паравоз болып алда тұрады. | **Картотека№2**<br>**Бақылау:**Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату**.**<br>**Қимылды ойын №2**<br>**«Ұшты-ұшты»**<br>**Мақсаты:** Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>**Ойынның мазмұны:** Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт.Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де , ұшпайтын | **Картотека№4**<br>**Бақылау:** Желді бақылау.<br>**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру**.**<br>**Қимылды ойын №3**<br>**«Ақ қоян»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.<br>**Ойын мазмұны:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br><br>Ақ қоян-ау, ақ<br>Орныңнан тұрсаңшы<br>Шашыңды тарасаңшы<br>Бетіңді жусаңшы | **Картотека№5**<br>**Бақылау:**Көшедегі машиналарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен пайдалы екенін түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін дұрыс сақтап жүруге үйрету.<br>**Қимылды ойын №4**<br>**«Қасқырлар мен лақтар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:**<br>Аралары 10-15 адым қашықтықта « қора » мен « өріс » сызылады.<br>**Ойнаушылар үйлерінде тұрып:**<br>Бөрте, бөрте, бөрте лақ, | **Картотека№10**<br>**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>«Қыстың қамын жаз ойла».<br>**Қимылды ойын№5**<br>**«Қаздар »**<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.<br>**Керекті құралдар:** ( сырнай немесе сылдырмақ). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ал қалғандары соның артынан ұстап тұра бастайды.<br>Ал, паравоз баста алға,<br>Бәрімізді басқар да!<br>Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Гу-гу, гу-гу, гуілдеп<br>Қалып қойма бірінде<br>Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік<br>жүрісті біз үдеттік. | зат айтылса тырп етпей отырады.<br>Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі.<br>Бастаушы<br>Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты-ұшты сұңқар ұшты<br>( қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты қарға ұшты<br>( қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты арба ұшты<br>( қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты дауыл ұшты<br>( қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты ұшақ ұшты<br>( қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты торғай ұшты<br>( қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты жылан | Әй-әй көйлек кисеңші.<br>Біреудің қолын үзсеңші-<br>Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. | Бөрте лақ тым ерке лақ<br>Кетесің кейде секеңдеп,<br>Байламаса көкем кеп—<br>деген сөздерден<br>Кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске » беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады.Осылайша ойын жалғасады. | **Ойын мазмұны:** Қысқаша әңгіме, қаз өте сақ құс, ол балапан шығарған кезде, ата қаз балапандардың соңында жүреді. Егер қауіп төнсе, ана қаз екеуі екеулеп балапандарын қорғайды. Қаздар көк шалғында шөп жейді. Барлық балаларға сырнай үлестіріліп, ішінен ата қаз белгіленеді. Балалар шалғында жайылып жүрген қаздарды бейнелеп, баяу сырнай тартады. Тәрбиеші белгісімен қауіп төнгенде, ата қаз сырнайды қатты 2-3 рет тартып белгі береді. Осы кезде балалар қанат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұшты<br>( қол көтермейді)<br>Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. | | | қағып жүгіріп барып, ана қаздың жанына жиналады. Ойын қайталанып, ата қаз сайланады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Қош бол балабақшам! | Психолог:«Менің отбасым» сурет | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес:<br>«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. |

Тексерілді: Арымбекова А.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 09.09-13.09.2024жыл
**Тәрбиешілер:** А.А. Ерменова А.С Құсаинова

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 09.09.2024ж | Сейсенбі 10.09.2024ж | Сәрсенбі 11.09.2024ж | Бейсенбі 12.09.2024ж | Жұма 13.09.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Бір-бірімізге қол беріп.<br>Айтамыз жақсы сөз жөн көріп.<br>Қалмаймыз тек іркіле<br>Сыйлаймыз жыл күлкі | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардыңкөңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды , үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар ды қарау және басқалар)** | Жатқа білер дос атын,<br>Дос бар бізді тосатын.<br>Балабақша біздің үй.<br>Басымызды қосатын<br>Саусақпен ойнаймыз: «Құлып»<br>Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету<br>**Коммуникативтік дағдылар** | Дидактикалық ойын «Не артық?»<br>Міндеті Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.**Танымдық дағдылар** | Дидактикалықойын «Бағдаршам не дейді?»<br>Міндетібайланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеру<br>**Коммуникативтік дағдылар** | Саусақпен ойнаймыз:«Қоян інде»<br>Ақ қоян-ау,ақ қоян,<br>Үркек қоян,сақ қоян,<br>Дыбыс шықса қашасың.<br>Міндеті Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. | Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар» міндеті қоршаған орта заттары жайлы түсінік қалыптастыру<br>**Әлеуметтік дағдылар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Коммуникативтік дағдылар** | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **(маман жоспары бойынша)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). **Қоршаған ортамен таныстыру** | Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыра білу,**Құрастыру** | қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. **Сурет салу** | (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) аттарын атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау **Құрастыру** | Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу **Мүсіндеу** |
| **Мектепке дейінгі** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | | **Дене шынықтыру** | **Музыка** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **(маман жоспары бойынша)** | **Маман жосары бойынша**<br><br>**Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)** | **Қазақ тілі**<br>"Балабақшамен танысу.Ойыншықтар әлемі "Мақсат-міндеттері. Тәрбиеленушілерді амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөзтіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет,кішіге құрмет көрсетуді,қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдануды әдетке айналдыру; ойыншықтардың түрлерімен атауларын ажыратуды үйрету; [-ə],[-ө]<br>дыбыстарымен таныстыру,сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-ə], [-ө] дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету;ұқыптылыққа, қамқорлыққа,достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу | **(маман жоспары бойынша)** | **Маман жоспары бойынша** |
| | «Торғай ұшты»Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру<br>**Дене шынықтыру** | «Гүлдің ашылуы»Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды | Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. | Дид ойын «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру | «Арқан созу» Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. **сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу**<br>Кітаптарда ойыншығының суреті барма қарау. Ертегіде ойыншығы туралы айтыла ма анықтау.**көркем әдебиет**<br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» көздерін жұмып, қолдарымен қоржындағы ойыншықты тауып, атау.<br>Ретімен, кері қарай санау **математика негіздері** | жоғары созу. (6- рет қайталау.)**Дене шынықтыру**<br>«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. **құрастыру**<br>Ойыншық жасау үшін қажетті заттар тізімін дайындау. **қоршаған ортамен танысу**<br>Ол ойыншықпен қалай ойнауға болатынын әңгімелеу. **сөйлеуді дамыту**<br>Ол ойыншықтың қандай болып шығатынын ойланып суретін салу.**сурет салу** | Балалардың ойын тыңдау. **сөйлеуді дамыту**<br><br>Сол ойыншықтардың суретін салу. **сурет салу**<br><br>Қуыршақ туралы тақпақ жаттау **көркем әдебиет**<br>«5 ке дейінгі сиқырды сандар»<br>Тура жіне кері санау **математика негіздері** | санау,жұптастыру<br>«Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемейту амалдарын үйрету<br>**математика негіздері**<br>«Асық» ойыны<br>**дене шынықтыру**<br>Орамалдан бөпе жасау. **құрастыру**<br>Музыка<br>Педагог жетекшілігімен «Сүйікті ойыншығым» **жапсыру** | қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау. /6 рет қайталау/<br>**Дене шынықтыру**<br>«Менің отбасым» отбасы мүшелерін атау **көркем әдебиет**<br>(мен бақытты баламын<br>**сурет салу** |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райыжағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Картотека №1**<br>**Күннің ұзақтығын бақылау**<br>**Мақсаты:** Тірі емес табиғат туралы түсініктерді кеңейту; күннің орналасуы мен табиғаттағы өзгерістерді байланыстыра білуді дамыту. Педагог күннің ұзақ уақытқа дейін жарқырауына балалардың назарын аударады; (жаз мезгілінде күн қалай жылытады және қазір қалай жылытады?) күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.<br>**Болжам:** Қыркүйек айы жылы болса қыс кеш түседі.<br>**Мақал мәтел:**<br>Күзде таң сұр,<br>Ал күн қызыл.<br>Жаңбыр сулайды,<br>Ал күн кептіреді.<br>**Тақпақ**: Күз<br>Қарашы, күз келді, күз келді,<br>Сары алтын жауыпты іздерді,<br>Құс біткен керуен тізеді,<br>Көңілсіз еткен күз енеді.<br>Н. Жанаев | **Картотека№3**<br>**Күндізгі қызу өлшемінің өзгерісін бақылау**<br>Кешкілік серуендегі ауаның қызу өлшемін таңертеңгілік қызу өлшемімен салыстыра отырып, не себептен жоғарлауын ойлайды.(күн ауаны қыздырады)<br>**Болжам:** Күн бұлтқа батса, келесі күн жауын-шашынды.<br>**Мақал мәтелдер**:Күздей бер, Күздей берсең, Үзбейбер.<br>**Тақпақ:**<br>Алтын сары, қызыл көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>(Қ. Шаңғытбаев)<br>**Жұмбақ:**<br>Жауып жаңбыр,<br>Жер сабыр,<br>Шөп, жапырақ салады,<br>Бұл қай кезде болады?<br>(Күз) | **Картотека №7 Аспанды бақылау**<br>**Мақсаты:** Тірі емес табиғатпен алуантүрлілігі туралы түсінігін кеңейту; аспанның сұлулығын бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.<br>Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл).<br>Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)<br>-Айтыңдаршы, кешкі аспанның әдемілігі туралы. Күн батар кезінде аспаннығ неше түсі болады? Кешке үйге кіргенде түнгі аспанда қандай өзгерістерді байқайсыңдар?<br>-Түндегі аспан туралы | **Картотека№8**<br>**Күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** Тірі емес табиғатпен таныстыру.Табиғат өзгерістеріне байланысты күннің өзгеруі.<br>**Мақсаты:**Бақылау жылы күнге (қуат күші).Тірі денеге қандай жер береді?Егер күн сәулесі өшіп қалса не болады?<br>**Тәжірибе:** «Кемпірқосақ».<br>**Мақсаты:**Табиғат құбылысы кемпірқосақпен таныстыру.<br>**Қажетті құралдар:**ыдыстағы су,айна.<br>**Барысы:** Сендер жаңбырдан кейін кемпірқосақты көрдіңдер ме?Қазір кемпірқосақты көргілерің келе ме? Тәрбиеші бұрышта тұрып айнаны суға қояды.Айна күнге | **Картотека№11**<br>**Ауаны желмен бақылау**<br>**Мақсаты:** Табиғаттың құбылыстары, ауаның қасиеттерімен танысуды жалғастыру; әуесқойлықтарын жетілдіру. Қоршаған кеңістікке бақылау. Несіз біз өмір сүре алмаймыз ба? (ауасыз)<br>- Ауаның қасиетін есіңізге түсіріңіз. Бос пакетты алып үрлейміз.<br>**Қортынды:** Адамда да ауа бар.<br>**Тәжірибе:** «Дауыл»<br>**Мақсаты:**Дәлелдеу, жел ол ауаның қозғалуы.<br>**Барысы**:Балалар желкені бар кемелер жасайды.Оларды суға жібереді.Балалар желкендерді үрлейді, кеме |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жұмбақ:**<br>Ағаштардан жамырап,<br>Ұшты кенет жапырақ<br>Бұл қай кезде болады?.<br>(Күзде)<br>Жиын терін – болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>«Қызыл қырман» ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсын?<br>(Күз)<br>**Жаңылтпаш:**<br>Көк тырна, көп тырна,<br>Тыраулап тек, көп тұрма.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Ойлап тап»<br>**Мақсаты:** Бір ғана затты түрлендіріп қолдану дағдысын қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші (немесе жүргізуші) әр балаға бір затты таңдауды ұсынып, (жапырақ, тас, қақпақ, қағаз, жаңғақ) «Берілген зат неге ұқсайды және онымен қалай ойнауға болады?»<br>**Қозғалмалы ойын:**<br>«Ұшады, ұшпайды»<br>**Мақсаты:** Балалардың зейінін дамыту, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Жүргізуші кез келген сөзді айтады | **Дидактикалық ойын:**<br>«Өз жұбыңды тап».<br>**Мақсаты:**<br>Сөздіңдыбыстарын дұрыс естіп, айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы**:<br>Тәрбиеші балаларға өздерінің жұбын табуды ұсынады. Бір бала кез-келген бір сөзді айтады, ал келесі бала сол сөзге ұқсас сөзді айтады. Мысалы: көп-шөп.. Жұбын тапқан балалар келесі жаққа шығып, сөздерді атап, ұқсас сөздерді атайды (қасық-мысық, дала-қала, шай-май, танау-санау, аяқ-таяқ)<br>**Қозғалмалы ойын:**<br>«Орныңды ауыстыр».<br>**Мақсаты:** Топпен бірігіп жұмыс жасауға үйрету, мұқият тыңдауға, шапшаңдыққа үйрету.<br>**Ойын барысы**:<br>Алаңның ортасына ұзын бауды жазып қояды. Балалар екі | не білесіңдер?<br>**Болжам:** аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны.<br>**Мақал-мәтелдер:**<br>Еңбек ерлікке жеткізер<br>**Жұмбақтар:**<br>Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді,<br>Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не?<br>(Жаңбыр)<br>**Тақпақ:**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолың жу,<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Әппақ бетін, маңдайын,<br>Су – дегенің осы.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Не артық?»<br>**Мақсаты:** жылдың төрт мезгілін бір-бірінен айырмашылықтарын білуге үйрету, есту қабілеттерін дамыту.<br>**Барысы:** Тәрбиеші жылдың бір мезгілін айтады-<br>«Күз».Анықтайды(құстар оңтүстікке қарай ұшады;жапырақтар түседі;саяжайларды | бұрылып жағалаумен шағылысады.Қабырға да кемпірқосақ пайда болғанша айнаны бұрамыз.Су өз рөлін атқарады,ақ түске айналады.Доғадеген не? Ол қандай?Қолмен доғаны көрсетіңіз. Кемпірқосақжерден доғаны еске салады, ал ұшақта дөңгелек болып көрінеді.<br>**Болжам:**күн шуағын шашып жарық болса, ауа – райы өзгермейді.<br>**Тақпақ:**<br>Таңға жуық шамамен,<br>Ерте тұрып қарап ем,<br>Қара күшік жоқ еді,<br>Көктен түсіп келеді.<br>**Жұмбақ:**<br>Жарқылдан соң жаңағы суға бөкті бар алап,<br>Көкте түрлі жолақты, өрнек туды ғаламат.<br>(кемпірқосақ)<br>**Дидактикалық ойын:** «Шатаспа». | жүзеді. Үлкен кемелер де желдің қозғалысымен тез жүзе бастайды.<br>**Сұрақ:** Егер жел жоқ болса, кеме қалай жүзер еді?Ал егер жел қатты болса не болады?<br>**Қортынды**:Жел-қозғалмалы ауа.<br>**Болжам:**бұлттар мен желдің бағыты және қозғалысы тең болмаса– жауын жауады; бұлттар желге қарсы жылжыса– суық болады.<br>**Мақал-мәтел:**<br>Батыр туса ел ырысы,<br>Жаңбыр жауса жер ырысы.<br>**Тақпақ:**<br>Ең даласын егін жапқан,<br>Бар баласы бақыт тапқан.<br>Менің жерім, туған елім,<br>Күн сәулелі Қазақстан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (балық, ұшақ, ағаш) ұшатын затты атағанда қолдарын көтереді, ал ұшпайтын затты атағанда қолдарын көтермейді. Ойынның соңында белсенді қатысқан баланы мадақтайды.<br>**Қозғалмалы ойын:** «Жапалақ»<br>**Мақсаты:** Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.<br>**Алаңдағы еңбек, жеке жұмыс.** Алаңдағы бастаған істі ақырына дейін жеткізе жұмыс істеп, бірлесе алаңды жинау. | топқа бөлініп, әрқайсысы өз алаңында тұрады. Балаларға «жүгір!» - деген бұйрық берілген кезде, әрқайсысы өзінің алаңында жүгіреді де, ал «ауысыңдар!» – деген бұйрық берілгенде, топтар орындарымен ауысады. Келесі алаңға тез ауысқан топтарды мадақтайды.<br>**Алаңдағы жұмыс.** Құрғақ шыбықтарды жинау.<br>**Тәжірибе:** Күн заттарды кептіреді.<br>**Мақсаты:** Күннің кептіру қабілетін бақылау.<br>**Барысы:** Қуыршақтың дымқыл киімін күннің көзіне ілу;<br>Құмды сулап, серуен кезінде оның кебуін бақылау.<br>Балабақшаның көлеңке және күн шуақ жағындағы кірпіштерін ұстап көру.<br>**Қортынды:** Күн | жинайды;аппақ қар түседі;<br>Балалар осы ескертулердің ішінен не артық екенін айтады.<br>**Қозғалмалы ойын:** «Орамал тастау».<br>**Дидактикалық ойын:** «Бұл не?»<br>**Тәжірибе:** «Сулы құнның құрамы»<br>**Мақсаты:** Құмның құрамымен таныстыру.<br>**Қажетті құралдар:** құм, әр түрлі қалыптар.<br>**Барысы:** ыдысқа дымқыл құм салу. Содан кейін ол ыдысты құммен бірге төнкеру керек. Енді қараймыз, құм төнкерілген ыдысқа ұқсап қалды, ал ешер біз оның кепкеннен кейін түрін көрсек, ол өз бетімен шашылып қалады. Ол дегеніміз, егер құм дымқыл болса, одан неше түрлі пішін жасауға болады.<br>**Қортынды:** Сулы құм кез келген нәрсенің пішініне келеді. | **Мақсаты:** ойлауды дамыту, сөздік қорларын толтыру, күн тәртібінің уақыттарымен таныстыру.<br>**Барысы:** Тәрбиеші күн тәртібінің әртүрлі уақыттарына байланысты көптеген сөздер айтады немесе қимыл-әрекет көрсетеді.Балалар міндетті түрде айту керек: «таңғы ас» немесе «жуынамыз».<br>**Қозғалмалы ойын:** «Допты ұстап ал».<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету.<br>**Барысы**:Балалар қол ұстаса шеңбер құрайды. Шеңбердің ортасында жүргізуші тұрады.Балалар бір-біріне допты береді шеңбер бойымен лақтырады, жүргізуші оны ұстауға тырысады.Егер ұстай алмаса,онда жүргізуші ойыннан | **Жұмбақ:**<br>Толып келіп,<br>Бос кетер.<br>(қасық).<br>**Қозғалмалы ойын:** «Допты жүргізушіге берме». «Қатып қал»<br>**Тәжірибе:** «Топыракта ауа бар, суда ауа бар»<br>**Мақсаты:** Суда және топыракта ауа бар екені туралы ойларын бекіту.<br>**Барысы :** 2 стакан су аламыз. Біреуіне 1 қасық топырақ саламыз. Ауа көпіршіктері пайда болады. Екінші стакан мен түтікшені алып: түтікшенің бір жағын суға салып, ал түтікшенің екінші жағынан ақырындап үрлейміз.<br>**Қортынды:** үрлеген кезде суда ауа көпіршіктерінің пайда болғанын көреміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | заттарды қыздырады. | | шығады. Ал егер жүргізуші баланы ұстаса, онда допты береді. | **Тәжірибе:** «Ауа көрінбейді» **Мақсаты:** ауаның қасиеттерін таныстыру (нақтылы формасы, меншікті иесі болмайды, барлық бағыттарға таралады), қабілеттілік негізде қарапайым тәжірибе жасауды себепті-тергеулі байланыстар орнатуға жетілдіру. **Барысы:**Тәрбиеші қолдарына (дәйекті түрле) хош иістендірілген майлықтар, апельсиннің сыртын, сарымсақты алып және бөлмеде таралып жатқан иістерді сезуді ұсынады. **Қортынды:** ауа көрінбейді, бірақ аралықта иісті тарата алады. **Дидактикалық ойын:** «Не артық?» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяққимдерін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзбетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану ,нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,**<br>**Сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру<br>Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру **құрастыру** | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар **мүсіндеу** | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. **қоршаған ортамен танысу** | Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу **қоршаған ортамен танысу, музыка** | Жәрмеңкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу **қоршаған ортамен танысу, құрастыру** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Заттардың сапасы мен қасиеттерін: сипау, дәмін тату және есту арқылы танытамын. | Ересектерге көмек көрсетуге ынта білдіруге уйрету. | Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету. | Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игеруді қалыптастырамын. | Берілген дыбысты дұрыс айтуды,сөздегі бірінші дыбысты анықтап айтуды жаттықтыру |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №1** | **Картотека№3** | **Картотека №7 Аспанды** | **Картотека№8** | **Картотека№11** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күннің ұзақтығын бақылау**<br>**Қимылды ойын №6**<br>**« Төбеде доп қуу»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:** Ойынға қатысушылардың барлығы екі топқа бөлінеді. Әр топтың ойыншылары бірінің артына екеуден сапқа тұрады. Ал капитан өз командасының алдында болады. Команда бірінен бірі 3-4 метр жерде тұрады. Капитандар бір-бір волейбол добын алады да, оны екі қолымен төбелеріне көтереді. Жетекшінің « Бастаңдар » деген командасы бойынша олар допты басынан асыра артындағы ойыншыға, осы әдіспен келесі ойыншыға береді. Ойын одан әрі қарай жүгіреді, сөйтіп өз тобының алдына келіп тұрады. Доп тағы да колонаның соңына | **Күндізгі қызу өлшемінің өзгерісін бақылау**<br>**Қимылды ойын№7**<br>**«Ақ сандық, көк сандық»**<br>**Мақсаты:** Күштілікке, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Ойын мазмұны:** Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Ойынды жүргізуші өлеңдетіп.<br>« Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!»<br>Соңғы « арт» сөзі балаларға берілген белгі, ол айтылған кезде қол ұстасып | **бақылау**<br>**Қимылды ойын №8**<br>**« Күн мен түн »**<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>**Ойын мазмұны:** Балалар бірі « Күн» , екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. | **Күнді бақылау**<br>**Қимылды ойын №10**<br>**«Түлкі мен қаздар»**<br>**Мақсаты:** Түлкі мен қаздың қимылын жасауға, жылдамдыққа баулу.<br>**Ойын мазмұны:** Балалар залдың бір шетінде тұрады. Олар қаз болып ойнайды. Бір бала түлкі болады. Ол залдың екінші шетінде тұрады. « Түлкінің » қимылын жасап әнді « Түлкі» бастайды. Қаздың қимылын жасап, « Қаздар» оған жауап береді.<br>Ән біткенде « Қаздар» қашады, « Түлкі» қуады. Ұсталған бала « Түлкі» болады.<br>**Түлкі:** Қаңқ-қаңқ қалың қаз,<br>Қашсаң пана | **Ауаны желмен бақылау**<br>**Қимылды ойын №11**<br>**«Ит пен қоян »**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Ойын барысы:** Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», « қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетеді. Ол топ капитандарының қолына екінші рет қайта тигенше ойын осылай айнала береді. Капитан өз орнына келіп, бірінші болып, допты жоғары көтергенде команда ұтып шығады. | отырған балалар тез тұруы керек. Қайсысы қарсыласын арқалап кетсе, арқадағы бала үй жануарларының дауыстарын салуы керек. | | табылмас.<br>**Қаздар:** Қулықты қой, қу түлкі,<br>Аузыңды жап әрі қаш!<br>**Түлкі:** Мамыр, мамыр, мамыр қаз,<br>Мамырламай бері бас.<br>**Қаздар:** Қой, қой, түлкі, сұм түлкі,<br>Балапандар әлі жас.<br>**Түлкі:**<br>Тыңдамаймын сөзіңді,<br>Ұстап жеймін қане, қаш. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

Тексерілді:

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы 3 апта**

**Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК**
**Топ: «Ақбота» ересек тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі:**16.09 – 20.09.2024
**Тәрбиешілер:** А.А. Ерменова А.С Құсаинова

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 16.09.2024ж | Сейсенбі 17.09.2024ж | Сәрсенбі 18.09.2024ж | Бейсенбі 19.09.2024ж | Жұма 20.09.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді | Достық эстафетасы аяқ, қол іздерін басу арқылы қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **(біртұтас тәрбие)** | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу (қуыршақпен амандасу арқылы топқа кіргізу) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа бала-лармен қарым –қаты-насы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен мерекелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Ойын: «Не жетіспейді?» Мақсаты: Көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту. Балаларға бірнеше заттардың суреті бар бетшелерді ұсынады.Суретті мұқият қарап,әр заттың жетіспейтін бөлшегін табуын сұра йды.**Қоршаған ортамен таныстыру** | «Ұқсасын тап » Мақсаты: Балаларды заттың түстері мен пішіндерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы арқылы ақыл ойын дамыту.**Математика негіздері** | «Мен құрбыларымды жақсы көремін» Мақсаты:Балалардың шеңбер құрады. Балалардың ішінен біреуі «Мен сені жақсы көремін» (көршісінің атын айтады) дейді және қатар отырғанның қолын қысады. Жақсы көруді қабылдаушы оған | «Сәлем сөздің атасы!» Мақсаты: Әдептілік туралы әңгімелеу. Амандасу сөздің атасы,көшеде кездескен үлкен кішіге де сәлемдесу әдептіліктің белгісі екенін түсіндіру. Қазақ күйлерімен таныстыру. **(бір тұтас тәрбие)** | «Менің бос уақытым» Мақсаты:Демалыс күндерін қалай өткізгендері туралы әңгімелесу. **Сөйлеуді дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | күлкімен жауап береді және соны көрші балаға қайталайды. **Дене шынықтыру** | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Маман жоспары бойынша | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Бата беру.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын бояу.**Сурет салу** | Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.**Жапсыру** | Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. **Қоршаған ортамен таныстыру** | Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу **Математика негіздері** | ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас **Көркем әдебиет** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (**маман жоспары бойынша) | **Дене шынықтыру** (маман жоспары бойынша) **Музыка**(маман жоспары бойынша) | **Қазақ тілі** Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын | **Дене шынықтыру (**маман жоспары бойынша) | **Музыка** (маман жоспары бойынша) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз) Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үйрету (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді)<br>Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту.<br>Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, қонжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз)<br>Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. | | |
| | **«Нан қайдан келеді?»**<br>Күнделікті қандай тағамдарды қолданамыз. Олардың пайдасы | Балалардан күз туралы қандай ертегі немесе тақпақ білетінін сұрау.<br>**сөйлеуді дамыту**<br>Ендеше тақпақ жаттайық және өзіміздің күз туралы | Серуенді бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылаумен бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін атап, | Бақша ауласына серуен жасау, құстарды бақылау, бақша ауласында өмір сүретін жануарларды | Балалардан еңбек пен демалыс жайында сұрау. Күзде қалай демаламыз, жазда қалай демаламыз айырмашылықтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай? Соның бірі нан қалай қайдан келді? Балалардың пікірін тыңдау. Ал нанның дастарханға қалай келетінін білу үшін Ендеше кітаптардан жауабын іздейік. **сөйлеуді дамыту**<br><br>Балалардың таңдауына мүмкіндік беріп нанның суретін салуға болады. сурет салу Нанды қамырдан жасауға болады деп іс әрекеттермен айналысуын қарастыру. **мүсіндеу** | ертегі кітабымызды жасайық**. жапсыру**<br><br>Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. Сосын барлығына күз туралы ән жаттатып, би билеуін ұйымдастыру. | түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап, түсін түрін атап,санап ,топқа алып келу. **қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері**<br><br>Балалармен бірге жапырақты бояп таңбалап қағаз бетіне басу әдісімен **сурет салу**<br><br>Жапырақтар мен шағын бұтақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. **жапсыру**<br><br>Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдау. **сөйлеуді дамыту** | бақылау. Өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>Құстардың суретін салу. **сурет салу**<br><br>Құрастыру материалдарынан үйшік жасау. **құрастыру** | білуін сұрау. **сөйлеуді дамыту**<br><br>Ауылшаруашылық мамандықтарымен таныстыру. Олардың пайдаланатын құралдарын таныстыру. **қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>**Тәжірибе №4** Тақырыбы: Мата жанады, не жанбайды. Міндеті: балалаға мата түрлерін айтып, құрғақ, сулы мата жасап көрсету, және қауіпсіздікті сақтай отырып, педагог арқылы матаның жануын жанбауын көрсету. |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәденигигиеналықдағдылар, өз-өзіне қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №6**<br>**Бақылау:**Құстардың күзгі тіршілігін бақылау.<br>**Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру**.**<br>**Еңбек**: «Біздің ойыншықтар».<br>**Мақсаты:**Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Тақпақ: «Құстар қайтып барады».<br>**Мақсаты:**Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге | **Картотека№7**<br>**Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**Еңбек: «**Таза алаң».<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».**<br>**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ, | Картотека **№8**<br>**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>**Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>**Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ**<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>**Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Монданақ». | **Картотека №9**<br>Бақылау: Алтын күзді бақылау.<br>Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>Қуандырып біздерді,<br>Мерекелі күз келді<br>Кел жемісті алтын күз<br>Кемелденсін халқымыз.<br>Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр».<br>Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.<br>Еңбек: «Таза алаң»<br>Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке | **Картотека №11**<br>**Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.<br>**Қимылдық ойын:** «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ»<br>Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.<br>**Еңбек**: Гүл шоғы.<br>**Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.<br>**Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам»<br>**Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.<br>Е.Өтетілеуұлы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>Қазан толы<br>Дәулет қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол<br>сызып,<br>Құстар қайтып барады.<br><br>**Қимылдық ойын:**<br>«Сымсыз телефон».<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Тығылыспақ | Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**Қимылдық ойын:**<br>«Тымпи-тымпи».<br>**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге | **Ойын барысы:**<br>Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Орта доп<br>2.Өткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ | тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>Қимылдық ойын: «Көрші».<br>Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.<br>Ойын барысы: Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен | «Бағдаршам»<br>Сақта көше тәртібін<br>Бағдаршамның ал «тілін»<br>Біліп алдым мен де:<br>Жасыл жанса, демде<br>Алға кетем лезде.<br>Сары жанса , сабыр<br>Сақтай тұрам әзір.<br>Жанса қызыл шоқтай,<br>Қаламын кілт тоқтай.<br>**Қимылдық ойын:**<br>**«Үрпек төбет»**<br>**Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа<br>басын сұғып,<br>Әнекей жалбыр төбет<br>жатыр сұлық,<br>Белгісіз жатқаны<br>ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырт пішіні<br>жуас салғырт |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Әткеншек тебу.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айыбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Әткеншек тебу.<br>2. Допты қуалау**.** | | жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады.<br>Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.<br>Дербес ойындар. | Ояталық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң-қарайық та.<br>Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>**1.Төбешіктен-төбешікке секір.**<br>**2.Күн мен түн** |
| **Серуеннен оралау** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |

<table>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, дұрыс сүрту. Кезекшілердің жұмысы:<br>асхана құралдарын, майлықтарын үстелдерге қою. Түскі ас құрамымен таныстыру. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Бата<br>Бірлік берсін басыңа,<br>Береке берсін асыңа!<br>Әумин.<br>(Сөйлеуді дамыту ) Біртұтас тәрбие</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td>«Су перісі»<br>ертегісін аудио арқылы тыңдату. Балалардың жайлы,тыныш ұйықтауына жағдай жасау.<br>(Көркем әдебиет)</td><td>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. «Қайырымсыз бай» аудио ертегі тыңдау<br>(көркем әдебиет)</td><td>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу үнмен «Адам мен бұлбұл құсы» ертегісін аудио тыңдату<br>(көркем әдебиет)</td><td>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. «Қайырымсыз бай» аудио ертегі тыңдау<br>(көркем әдебиет)</td><td>«Су перісі» ертегісін аудио арқылы тыңдату.<br>Балалардың жайлы, тыныш ұйықтауына жағдай жасау.<br>(Көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киінеді. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді біледі. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Жапырақтардан, гүлдерден кестелер жасап, аналарына сыйлауға дайындау. Кітаптар қарау, балалардың еркін іс әрекеті мүсіндеу, **сөйлеуі дамыту** | Балаларға ұннан тұзды қамыр жасауды үйрету. Әр балаға әр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр жасату. Жасалған қамырдан нан, бауырсақ, торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату. **Мүсіндеу** | Күз бейнесін салу, ағаштарды жасау, күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасау. **жапсыру** | Жануарлардың күзгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. **қоршаған ортамен танысу** | «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Өз қиялдарынан ағаштың,гүлдің суреттерін салып, бояу. **Мақсаты:** өз қиялдарына ерік бере отырып, өз ойындағы суретті елестете отырып сала біледі. **(Шығармашылық-сурет салу)** | Тазалық құралдарын атау, олар не үшін қажет екенін, өз ойын ортаға салу**.** Мақсаты: тілдерін, ойлау қабілетін дамыту, тазалыққа тәрбиелеу**.** **(Сөйлеуді дамыту)** | Тазалық құралдарын атау, олар не үшін қажет екенін, өз ойын ортаға салу**.** Мақсаты: тілдерін, ойлау қабілетін дамыту, тазалыққа тәрбиелеу**.** **(Сөйлеуді дамыту)** | Қайшымен жұмыс: Балалар қайшыны дұрыс ұстап қиюға дағдыланады. **(Шығармашылық** | **Кері байланыс: «Күлегештер»** күлдіргілерді (смайликтерді) бір-біріне бере отырып өз ойларын айтады. **Мақсаты:** Балалар күні бойы өзіне ұнаған іс-әрекетке баға бере алады. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақылау:**Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. «Кім жылдам?» Ойынның мақсаты: Шапшандыққа, жылдамдыққа үйенеді . Шашылып жатқан көкөністер мен жемістерді екі себетке жинайды. ***(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*** | **Бақылау:**Ауа-райын бақылау. «Қолшатыр» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. *Күн* деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады. (**Дене шынықтыру)** | **Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. «Танып ал да, атын ата» Мақсаты: жапырақтардың түр,түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. ***(Сөйлеуді дамыту)*** | **Бақылау:** Алтын күзді бақылау. «Түрлі түсті жапырақтарды тізу» Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету. ***(Құрастыру)*** | **Бақылау:** Күнді бақылау. «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту,түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту. ***(Сурет салу)*** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту. | Күзгі табиғаттағы ағаштардың түрлері туралы әңгімелесу. | Баласымен бірлесе отырып күзгі жапырақтар жинау. | Балалардың балабақшаға таза келулерін қадағалау. |

Тексерілді: [signature] Аримбекова А.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 4 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 23.09-27.09.2024 ж
**Тәрбиешілер:** А.А. Ерменова А.С Құсаинова

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 23.09.2024ж | Сейсенбі 24.09.2024ж | Сәрсенбі 25.09.2024ж | Бейсенбі 26.09.2024ж | Жұма 27.09.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Балаларды күймен қарсы алу. «Қосалқа» **Бір тұтас тәрбие** | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен мерекелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **ҚР. Гимнін орындайды.**<br>Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>**(музыка)**<br>Дид ойын:«Менің отбасым» әңгімелесу. Міндеті: сөздік қорларын байыту.**Сөйлеуді дамыту Бір тұтас тәрбие** | Дид ойын: «Дыбысынан таны» Міндеті: Есту қабілеттерін дамыту.**Музыка** | Дид ойын: «Сәйкестендіріп жина» ойыны Міндеті: түстеріне қарай ажырату **Математика негіздері** | Дид ойын: «Бірдей оюды тап» ойыны Міндеті: пішініне қарай ажырату. **Математика негіздері** | Дид ойын: «Бөліктерді құрастыр» ойыны Міндеті: қиынды суреттермен құрастыруды үйрету **Құрастыру** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Маман жоспары бойынша** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). **Қоршаған ортамен таныстыру** | Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыра білу. **Құрастыру** | Қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. **Сурет салу** | (Текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) аттарын атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.**Құрастыру** | Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу **Мүсіндеу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>*Маман жоспары бойынша* | **Музыка**<br>*Маман жоспары бойынша*<br>**Дене шынықтыру**<br>*Маман жоспары бойынша* | **Қазақ тілі**<br>"Ағаш түрлері. Тақпақты мәнерлеп оқу "Аққайын"."<br>Мақсат-міндеттер. Ағаштың құрылымы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру; емен, қарағай, терек ағаштары жайлы мәлімет беру; «шырынды ағын» сияқты табиғи құбылыспен таныстыру; аққайыңның құрылымдық ерекшелігі жайлы білімдерін нақтылау; ізденімпаздыққа, байқампаздыққа, табиғатқа сүйіспеншілікке, ағаштарға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Қазақ тілін қабылдауды, қазақ тілінде өлең сөздерін нақты, дұрыс дыбыстауды, ағаштардың атауын еске сақтауды, аққайың құрылымының өзіндік | **Дене шынықтыру**<br>*Маман жоспары бойынша* | **Музыка**<br>*Маман жоспары бойынша* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ерекшеліктерін байқауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын жаттықтыру, қиялдарын дамыту; әлемді эстетикалық қабылдау негіздерін қалыптастыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель қуыршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген достарын таныстыру. Достарының есімдерін сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту **Сөйлеуді дамыту** Достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты, ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру **Сурет салу, Мүсіндеу** | Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру, Математика негіздері** | Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан қуыршаққа қалай көмектесуге болатынын сұрау арқылы олардың бастамасы бойынша іс әрекет жасау. Балалардан қуыршаққа не болғаны туралы сұрап,ойларын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету**.** **Сөйлеуді дамыту** Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру** | Топқа әже қонаққа келеді. Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адам туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру**.** **Сөйлеуді дамыту** Әже туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып қуану сезіміне бөленуіне жағдай жасау. *Әжем менің ақ әжем, Ешкімде жоқ әжем. Ертегіайтыпбереді, Маған да солкерегі.* **Көркем әдебиет** **Бір тұтас тәрбие** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту **Математика негіздері** | Балалардан бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.**Сөйлеуді дамыту** Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру **Көркем әдебиет** |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретіменкиіндіру (ауа-райыжағдайына байланысты), дұрыскиінудібақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатарменжұптасыпжүруді, қатардыбұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека күз №10**<br>**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>«Қыстың қамын жаз ойла».<br>**Еңбек**:Біздің алаң.<br>**Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br>***Жеке жұмыс:* Тыйым сөздерді жаттату.**<br>**Мақсаты:** «Суға түкірме» «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып | **Картотека күз №11**<br>**Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.<br>**Қимылдық ойын:** «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ»<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке баулу.<br>**Еңбек**: Гүл шоғы.<br>**Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.<br>***Жеке жұмыс:***<br>Е.Өтетілеуұлы . | **Картотека күз №14**<br>**Бақылау:**Өткінші жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті,бау бақшаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.<br>**Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы | **Картотека күз №15**<br>**Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер ететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек**: Біздің ойын алаңы<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.<br>Еңбекқорлыққа баулу.<br>***Жеке жұмыс***:<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек, | **Картотека күз№16**<br>**Бақылау:**Кемпірқосақты бақылау **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшекейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту.<br>**Еңбек**: Біздің аула<br>**Мақсаты:**Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.<br>***Жеке жұмыс***:<br>Жұмбақ:<br>Алдым да әр түрінен жібек жіптің ,<br>Аспанға әшекейлеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру.<br>**Бір тұтас тәрбие**<br>**Қимылдық ойын:**<br>**«Итеріспек»**<br>**Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені.<br>Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау. | «Бағдаршам»<br>**Мақсаты:**<br>Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.<br>Е.Өтетілеуұлы<br>*«Бағдаршам»*<br>Сақта көше тәртібін<br>Бағдаршамның ал «тілін»<br>Біліп алдым мен де:<br>Жасыл жанса, демде<br>Алға кетем лезде.<br>Сары жанса , сабыр<br>Сақтай тұрам әзір.<br>Жанса қызыл шоқтай,<br>Қаламын кілт тоқтай.<br>**Қимылдық ойын:**<br>**«Үрпек төбет»**<br>**Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, | баратындығын түсіндіру.<br>**Жеке жұмыс:**<br>«Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер».<br>**Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>**Бір тұтас тәрбие**<br>**Қимылдық ойын**:<br>«Допты қуып жет».<br>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылдық ойын:**<br>**«Кім тезірек?»**<br>**Мақсаты:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе | Жапырағын жұлғызып.<br>**Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.<br>**Қимылдық ойын:**<br>**Қыз –қуу**<br>Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені.<br>Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.<br>**Қимылдық ойын:**<br>***Арқан тарту.***<br>**Бір тұтас тәрбие**<br>**Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:**<br>• Қуаласпақ.<br>• Тығылыспақ. | Кесте тіктім.<br>(Кемпірқосақ)<br>**Мақсаты**: Түстерді ажырата білу.<br>Балалардың ой –өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.<br>**Қимылдық ойын:**<br>**«Тышқан мен мысық».**<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.<br>**Қимылдық ойын:** .<br>«Қимақ».<br>**Ойын барысы:** Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, «осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал»,-дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық,<br>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,<br>Момақан, сырт пішіні жуас салғырт<br>Ояталық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң-қарайық та.<br>Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>**1.Төбешіктен-төбешікке секір.**<br>**2.Күн мен түн** | жалаушалар байланған жіп тартылады.<br>Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. | | **Дербес ойындар:**<br>**1.Әткеншек тебу.**<br>**2.Ирек жолмен жүру.** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өзбетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>Сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзіқызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) бата беру. Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Балаларды орталықтарға бөлу. Балалар қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен айналысуға мумкіндің беру.<br>**(жапсыру)**<br>**(сурет салу)**<br>**(мүсіндеу)** | Балалардың таңдауы бойынша кітаптағы ертегілерді сахналау. Еркін рөлдік ойындар.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Кітаптан ертегі оқып беру. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Кітаптарын жасау бойынша жұмыстарын жалғастыру. **(сурет салу, жапсыру)**<br>Кітаптардысанау, өлшеу, салыстыру<br>**(математика негіздері)** | Кітаптан ән жаттау, айту<br>**(музыка)**<br>Еркін іс әрекеттер.<br>Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру | Кітаптар карату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Жеті лақ» ертегісіндегі ананың рөлі туралы әңгімелесу. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру.<br>**(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды, белгілі дыбысқа ауызша сөздерді табуды үйрету | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету | сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, | өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын айтуды үйрету. | бейнелеген суреттер мен заттар бойынша әңгімелер құрастыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдануды үйрету. | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №10**<br>**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау.<br>**Қимылды ойын №12**<br>**« Аққу-қаздар »**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:**<br>Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді.<br>**Бақташы:** Қаздар, қаздар, | **Картотека №11**<br>**Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Қимылды ойын №13**<br>**«Қарағайлы ормандағы аю »**<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:** Алаңның бір жағына аюдың іңі сызылады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда балалар тұрады. Тәрбиеші інде отырған аюды таңдап алады. Тәрбиеші « балалар», серуендеуге барыңдар! –дегенде балалар үйден шығып орманға барады. Олар хормен мына өлеңді айтады.<br>Аю жүрген орманнан<br>Жидек тере мен барғам<br>Аю отыр гүрілдеп, | **Картотека №14**<br>**Бақылау:**Өткінші жаңбырды бақылау.<br>**Қимылды ойын №14**<br>**« Аңшылар мен қояндар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.<br>**Ойын мазмұны:**<br>Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. | **Картотека №15**<br>**Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.<br>**Қимылды ойын№15**<br>**« Аюлар мен аралар »**<br>**Ойын мазмұны:** Омарта алаңның бір жағында болады. Бір шетте аюдың, араның үңгірі. Ойыншылар тең емес екі топқа бөлінеді. Көпшілігі бал аралары. Белгі бойынша аралар омартадан ұшып шығып бал іздеп, шалғынға қарай ұшады. Олар ұшып кетісімен аюлар омартаға жармасып бал жейді. Тәрбиеші: « Аюлар!»-дегенде аралар омартаға қарай ұшады, ал аюлар үңгіріне қашады. Үлгере алмаған аюды | **Картотека №16**<br>**Бақылау:**Кемпірқосақты бақылау<br>**Қимылды ойын№16**<br>**«Тым-тырақай »**<br>**Ойын мазмұны:** Ойнаушы балалар шеңберге тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен:<br>Ал, кәнеки балалар,<br>Бір, екі, үш-деп санаңдар<br>Бір, екі, үш—<br>Ал тарандар-деп<br>Жан-жаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаңқылдап,<br>Барасыңдар қай жаққа.<br>Қаздар: Айна көлі жалтылдап,<br>Жатқан жасыл аймаққа.<br>Бақташы:Біздің жерге түсе кет,<br>Түсіп сусын іше кет.<br>Қаздар: Сіздің жеріңізге түсеміз<br>Түсіп сусын ішеміз.<br>Бақташы: Болсын онда жол жайлы!<br>Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды,<br>Жолды сұр қасқыр тосып тұр .<br>Бақташы: Олай болса, қалаған,<br>Жақтарыңа бар аман.<br>Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен | Жарамайды мұның,-деп « Гүрілдеп» дегенде аю балаларды қуады. Аю кімге жетсе, сол ұсталған болады. Үйдің сыртынан асып кеткен балаларды ұстауға болмайды. | Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. | аралар шағып алады. Ара шаққан аюлар келесі ойынға қатыспайды. | бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейін қасқырдың ұстаған қаздарын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады. | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну. | Үйде балаға қайшымен қию жұмыстарын ұсыну. | Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

Тексерілді: Адилбекова А.
Үштің ойындарды жоспарлап ұйымдастыру.

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы 1 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

**Топ:** «Ақбота» ересек тобы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 30.09 – 04.10.2024

**Тәрбиешілер:** А.А. Ерменова А.С Құсаинова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 30.09.2024** | **Сейсенбі 01.10.2024** | **Сәрсенбі 02.10.2024** | **Бейсенбі 03.10.2024** | **Жұма 04.10.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау, | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Күй қосу,күй күмбірі **Бір тұтас тәрбие** | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу (қуыршақпен амандасу арқылы топқа кіргізу) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу. | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу. | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар жайлы үйрету **Қауіпсіздік әрекеті** | Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету.**Бір тұтас тәрбие** | Дидактикалық ойын: Дәл сондай пішінді тап. **Танымдық дағдылар** | Үстел үсті ойыны – пазл: табиғат суретін құрастыру, ерекшелік-терін атау **Құрастыру әрекеті Эколгиялық тәрбие** | Табиғаттағы қауіпсіздік жайлы видеоролик көрсту,түсіндіру. **Экологиялық тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Маман жоспары бойынша**<br>«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. **сөйлеуді дамыту** | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға үйрет. **көркем әдебиет** | Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. **математика негіздері** | Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу. **сөйлеуді дамыту** | Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді дамыту. **математика негіздері** |
| **Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (**маман жоспары бойынша) | **Дене шынықтыру** (маман жоспары бойынша) **Музыка** (маман жоспары бойынша) | **Қазақ тілі** "Гүлдер. Алыс-жақын" Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы гүлдердің түрлері жайлы | **Дене шынықтыру (**маман жоспары бойынша) | **Музыка** (маман жоспары бойынша) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | білімдерін кеңейту, олардың сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; нысанның орналасуын «жақын», «алыс» бақылау жайлы түсініктерін дамыту; көктемгі табиғат өзгерістері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды қазақ тілінде гүлдердің сыртқы ерекшеліктерін суреттеу кезінде түсіну мен естуді үйрету; гүлдердің атауын анықтамалық сөз тіркестерін қайталау, жұмбақ шешу арқылы еске сақтауды үйрету; суреттегі нысанның орнын, алыс немесе жақын орналасуын айтуды жаттықтыру; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, айналасындағы заттарға деген мұқияттылыққа тәрбиелеу. | | |
| | Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. | Балаларға түрлі жемістер мен | «Шегіртке мен құмырсқа» ертегісін | Күздегі құстар мен жануарлардың | Күзде жануарлар не істейді, адамдар не |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу)** Балалармен бірге жапырақтарды бояу**(сурет салу)** Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. **(жапсыру)** | көкөністер араластырылып салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен көкөністерді бөліп екі ыдысқа салу және оларды сипаттауды дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату **(сөйлеуді дамыту)** Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына барып. Қалаған жеміс , көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету **(сурет салу,. (мүсіндеу)** | көрсету. Балалардан күз туралы ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** **«Күз» тақпағын жаттату** (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. **(көркем әдебиет)** Күзгі жаңбыр суретін салуға ынтасын дайындау. Күзгі жемістерді салатын табақты мүсіндеуді үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу)** | тіршілігімен таныстыру. Бақша ауласына құстарды бақылау, олар жайлы. Өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Құстардың суретін пішіндерден құрап жапсыру **(жапсыру)** Құрастыру материалдарынан құстарға үйшік жасау. **(құрастыру)** Асықтың жақ атауын таныстыру. Қ/о. Асықты түсіне қарай сәйкестендіру. **бір тұтас тәрбие** | істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету **(мүсіндеу)** Кітапқа қамқорлық таныту. **бір тұтас тәрбие** |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәденигигиеналықдағдылар, өз-өзіне қызмет ету) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№12** **Бақылау:** Тұманды бақылау. **Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан | **Картотека №13** **Бақылау:** Шықты бақылау. **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, | **Картотека№14** **Бақылау:** Өткінші жаңбырды бақылау. **Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. | **Картотека№15** **Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. **Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын | **Картотека №16** **Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау. **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қозғалмалы ойын:** «Инеліктің әні» **Мақсаты:** сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. **Еңбек алаңында жұмыс істеу:** ағаштардан кепкен бұтақтарды алып тастау, жапырақтарды жинау. **Қозғалмалы ойын:** «Ұшақтар». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. **Алаңдағы еңбек:** құстарға жемсалғыш жасау. | бақылау. **Қимыл-қозғалыс ойын:**«Торғай мен мысық» **Мақсаты:** Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. **Еңбек әрекеті:** Құс қауырсындарын жинау. | **Қозғалмалы ойын:** «Соқыр теке қоңырауымен» **Мақсаты:** балалардың көңіл күйін көтеру. **Алаңдағы еңбек:** құстарға жемсалғыш жасау. **Қозғалмалы ойын:** «Қасқыр мен лақтар» **Мақсаты:** балалардың көңіл күйін көтеру. **Алаңдағы еңбек:** Жапырақтарды жинау | киім киісін бақылау. **Қозғалмалы ойын:** «Тығылмақ» **Мақсаты:** шапшаңдыққа, ептелікке жетілдіру. **Алаңдағы еңбек**: Ағаштардан түскен әдемі жапырақтарды жинап, олардаң жапсыра отырып бір бейне жасау. (балық, қоян, кірпі) **Қозғалмалы ойын:** «Қоңыздар» Мақсаты:Балаларды жан- жақты жүгіруге , белгі бойыншща қозғалысты өзгертуге назар аударуға үйрету. **Еңбек әрекеті:** Сынған бұтақтарды және жапырақтарды жинау**.** | **Қимыл – қозғалыс ойын** «Ұшақтар». **Мақсаты** : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру. **Алаңдағы еңбек** . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалармен орман туралы әңгімелесу. | Құстар туралы жаттаған тақпағын сұрау | Табиғи материалдардан орман жасауды ұсыну. | Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну. | Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

Тексерілді: [signature] Адимбекова А.
Ұлттық ойындарды жоспарлап ұйымдастыру.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 4 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі: (21.10.- 24.10.2024 ж)**
**Тәрбиешілер:** А.А.Ерменова А.Б. Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 21.10.2024** | **Сейсенбі 22.10.2024** | **Сәрсенбі 23.10.2024** | **Бейсенбі 24.10.2024** | **Республика күні** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балабақша туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | «Күз сыйы». Жемістер мен көкөністер .Көкөністер мен жемістерді ажыратып, топтастыруға үйрету. Оларды ажыра тып,атауға үйрету. Көкөністер мен жеміс тердің 4-5 түрін атай білу дағдыларын жетілдіру. | «Ұлттық аспаптардың көлеңкесін тап» ***Біртұтас тәрбие*** | **Еркін ойын:** «Күз мезгілі» Суреттер құрастыру | «Алаша құрастыру» Шарты: Бөліктерге бөлінген суреттерден алаша құрастыру. **Біртұтас тәрбие** | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Маман жоспары бойынша **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **бейсенбі күні Қаражорға биін билету** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.Бата беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>**Сурет салу** | Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу,майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуді<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды дамыту.<br>**Мүсіндеу** | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылыққа білеті мен қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа,кейін ұзын жолақтарды қиюдыүйрету**. Жапсыру** | «Оюдың жартысын тап». Шарты: Оюлардың жартысы берілген, келесі жартысын табу.<br>***Біртұтас тәрбие Құрастыру*** | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Маман жоспары бойынша | **Музыка**<br>Маман жоспары бойынша<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Маман жоспары бойынша | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** «Күз» (Күз мезгіліндегі табиғат ерекшіліктері)<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліне арналған тірек сызбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту; «Ғ», «Ұ», «Ү» дыбыстарының айтылуын үйрету. Зат есімнің көпше және жекеше түрлерін сөйлемдерді қолдануын дамыту | **Дене шынықтыру**<br>Маман жоспары бойынша | |
| | Дәрумен және оның пайдасымен таныстыру **(Қоршаған ортамен** | Екі қарама-қарсы және бірдей жемістер мен көкеністерді ұзындығы, | Ойын заттың атын ата\Қоржынға салынған көкеністер мен | Жемістер мен көкеністерде қандай дәрумендер бар екені туралы әңгімелесу | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танысу,зерттеу әрекеті)**<br>Дәрумендер туралы тақпақ жаттату **(Көркем әдебиет)**<br>Алманың суретін салу,жабыстыру,құрастыру **(Сурет салу,жапсыру,құрастыру)** | ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады.<br>**Математика негіздері «Алтын дән» өлеңі К.Ахметова**<br>**Мақсаты:** Өлеңді асықпай мағанасына қарай дыбыстарды анық айтады.(**Көркем әдебиет)** | жемістерді қолға алып, ащы қатты қышқыл, түсін,пішінін атау керек.(**Математика негіздері)**<br>Балаға ұнайтын жеміс немесе көкеністің суретін салу**(Сурет салу)**<br>Ас адамның арқауы<br>Дені саудың жаны сау мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, сөйлеу тілдерін дамыту **(Сөйлеуді дамыту)** | **(Сөйлеуді дамыту)**<br>Тамақты ішсең күнде сен<br>Белгілі бір мезгілде<br>Таңертең, түсте,түстен соң<br>Жатар алды кезінде,Балаларға тақпақ жаттау, уақытты бағдарлауға үйрету.<br>**(Көркем әдебиет,математика негіздері)** | |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека** №7<br>**Балалар мен үлкендердің киімін қарау**<br>**Мақсаты:** Балаларды киімдермен таныстыру. Олардың сымбатына, ою-өрнегіне қызықтырумен бірге қазақша дұрыс атап айтуға үйрету.<br>Киімдерді қалай күтіп ұстауды үйрету.<br>Тәрбиеші балалармен бірге бақылау жасайды. Бәрі суық кезеңде әр түрлі тірі жабайы аңдар | **Картотека** №12<br>**Күннің ұзақтығын бақылау**<br>**Мақсаты:** Күннің ұзақтығы туралы мағлұмат беру. Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, тіл мәдениетін молайту.<br>Қазан айында күн неге қысқа екенін тәрбиеші балалармен бірге бақылайды. Сендер жазда үйде не істедіңдер? (қыдырдық) Ал қазір..?(қыдырмаймыз, үйткені далада күн қараңғы қорқынышты және суық). | **Картотека** №14<br>**Жапырақтың сарғаюын бақылау**<br>**Мақсаты:** табиғатта болып жатқан құбылыстар туралы білімдерін кеңейту; заттық қасиеті бойынша даралауға үйретуді дамыту; өсімдіктердің бөліктері туралы жалпы түсінікті кеңейту; өсімдіктерге деген қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Жапырақтардың | **Картотека күз №11**<br>**Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.<br>**Қимылдық ойын:**<br>«Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ»<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке баулу.<br>**Еңбек**: Гүл шоғы.<br>**Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (қасқыр, түлкі, қыстың құстары): аңдар қоректенеді, күннің түсуінен түстері өзгереді. Тәрбиеші балалардың киіміне көңіл аударады. Адам қалың киімдерін киеді. Қысқыға жеміс-жидектерін жинап алады.<br>**Тақпақ:**<br>Гүлдер,гүлдер,шоқ гүлдер,<br>Қызыл гүлдер көк гүлдер,<br>Тұра берші ырғалып,<br>Тұра берші нұрланып.<br>**Жұмбақ шешу**:<br>Күміс садақ сияқты еді,<br>Күміс табақ бола қалды.(ай).<br>**Ойын: «Допты бер».**<br>**Ауа-райын бақылау**<br>Тәрбиеші балалармен бірге бақылау жасайды, қазан айында алғашқы суық түседі. Таңертең үйдің шатыры шөп, жолдың шеттері күннің шуағына жылтырап тұрады. Уақыт өте келе суық пайда болады.<br>**Болжам:** қарға қаңқылдап тоқтаусыз секіріп жүрсе – жаңбыр | Себебі, жазға қарағанда күн қысқарды.<br>**Болжам:** қаздар ұшады - демек, қысты болады;<br>**Мақал-мәтел:**<br>Ақ бұлт қырау, мақта аппақ,<br>Ақ сүт айран,қант та аппақ.<br>**Тақпақ: Күз.**<br>Қыс-құнар береді,<br>Көктем-дән себеді.<br>Жаз-бастап өсірсе,<br>Күз-жинап береді.<br><br>**Қимылды ойын: «Бақалар мен құтан»**<br>**Тәжірибе:** «Көшедегі көлеңке»<br>**Мақсаты:** балаларға көлеңке қалай түсетіні, оның түсуі жарыққа байланысты екендігін көрсету.<br>**Барысы:** Көлеңкені қарау. Қай уақытта көлеңке пайда болады? (Жарық көзі болған кезде). Көлеңке деген не, ол неге пайда болады? (бұл қара дақтар: көлеңке пайда болады, жарықтың жаңқалы заттың жанынан өте алмаған да, сол үшін осы заттың жаңғалығы аз, үйткені қараңғы) | сарғайып түсуі өте маңызды биологиялық құбылыс болып табылады: ол жерден шыққан ылғалдықтың біткен кездегі өсімдіктің бетіндегі булануды азайтады. Өз кезіндегі жапырақтардың ағаштан түсуі, оның бұтақтарын көп мөлшерде түскен қардаң қорғайды. Табиғатта аяқ астына ештене өзгермейді: түскен жапырақтар қыста өсімдіктерге қажетжәне күзде жер бетін жауып жатады, себебі тамырлары үсіп кетпеу үшін, оларда жәндіктер қыстайды.<br>**Өлең:**<br>Күз ауды, Қар жауды<br>Құс кетті,Қыс кепті<br>Дала, қыр күтеді<br>Жаңа Жыл жетеді<br>**Дидактикалық ойын: «Сипаттағанымды тап»**<br>**Мақсаты:** сипаттаған бойынша өсімдіктерді табуды үйрету.<br>**Барысы:** Тәрбиеші өсімдікті сипаттайды, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауады. | | оның ерекше белгілерін атайды. Кім бірінші болып өсімдікті табады, жұлдызша алады.<br>**Қызықты ойын:** «Ерекше соқыртекелер»<br>**Мақсаты:**бақылағыштықты жетілдіру.<br>**Барысы:** екі ойыншының көзін байлайды, қалған ойыншылар кезекпен оларға келеді. Көздері байланған ойыншылар, алдына келген достарын кім көп табатынына жарысады. Осы ойынның шартында бірнеше түрлермен тануға болады: қолдарын қысу арқылы, бетінен сүию арқылы, танауын, құлағын, шашын тигізу арқылы. Қай ойыншы достарын дұрыс табады, ұпай жинайды.<br>**Тақпақ**<br>Жез түсті,<br>Күз түсті<br>Береке салты – Күз<br>Мереке – Алтын күз!<br>**Қозғалмалы ойын:** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **«Бақа»**<br>**Мақсаты:** балаларды сөзбен бірге қимыл жасауға үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | «Шалқан» ертегісі<br>**Мақсаты:** Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**«Қызыл алма» (заттық мүсіндеу)**<br>**Мақсаты:** Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады.<br>Мүсіндеу | Жемістер мен көкеністер ойыны<br>Екі топқа бөліп ажырату<br>**Қоршаған ортамен таныстыру,зерттеу әрекеті Жасыл алмұрт» (заттық мүсіндеу)**<br>**Мақсаты:** Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады, алмұртты құрастырады, түсін пішінін атап, суретін салады **(Мүсіндеу,сурет салу ,жапсыру, құрастыру)** | «Киіз үйде не бар?»<br>Шарты: киіз үйдің ішіндегі ұлттық құндылықтарды атап шығу.<br>***Біртұтас тәрбие*** | Дәрумендер бейнеленген пазл құрастыру **(құрастыру)**<br>Сәбіздің суретін қию және жабыстыру **(Жапсыру)**<br>Сәбіздің бейнесін мүсіндеу **(мүсіндеу)**<br>**Тақпақ жаттау**<br>Атым – қазақ, текті батыр ұланбыз,<br>Қадірлейміз қазағымның мұрасын.<br>Әдептілік – сұлулық пен теңдессіз,<br>Дәріптейміз ата дәстүр | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бұлағын<br>***Біртұтас тәрбие*** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыру | дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртуды үйрету. | өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыру | шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айту. | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№7**<br>**Қимылды ойын №23**<br>**«Қармақ »**<br>Жүрісі: Балалар шеңбер жасап тұрады. Шеңбердің ортасында тәрбиеші. Ұшына құм салынған қапшық байланған жіпті төменнен айналдырады. Балалар мұқият қарап тұрады. Өзіне келгенде жіптен секіріп үлгере алмаған бала, ойыннан уақытша шығады. Жіптері кері бағытта да айналдыруға болады. Егер секіру қиын болса, кейін қарай секіріп кетуге болады. | **Картотека№12**<br>**Қимылды ойын №24**<br>**«Қуғыншы»**<br>Бір баланы қуғыншылыққа тағайындайды. Қалғандары әр жерге тұрады.<br>Тәрбиеші 1-2-3 қу дегенде қуғыншы қуады, қалғандары қашады. Қуғыншы қол тигізген бала шетіне шыға береді. 3-4 бала жиналғанша қуады. Содан соң ойын аяқталады. Қайта қуғыншы дайындалады.<br>Ескертетін жайт: Қуғыншы басқа балаларды айыру үшін қуғыншыға белгі беруі керек. Қолына лента немесе киім кигізу ( бөлек ) т.б | **Картотека№14**<br>**« Өрмекші мен шыбындар »№25**<br>Жүрісі: Бұл ойында бір баланы өрмекші етіп тағайындайды. Қалғандары шыбын болып ызыңдап шашырап ұшып жүгіріп жүреді. Тәрбиеші өрмекші келді деп сигнал бергенде балалар әртүрлі пішін жасап қатып қалады. Көзін жұмып аузын ашып т.б. бет әлпетін түрлі етіп тұрып қалуға болады. Өрмекші келгенде белгілі бір уақытта қозғалмауы керек ( көзі, беті де). Өрмекші қозғалып қойған, көзін қағып т.б. баланы іздеп ұстап алады. Ұсталған баланың бірі өрмекші | **Картотека күз №11**<br>**« Айгөлек »№26**<br>Ойын көгалда, алаңда өтеді. Ойнаушылар көп болса, ойын соншалықты қызық өтеді. Ойнаушылар тең болып екі топқа бөлінеді де арасы 15-20 адымдай қарама-қарсы екі сызықтың бойына қатарға тұрады. Екі жаққа кере созылған бірінің қолдарынан бірі ұстайды. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы бірге көтеріңкі дауыспен өлеңдетіп:<br>Айгөлек-ау, айгөлек,<br>Айдын жүзі дөңгелек<br>Теміршіден дем шығар<br>Үзеңгіден тер шығар<br>Ақ терек пен көк терек<br>Бізден саған кім керек?<br>Екінші топтың ойыншылары жауап береді.<br>Айгөлек-ау, айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек<br>Теміршіден дем шығар<br>Үзеңгіден тер шығар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | болып ауыса береді. | Ақ терек пен көк терек Бізге мұнда Айдос керек. Аты аталған бала жүгірген бетімен шақырған қатардағы ойыншылардың қолдарын жаздырып бұзып өтуі керек. Егер бұзып өте алмай қалса, онда ортаға келіп, өзі қолдарын жаздыра алмаған екі ойыншының ұйғаруымен өнер көрсетеді. Болған соң қайтадан барып тұрады. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | |

Тексерілді: [signature] Адилбекова А.
Ұйымдастырылған іс-әрекетті бала қызығушылығын ескере отырып жазу.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 5 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
***Жоспардың құрылу кезеңі:( 28.10.- 01.11.2024 ж)***
**Тәрбиешілер:** А.А. Ерменова А.С Құсаинова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 28.10.2024ж** | **Сейсенбі 29.10.2024ж** | **Сәрсенбі 30.10.2024ж** | **Бейсенбі 31.10.2024ж** | **Жұма 01.11.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. | Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, демалыс күндері қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту | Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу .Күй қосу. **Бір тұтас тәрбие** | Балалық шақ күйімен қарс ы алу<br>**Бір тұтас тәрбие** | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | «Аңдар қысқа қалай дайындалады?»<br>Міндеті: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеу.<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Қарым- қатынас | «Айырмашылығын тап»<br>Міндеті: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге.<br>Қазақ тілі | «Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру»<br>Балаларға ұзындық туралы түсінік беру. Салыстыруға үйрету. | «Кеңістік»<br>Міндеті: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту. | «Саңырауқұлақтар»<br>Міндеті: Балаларға саңырауқұлақтар туралы түсінік беру.<br>Міндеті:<br>Саңырауқұлақтарды мүсіндеуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | | Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет | Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет | Саусақ моторикасын дамыту. Мүсіндеу Қазақ тілі |
| **Ертеңгілік жаттығу** | ***Маман жоспары бойынша***<br>Маман жоспары бойынша<br>**ҚР. Гимнін орындайды.**<br>Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>**(музыка)**<br>**бейсенбі күні Каражорға биін билету** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Бата беру. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту**. Біртұтас тәрбие.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету. | Шығарма мазмұнын сюжеттің біріздiлігін сақтай отырып,эмоциямен,қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді | Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына ызығушылыққа баулу.Сөздерді | Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту<br>**Математика негіздері** | Геометриялық фигуралардың,көгөністер,жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру,бояуды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді,<br><br>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу **Көркем әдебиет** | дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету **Сөйлеуді дамыту** | | жетілдіру **Сөйлеуді дамыту** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** *Маман жоспары бойынша* | **Музыка** *Маман жоспары бойынша* **Дене шынықтыру** *Маман жоспары бойынша* | **Қазақ тілі** Мен және менің достарым Қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету | **Дене шынықтыру** *Маман жоспары бойынша* | **Музыка** *Маман жоспары бойынша* |
| | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы | **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып:** Терезе алдында не өсіптұр? Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген | **Математика негіздері** **Тақырып:** Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты | **Көркем әдебиет** **Тақырып:** Мақта қыз бен мысық (қазақ халық ертегісі) Ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік | **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып:** Тұқымнан не өсіп шығады Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың сөздік қорларын дамыту. 3. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Шығармашылық: «Құрастыру»**<br>**Тақырып:** Көңілді автобус<br>Қатырғықағазды ортасынан қос бүктеу тәсілі арқылы автобусты құрастыруға үйрету; автобустың ұсақ бөлшектерін үлгіге сәйкес қиып дайындау, сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту; құрылымдық шешімдер таба білуге, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.<br>б) Зерттеушілік мінез-құлық пен жаңаны танысам деген құлшынысын дамыту | өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырып:** Күзгіжапырақтар. Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу | бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Адал дос болуға тәрбиелеу<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** Әдептілік әлемі<br>(өлең оқу)<br>Е.Өтетілеуұлы<br>Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қаты-насын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сю-жеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу | өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту. Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге үйрету<br>\ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Математика негіздері**<br>**Тақырып:** Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру<br>Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№2 серуен**<br>**Ең алғашқы аязды бақылау**<br>**Мақсаты:** табиғатта болатын алауантүрлі өзгерістермен танытыруды жалғастыру: қырау, аяздардың арасындағы байланыстарды себепті-тергеуді жетілдіру; өз еркімен ауа-райын болжауды және жануарлармен өсімдіктерге әсерін көрсетуді үйрету.<br>Қырау – бұл ағаштарда жерде жатқан заттарда пайда болатын жұқа мұз.<br>**Болжам:** Түнде шық көпболса - найзағай да, жауын да болмайды.<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Ұқсайды-ұқсамайды»<br>**Қозғалмалы ойын:** «Ақ қоян отыр»<br>**Мақсаты:** Мәтінді тыңдауға, оқылған сөздер бойынша қимыл жасауға, секіруге, жүгіруге, шапшаң болуға үйрету.<br>**Барысы:** Балалар бір | **Картотека №11 серуен**<br>**Болжамдар бойынша ауа райын анықтау**<br>**Мақсаты:** табиғатты бақылап, қызығушылықтарын арттыруға, зерттеу жасап, талдауды жалғастыру.<br><br>Тәрбиеші балалардың назарын кешірек түскен табиғаттың өзгерістеріне аударады. Балалар күздің Болжамдарын еске түсіреді.<br>**Болжам:** күндіз жылы, түнде суық болса – жақсы ауа-райы болады.<br>**Тақпақ**<br>Жез түсті,<br>Күз түсті<br>Береке салты – Күз<br>Мереке – Алтын күз!<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Ұшады – ұшпайды».<br>**Қозғалмалы ойын:**<br>«Табиғатта қандай өзгеріс болады?»<br>**Мақсаты**: Етістік сөздерді сөйлемде қолдануын | **Картотека №12 серуен**<br>**Тұманды бақылау**<br>**Мақсаты:** күзгі табиғатта болатын өзгерістерді нақтылап, білімдерін жетілдіру.<br><br>Тәрбиеші балалардың назарын таңғы тұманға аударады, олардың пайда болатының себебін түсіндіреді (таңғы және кешкі ауаның қызуында үлкен айырмашылықтар бар). Күзде үнемі тұман болады. Ол судың салқындатылған тамшылары, ауда ілініп қалған. Күн шыққан кезде тұман жерге түседі. Тұман болған кезде заттар дұрыс және алыс көрінеді, сондықтанда көшелерден мұқият өту керек, жүргізуші | **Картотека №13 серуен**<br>**Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:** тірі емес табиғат пен құстардың арасындағы байланыстарды қалыптастыруды жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.<br>Тәрбиеші мен балалар торғайды бақылайды, жүрістері мен сыртқы көрінісіне.<br>**Болжам:** тоғай отырып шиқылдаса жаңбыр жауады.<br>**Мақал-мәтел:**Күннің суытатынын құс та сезеді.<br>**Тақпақ**<br>Торғай отыр томпиып<br>Құйрықтары шолпиып<br>Сауысқаның сақ отыр<br>Жапалағың тағы отыр<br>**Жұмбақ**<br>Құйқылжытып дала күйін, үй ішіне салады үйін<br>(Қарлығаш) | **Картотека №17 серуен**<br>**Адамдардың киімдерін қарастыру**<br>**Мақсаты:** Балалардың өз еріктерінше оқуға, жазуға, үйренген сөздерді дұрыс айтып, рухани байлығын кеңейтіп, күздің белгілерін терең әшкерелеуге тіл мәдениетін жетілдіру.<br>Тәрбиеші баламен бірге қараша айындағы табиғат аясын бақылайды.Өсімдік қалай өзгерген?(олар жапырақтарды құлатты және түс керген сияқты күйде болады)<br>Жәндіктер жоғалды,ауа-райы төмендеді, бірінші қатқақ пайда болды. Құстар адамдардан тұрақтарына қарай ұшып келеді. Бәрін аспан мен бұлт қорғап тұр. Күн қысқарып, түн ұзарады. Адамдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатардағы орындыққа отырады. Тәрбиеші оларға қоян екенін айтады. Және алаңға жүгіруді ұсынады. Балалар тәрбиешіге жүгіріп келеді.<br>Ақ қояным отырып<br>Қозғалтады құлақты . (*бала сөздерді тыңдап, қимыл жасайды)*<br>Кім қоянды қорқытты<br>жүгіріп қашты қояным<br>*(балалар орындарына жүгіріп кетеді*)<br><br><br>**Ауа-райын бақылау**<br>**Қозғалмалы ойын «Тауық қорадағы түлкі»**<br>**Мақсаты:** Балаларды серкірудегі координаттық қозғалыстарын жетілдіру.<br>Ойын алаңының бір шетінде «Тауық қора» белгіленеді.<br>«Тауық қорада» «Ілулі бақанда» (орындықта) «Тауықтар» отырады. Ойын алаңындаңы «Тауық қораға» қарама-қарсы «Түлкінің іні» болады. Қалған жерлер қорған. Ойын жүргізуші | қадағалау.<br>**Болжам:** Ересек балаға допты лақтыру арқылы сұрақ қояды, бала допты қайтарғанда жауабын айтады. Ойынды тақырып бойынша жүргізген дұрыс.<br>**Үлгі:** «Көктем» тақырыбы.<br>-Күн қайтеді?<br>-Жылыйды<br>-Су қайтеді?<br>-Ағады<br>-Қар қайтеді?<br>-Ериді<br>-Құстар қайтеді?<br>-Шиқылдайды, ән салады | жолды кесіп бара жатқан адамды көре алмай қалуы да мүмкін.<br>**Тақпақ**<br>- Бұлт-ау көктен төнесің,<br>Қайдан көшіп келесің,<br>- Мухит үрлесе, желемін!<br>Жел үрлесе желемін!<br>**Жұмбақ**<br>Бар халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ<br>Ұстаған қолдарына таяғы жоқ<br>Күніне талай жерге кетер кезіп<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ<br>(Бұлт)<br>**Дидактикалық ойын** «Керсінше»<br>**Қозғалмалы ойын:** «Ағынды су ортасынан»<br>**Мақсаты:** ойын кезінде әртүрлі заттарды білуге үйрету.<br>**Барысы:** бала орындықта отырады. Тәрбиеші жерге | **Қозғалмалы ойын:** «Құс пен мысық».<br>**Дидактикалық ойын:** Кім қайда тұрады?<br>**Мақсаты:** Балалардың кімнің қайда тұратындығы жайлы, өздерінің қалалары туралы әңгімелей білуге үйрету,сөздік қорларын байыту.<br>**Барысы:** Балалар бірі тиін, қоян, бірі түлкі болады. Тиін талдың артына тығылады, ал қоян бұтаққа. Қоян мен тиін жүгіреді. Белгі бойынша: қауіпті-түлкі! Ол тиін мен қоянды ұстайды.Кім дұрыс орындамаса, сол ойыннан шығады.<br>**Алаңдағы еңбек.** | қалың, жылы киімдерін киіп, құстарын тамақтандырады.<br>Балалар алғашқы қармен ойнайды.<br>**Болжам:** Бұлт қара, қысқа, тез қимылдайды, көпке сақталмайды.<br>**Дидактикалық ойын:** «Иә және жоқ».<br>«Болады не болмайды». (доппен)<br>**Ойын:** «Пішін құрастыр».<br>**Мақсаты:** Баланың ойлану қабілетін қалыптастыру.<br>Бір саппен жүру.<br>«Тоқта» дыбыс беру.<br>Балалар тоқтап, бір пішінді орындайды. Ең әдемі тез болған бала керемет пішінді белгілейді.<br>**Қозғалмалы ойын**:<br>«Қу түлкі». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Түлкі», қалған балалар «Тауық» болады. «Тауықтар» аулада жүргіріп жүреді, жемдерді шоқып, аяқтарымен тарсылдатады. Тәрбиешінің «Түлкі!» белгісі бойынша – «Тауықтар» «Тауық қораға» қашады да, «Ілулі бақанға қонақтайды, қашып үлгермеген ойыншыларды өзінің ініне алып кетеді. Ойын аяқталады. Басқа «Түлкі» сайлап ойынды қайталауға болады. | | арақашықтығы 40см болатындай параллель екі жіпті қояды. «Мынау ағынды су. Сендер одан секіріп өту керексіңдер. Аяқтарың суға малынса, орындыққа отырып, аяқтарыңды кептіресіңдер. Ағынды су түзу бола бермейді, бір жері тар, бір жері кең болады (жіпті қозғайды)». Кең жерден өту үшін тастарды салады. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарғатұрудыдағдыландыру. Асықпайбір-бірін итермейжүрудіүйрету. Топта киетін аяқкиімдерін өзбетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзіқызмететудағдылары, іріжәнеұсақмоториканыдамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуып құрғатып сүртуді үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетінқ алыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, мысық пен күшіктің мүсінін жасау, суретін салу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өзбетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойданқұрастыруға баулу<br>**(Шығармашылық іс-әрекет),**<br>Кітаптарды  қарау, мысық пен күшік туралы әңгімелесу.Ертегіні сахналауға мүмкіндік беру.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Жидектердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізуін ұйымдастыру. **(зерттеу іс-әрекеті)**<br>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық  жұмыстар жүргізуге баулу. **(Шығармашылықіс-әрекет),** | Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша жаттау.<br>**Төрт-түлік**<br>Түйе – малдың үлкені,<br>Жылқы – малдың үркегі.<br>Сиыр – малдың сүттісі,<br>Қой–түліктіңқұттысы.<br>*С.Қасиманов*<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Төрт түлік малдың қалауы бойынша суретін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыру.<br>**Сурет салу** | Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру.<br>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.**Сурет салу** | Ертегілерді үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату.<br>**(еңбекіс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | бейнелеген суреттер мен заттар  (бұйымдар)  бойынша әңгімелер құрастыру | өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айту | өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді | бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастыру | заттарды өз бетінше таңдап, ойдан композиция құрастырады. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №2** | **Картотека №11** | **Картотека №12** | **Картотека №13** | **Картотека №17** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын №28 «Бақалар »** Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды. Балалардың бір тобы шеңберді жағалай тұрады, ал қалғандары алаңның екінші бір жағына орналасқан орындықтарда отырады. Орындықта отырған балалармен бірге тәрбиеші мынандай өлең айтады.<br>Бақалар басы қалтаңдап,<br>Шоршиды жолда талтаңдап.<br>Бақ-бақ, бақ-бақ, бақ<br>Жүгіреді талтақтап.<br>Шеңберді жағалап дөңгеленіп тұрған балалар бақа сияқты секіреді.<br>Өлең аяқталғаннан кейін, орындықта отырған балалар алақандарын соғады ( бақаларды шошытады), бақалар шалшық суға-қызықтан | **Қимылды ойын№29 « Трамвай »** Балалар бір-бірімен қол ұстасып, екі-екіден бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның бір жағында калоннамен сапқа тұрады, жіптің шеті байланған. Тәрбиеші бөлменің кез келген бір бұрышында тұрады, қолында үш түсті: сары, қызыл, және жасыл жалауша. Тәрбиеші жасыл түсті жалаушаны көтереді, балалардың бәрі жүгіреді трамвай қозғалып, жүре бастайды. Балалар тәрбиешіге дейін жүгіріп келеді де жалауша алмаспады екен деп қарайды, егер жасыл жалау көтерілген күйінде тұрса, трамвайдың жүрісі жалғастырыла береді, егер сары немесе қызыл жалауша көтерілсе, балалар тоқтап, жасыл түсті жалаушаның | **Қимылды ойын№30 « Шар жарылды »** Тәрбиеші мен он шақты бала қол ұстаса шеңбер жасап<br>« пф-пф-пф»-деп қолдарын кере шеңберді үлкейтіп кеңейте береді. Тәрбиеші « шар жарылды»-деп дауыстап қалғанда балалар қолдан жібере салып «ой»-деп отыра кетеді. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатып балаларды қол ұстаса шеңбер жасап тұруға үйретеді. | **Картотека №31 « Қараторғай ұялары »** Аланда дөңгелек шеңберлер сызылады: ойнаушылардың санынан біреуі кем болады. Бұл торғай ұялары.<br>Барлық балалар-қараторғайлар. Олар аланда емін-еркін жүгіріп ұшып жүреді. « Үйге қайтыңдар» деген белгі бойынша барлығы ұяларға жүгіреді. Ал, балалардың ішінен біреуі ұясыз қалады. Осылайша ойын бірнеше рет қайталанады. Тәрбиеші ойынның аяқ кезінде ( балалар әлі жүгіріп жүрген кезде) тағы бір дөңгелек сызып қояды. Балалар қайтып оралған кезде, бәрінің де ұясы бар болып шығады. | **Қимылды ойын №32 « Масаны ұста »** Ойнаушылар бір-бірінен қол созымдай жерде дөңгеленіп, ортаға қарап тұрады. Қолына шыбық ұстаған тәрбиеші ортада тұрады. Шыбықтың ұзындығы 1-1,5м, оған картон қағаздан жасалған маса байланады. Тәрбиеші масаны шыбықпен балалардан жоғарылау етіп айналдырып өтеді. Маса үстерінен ұшып бара жатқан кезде, балалар оны ұстауға тырысып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіреді де жүресінен отыра кетеді.<br>Ойын аяқталған кезде, балалар рөльдерімен алмасады. | көтерілгенін күтеді. Егер ойнауға талапкер көп болса, онда аялдама жасауға болады, онда балалар демалып, трамвайдың келуін күтеді. Трамвай аялдамаға жақындағанда, жүрісін баяулатады да тоқтайды, жолаушылардың бірі трамвайдан түсіп, екіншілері мініп жатады. Тәрбиеші жасыл жалаушаны көтеріп: жүруге рұқсат дейді | | | секіреді. Масаны кім ұстаса: « Мен ұстадым»,-дейді. Бұдан кейін тәрбиеші шыбықпен балалардың үстінен тағы да айналдырады. Ойынды қайталап бастар алдында тәрбиеші балаларға 1-2 қадам кейін шегіну керек екенін ескерту керек, өйткені балалар масаны ұстаймыз деп секірген кезде шеңберді аздап тарылтады. Шыбықпен масаны айналдырған кезде, тәрбиеші балалар масаны ұстап алатындай биіктікте, біресе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жоғарылатып, біресе төмендетіп тұруы керек. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну. | Үйде балаға қайшымен қию жұмыстарын ұсыну. | Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

Тексерілді: Ай[illegible] Адилбекова. А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

**Топ:** «Ақбота» ересек тобы

***Жоспардың құрылу кезеңі:( 04.11.- 08.11.2024 ж)***

**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.С Құсаинова

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 04.11.2024ж | Сейсенбі 05.11.2024ж | Сәрсенбі 06.11.2024ж | Бейсенбі 07.11.2024ж | Жұма 08.11.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу<br>Күй сүйемелдеуі, | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Балалардыкүймен қарсы алу. «Қосалқа» **Бір тұтас тәрбие** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелеу.<br>**Қауіпсіздік ережелері** | Орындықтары жинастыр<br>Өз орындықтарын қою, еңбекке баулу<br>**Әлеуметтік дағдылар,өзіне өзі қызмет ету** | Сергіту сәті. ойын.<br>Көңілді әуенмен, өлең шумақтарын қайталау<br>**Коммуникативтік дағдылар** | «Өзім туралы» Өздері туралы айтып береді<br>**Коммуникативтік дағдылар** | «Сиқырлы күз». Күз мезгіліне табиғи материалдан тәрбиешінің көмегімен күздің көрмесін дайындау **экологиялық тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Маман жоспары бойынша **Қ.Р. Гимнін орындайды.**<br><br>Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(музыка)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Бата беру балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Екі затты өлшемі бойынша(ұзын-қысқа,биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>**Математика негіздері** | Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,<br>сөздік қорды байыту<br>**Сөйлеуді дамыту** | Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды,содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету.<br>**Жапсыру** | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,ұқыптылыққа баулу **Сурет салу**<br>**Бір тұтас тәрбие** | Кесектерді алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді(ыдыстар,ойыншықтар) үйрету<br>**Мүсіндеу** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>*Маман жоспары бойынша* | **Музыка(1)**<br>*Маман жоспары бойынша*<br><br>**Дене шынықтыру**<br>*Маман жоспары бойынша* | **Қазақ тілі (1)**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты,сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту жатығуларын жасату | **Дене шынықтыру**<br>*Маман жоспары бойынша* | **Музыка(1)**<br>*Маман жоспары бойынша* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Менің бөлмем» тақырыбында әңгімелесу. Үйде қандай тазалық жұмыстарын жасайды. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануды үйрету **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** бөлмедегі өсімдіктерді уақытылы суару,күтім жасау туралы әңгіме**,** **Бір тұтас тәрбие** | Видео материал көруДенсаулықдегеніміз не? «тазалықдеген не?» сұрағынабалалардыңжауап беруінжетілдіру. Ересектердіңсөзінтыңдауж әнетүсінуінжетілдіру **(сөйлеудідамыту)**<br><br>салынғантазалыққұралдары, сүлгі, тарақ, тісщеткасыныңтүстеріндұр ыстаңдапбояу. **(Сурет салу)** | Денсаулыққа пайдалы дәрумендерді қайдан алуға болады? Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Дәруменге бай көкөністердің суретін таңдауы бойынша салдырту **(Суретсалу)** | Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну**.** «Кірқоймас» мультфилімін тамашалау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? Деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Тазалық құралдары жеке басқа, үйге арналған суреттері арқылы жеке жұмыстарды орындату. **(математика негіздері)**<br><br>дәстүрден тыс сурет салу негізінде (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті бояулармен) таңбалап салу дағдыларын қалыптастыру. Еркінтақырыптшығарм ашылықжұмысжасату **(Сурет салу)** |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербе сқимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұры скиінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұса қмоториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№1серуен**<br>**Күндізгі жарықты бақылау**<br>**Мақсаты:** Тірі емес табиғаттың алауан<br>түрлері туралы білімдерін жетілдіру (бұлт, күн, аспан, су, жаңбыр, қар, тұман); Күннің орналасуымен табиғаттың өзгеруіарасындағы қарым-қатынас орнатуға жетілдіру.<br>Тәрбиеші балалармен бірге күнді бақылайды.. Күн жазды қалай жылытты, қарашада қалай жылытады?<br>Күнделікті күннің жолы: қай жақтан шығады, қайда батады.<br>Аулада және терезеден күннің жарықтануын, орналасуын бақылау. Ауаның төмендеуін және жарық күннің арасындағы байланысты орналастыру.<br>**Болжам:** күн тез шығып, жылы болса – ауа-райы өзгереді.<br>**Мақал-мәтелдер:** қараша айында қар бораса – нан көп болады.<br>**Жұмбақ:**<br>Күндер қысқарады, түндер | **Картотока №2 серуен**<br>**Ең алғашқы аязды бақылау**<br>**Мақсаты:** табиғатта болатын алауантүрлі өзгерістермен танытыруды жалғастыру: қырау, аяздардың арасындағы байланыстарды себепті-тергеуді жетілдіру; өз еркімен ауа-райын болжауды және жануарлармен өсімдіктерге әсерін көрсетуді үйрету.<br>Қырау – бұл ағаштарда жерде жатқан заттарда пайда болатын жұқа мұз. **Болжам:** Түнде шық көпболса - найзағай да, жауын да болмайды.**Дидактикалық ойын** «Ұқсайды-ұқсамайды»**Қозғалмалы ойын:** «Ақ қоян отыр»<br>**Мақсаты:** Мәтінді | **Картотека№3 серуен**<br>**Ауаның қызуының өзгеруін бақылауМақсаты:** Күздің белгілерін жүйелеп, сипаттау туралы білімдерін анықтап; ауа райын анықтауға өз алдына үйрету; балалардың байқағыштығын жетілдіріп, ойлағыштық қабілетін дамыту.Күннен күнге ауаның қызуы төмендейді, суық болады. Бұл құбылыс күнге байланысты күн жәй жылытады, жерді ауаның жылытады, сондықтанда суық болады.<br>**Болжам:** Қараша айында ауа-райы қалай болса – сондай ауа-райы мамыр айында болады;<br>**Мақал-мәтел:** Қараша | **Картотека№6 серуен**<br>**Аспанды бақылау**<br>**Мақсаты:** балаларды аспанның әдемілігін көріп айтуға, тілдік қорын дамытып, қызығушылықтарын арттыру.<br>Тәрбиеші балалармен бірге күзгі аспанды бақылайды. Күзде кешке аспан жиірек боз, жылдам орын ауыстыратын жабулы ауыр жаңбыр немесе қар бұлттарымен аласа жаппай болып көрінеді. Олкөңілсіз болып көрінеді.<br>**Болжам:** күндіз ыстық, түнде салқын болса - жақсы ауа райына; басқаша айтқанда аспан қарашада жылайды, жаңбырдың ізімен қыс келеді.<br>Күзде таң сұр, | **Картотека №7 серуен**<br>**Қара бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты:** тірі емес табиғат туралы білімдерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.Тәрбиеші балалармен қара бұлттарды бақылайды. Аспан қара бұлттармен жабылған. Қара бұлт деген не, қайдан пайда болады? (Қара бұлт, көптеген бұлттардың жиынтығынан пайда болады. Жел бұлттарды қозғағанда, олардан қара бұлт пайда болады, олар судың тамшысынан тұрады. Сондықтан аспанда бұлт пайда болса, жаңбыр немесе қар |

| | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту:күндіз-түнде,таңертең-кешке. **Математика негіздері** | топта(терезенің алдына шықпау,розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру | Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. **Сөйлеуді дамыту** | Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету **Математика негіздері** | Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру ( маман жоспары бойынша)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша) Дене шынықтыру ( маман жоспары бойынша)** | **Қазақ тілі** Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап,әңгімелесе білуге баулу. Жемістермен көкөністер жақсы өсу үшін не қажет? -Олар жылуды қайдан алады? -Күн қандай пішінге ұқсайды? - Күннің түсі қандай? Олай болса балалар біз «Күн» жасайық. Тәрбиеші сары түсті дөңгелекке қыстырғыштарды қыстыру арқылы күн бейнесін жасап көрсетеді. Балаларға күн бейнесін жасауды ұсынады. | **Дене шынықтыру ( маман жоспары бойынша)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар шеңбер болып отырады. Терезеге қарап, ауа райының өзгерісін айтады. Ауа райы әртүрлі болады, бірде күн ашық болады, бірде жаңбыр немесе қар жауады.**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Тәрбиеші: - Қолымыздан ұстап дөңгелене ұстайық. Біз қазір неге ұқсадық?<br>Балалар: Күнге.<br>Тәрбиеші: Балалар қалай ойлайсыңдар бізге күн не үшін қажет?<br>Күн әлемге жарық беріп, шуағын шашады.<br>Күннің пішіні қандай?түсі қандай?**Математика негіздері,сөйлеуді дамыту**<br>Жайпақ ыдысқа сары түсті бояуды дайындап аламыз; | **Сөздік қор. Д/ойын «Сиқырлы қоржын»**<br>-Балалар, алма, алмұрт, жүзім,өрік қайда өседі?<br>-қызанақ, қияр, асқабақ, картоптар қайда? | Бұлт туралы<br>Ақсың, сұрсың қарасың<br>Қалқып қайда барасың ?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.**Көркем әдебиет**<br>Енді балалар бұлттар әлеміне саяхатқа шығайық. Ол үшін орнымыздан тұрып, қолдарымыздан ұстап, көзімізді жұмып елестетейік. Біздер ұшаққа мініп аспанда ұшып келе жатырмыз. Аспанда мақтадай үлпілдеген бұлттар өтіп бара жатыр. Бұлттар әр түрлі пішіндерге қоянға, геометриялық пішіндерге ұқсайды екен. Енді балалар парашютпен жерге секіреміз. Ал астыға қарайықшы астыдан нені көріп тұрсыңдар? – жер, су, ағаштар. Бұл біздің туған жердің байлығы, Табиғат қандай әдемі! Туған жеріміздің табиғатын | **Ұлттық құндылық** ойын: (жұптық жұмыс)<br>«Алаша құрастыру»<br>Шарты: Бөліктерге бөлінген суреттерден алаша құрастыру.<br>«Оюлардың көлеңкесін тап»<br>Шарты:Оюлардың көлеңкесі берілген ,оюларды көлеңкесіне қарай орналастыру.<br>Ауа не үшін қажет деп ойлайсыңдар?<br>- Дұрыс.<br>- Ауа-ең алдымен тыныс алу үшін қажет. Тыныс алған кезде өкпеге ауа барады. Ауаның көлемі болмайды және көрінбейді. Ауа, бұл – жел. Желдің бармайтын жері жоқ. Жазда ыстық жел, ал қыста суық жел соғады. Балалар ендігі тәжірибе біз ауаға | Жаңбыржауды — тырс², Боранmicроқты— гу², Желтұрды — ыли², Найзағайойнайды — тарс-тұрс.**Көркем әдебиет**<br>«Күн мен түн».<br>Шарты:балаларға «күн» дегенде, оларқолдарынашып, дөңгелекжасайды, ал «түн» дегенде, оларұйықтағанболады<br>**дене шынықтыру**<br><br>Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғат та өзгереді. Мысалы: Жаңбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат құбылыстары.Қоршаған ортамен танысу<br>Бұлттың түсі қандай?пішіні ше?<br>**Математика негіздері** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Бояуы бар сары түсті ыдысқа алақанды толықтай малып,алақанды альбом бетіне әртүрлі бағытта саламыз.**Сурет салу** | | қастерлеуіміз, қорғауымыз керек.**Қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту** | жасаймыз.**Сөйлеуді дамыту**<br>Алайда, шар немесе допқа жел толтырсақ ауа белгілі бір көлемге толады. Шарды үрлеп ыдыстағы суға саламыз.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Сызықтармен ауада желді бейнелу.**сурет салу**<br>**Тілді жаттықтыру.**<br>У-у-у-у су<br>Ел –ел- ел – жел<br>Ау-ау-ау-ауа<br>Үн-үн-үн-күн<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Ауасыз тіршілік жоқ<br>Жел ауаның қозғалысы.<br>Күзгі жел туралы бейнені желімдеу<br>Жапсыру | |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Картотека 20**<br>Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау<br>*Бақылау*<br>Салқын біліне бастағанда құстар үйлерді паналайды. Олар адамдарға қор іздеп келеді. Құстың сыртқы түрі мен оның қоректенуіне, қозғалыстары мен өмір сүру қарекетіне көңіл аудару. Балалар бойында құстарға деген, сондай-ақ достарына, табиғатқа деген қамқорлық қасиеттерін ояту.<br>*Көркем сөз*<br>Торғай отыр томпиып, Құйрықтары шолтиып. | **Картотека 21**<br>Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек, шырша, шетен ағашы, қарағаш)<br>*Бақылау*<br>Балаларға аулада өсіп тұрған ағаштарды айыра білге үйрету. Күз айында ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін сұрау? Жапырақты және қылқанды ағаштар туралы түсіндіру. Балаларға ағаштарды күтуге, олардан табиғат сұлулығының көркін сезінуге тәрбиелеу.<br>*Көркем сөз* Көше бойы аралас, | **Картотека 20**<br>Аула тазалаушының еңбегін бақылау<br>*Бақылау*Балалар назарын балабақша ауласының тазалығына аудару. Балабақша тазалығы аула тазартушының міндетінде. Күзде жерге жапырақтар көп түседі, аула тазартушы айналаны жиі түскен жапырақ қалдықтарынан тазартуы қажет.<br>Аула тазалаушының ауланы қандай құралдарды (сыпырғыш, күрек, қоқысқа арналған контейнер) пайдаланып тазалайтынын бақылау. Балаларды аула тазалаушының жұмысын жеңілдету үшін балабақша ауласын таза ұстауға көңілдерін аудару.<br>*Көркем сөз*<br>Жақсы жерге жүреді, Жаман жерде жатады. | **Картотека 23**<br>Таяудағы көшелерді бақылау<br>*Бақылау*<br>Көше туралы білімдерін кеңейту. Балаларға көшеде көлік қозғалысының көптігін ескерту. Жолда жүру ережелерімен танысуды жалғастыру: бағдаршам дабылдары, жаяу өткелдер туралы білімдерін бекіту, көше мен тротуар жолдарын айыра білуге үйрету. Көшеде өздерін қалай ұстау керектігін түсіндіру.<br>*Көркем сөз*<br>Бас көшеде қырағы, Үш көзді дәу тұрады. «Бұзба көше тәртібін, Ашса кезек үш көзін, Ұрынасың апатқа» | **Картотека 24**<br>Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.<br>**Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру **.**<br>**Еңбек** : « Біздің ойыншықтар » .<br>**Мақсаты:** Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Тақпақ: « Құстар қайтып барады » .<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сауысқаның сақ отыр, Сары шымшық тағы отыр<br>**Ырымдар**<br>Сары шымшық үйге ұшып қонса – қыс мезгілінің жақындағаны.<br>Торғайлар орыннан орынға ұша берсе көп ұзамай жел тұрады.<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны*<br>**«Аққулар мен қаздар»**<br>Балалардың тірек-қимыл әрекеттері мен сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>*Еңбектену әрекеті*<br>**Құстарға арналған азық дайындау**<br>Балалармен бірге құстарға азық жинау (шұңқыр түбі, орындар). | Қаптап өскен қарағаш. Жемісі жоқ болса да, Саясы көп дара ағаш (А. Шаяхметов)<br>Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап. Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Салқын түссе шешіліп, Қалады өзі жайрап. (Ағаш)<br>**Ырымдар**<br>Егер де қайың ағашының жапырақтары жоғарыдан бастап сарғайса күз ерте түседі, ал төменнен болса – кеш түседі.<br>Шетен ағашының жемісі көп болса – жаз жаңбырлы және қыс қатты болады, аз болса – күз құрғақ болады.<br>*Қимыл - қозғалыс* | (Сыпырғыш)<br>**Мақал-мәтелдер**<br>Еңбек түбі – береке<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны*<br>**«Айгөлек»**<br>Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, ауызша дабылдар (есімдері) бойынша әрекет ету.<br>Сапқа тұрғызу.<br>*Еңбектену әрекеті*<br>**Аула тазалаушыға көмектесу**<br>Әр баланың күші мен мүмкіндігіне байланысты жұмыс бөлу. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*<br>**«Жұмыс жасау үшін не қажет?»**<br>Түрлі кәсіп иелеріне қажетті құрал-саймандар туралы балалар | (Е. Елубаев) Айтты деп біл үш сөзін. Тоқта, Сақтан, Жол ашық. Жүрме жолға таласып. Қызыл көзін ашқанда, Сабыр сақта, баспа алға. Сары көзін ашқанда Қарап қалма аспанға, Жасыл көзін ашқанда, Жүре берген жасқанба. (Ә. Табылдиев)<br>**Мақал-мәтелдер**<br>Сақ жүрсең, сау жүресің.<br>Бір күндік жолға шықсаң, үш күндік жол азық ал.<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны*<br>**«Өз орныңды тап»**<br>Балаларды алаңда түрлі бағыттарда жүгіруге үйрету. Бағдаршам белгілері мен дабылдарын жаттату.<br>*Еңбектену әрекеті* | Қазан толы<br>Дәулет қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол сызып,<br>Құстар қайтып барады.<br>**Қимылдық ойын: « Жүзік салу »**<br>**Мақсаты:** Зейін қойып тыңдауға үйрету.<br>**Қимылдық ойын:** « Сымсыз телефон » .<br>**Ойын барысы:** Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Азықтарды нығыздап байлау, жүктелген жұмысқа жауапкершілікпен қарау.<br>*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар.*<br>**«Сипаттауына қарап құсты анықта»**<br>Балаларға түрлі құстарды салу арқылы жаттығу жасату, суреттеп бейнелеуден оларды бірден табу. Өзара сөйлесу дағдыларын дамыту.<br>*Өзіндік әрекет*<br>Ойын барысында балаларды достық, ұжымдық қарым-қатынас мәдениеті мен ережелеріне үйрету. | *ойыны*<br>**«Аталған ағашқа жүгіру»**<br>Сыртқы көріністері ұқсас бола тұрса да ағаштардың айырмашылығын табу, қандай ағаш аталды, және сәйкес келсе «*бір, екі, үш – жүгіреміз біз!*» деп дабылмен жүгіру.<br>*Еңбектену әрекеті*<br>**Құстарды қыста тамақтандыру үшін ағаш дәндері мен талдарын жинау**<br>Балаларды жұмыс жасай білуге үйрету, ол еңбектің мәнін түсіндіру.<br>*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар.* | білімдерін бекіту.<br>*Өзіндік әрекет*<br>Құрылыс салуға (үй, кеме) қажет заттарды жинауға үйрету; ойын барысында табиғи материалдарды (құм, су және т.б.) қолдану. Балалар ойынының тақырыбы мен мазмұнын дамыту. | **Кептіруге арналған өсімдіктерді дайындау және жаю**<br>Қағазға жиналған өсімдіктерді ұқыпты жаю. Тәрбиешілермен бірге олады құралға бекіту. Ұқыптылыққа, бастаған істі соңына дейін жеткізуге үйрету, әдетке айналдыру.<br>*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*<br>**«Бұл қандай белгі?»**<br>Жол белгілерін айыра білуге және дұрыс атай білуге үйрету.<br>*Өзіндік әрекет*<br>Балалардың ойын барысында бір-бірімен араласу қабілеттерін іске асыру, өз әрекеттерін айтуға, ойларын | соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Тығылыспақ<br>2. Әткеншек тебу.<br>**Тренинг:** « Құс болып ұшайық » . |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *Тәжірибе жасау.* Түрлі ағаштардың жапырақтарын қарау, ұстау, көру арқылы ағаш жапырақтарының кедір-бұдыр ма әлде тегіс пе екенін анықтау.<br><br>*Түйін.* Ағаштардың жапырақтары әр түрлі.<br><br>*Өзіндік әрекет*<br><br>Ойынды ұйымдастыру кезеңінде (бастапқы және ойын барысында) балаларға роль таңдаудың, біреуге көмек жасау, қамқорлық көрсету, қиындықтан құтқару, тосқауыл болудың мәнін түсіндіру. | | білдіруге үйрету, құрбысының ұсынысына келіспеушілік танытуда әсіресе, рольдерді, ойыншықтарды, міндеттерді бөлген кезде өз ойларын дәлелмен жауап беруге дағдыландыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыруБір тұтас тәрбие</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүртуді үйрету.(мәдени-гигиеналықдағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті</td><td>Күннің бейнесін топқа бөлу арқылы құрастыру,мүсіндеу және жабыстыру<br>Құрастыру,жапсыру,мүсіндеу.<br>Күн төккен нұрынан</td><td>Жарайсыңдар балалар, ал енді <u>«Күн мен жаңбыр» деген ойынды ойнайық.</u><br><u>Ойын шарты</u>: Мен сендерге күн</td><td>Бұлттың бейнесімен жұмыс,шығармашылық дағдыларды дамыту.<br>Мүсіндеу,жапсыру, сурет салу<br>Ойын:"Жақсы -жаман" ойынын ойнайық.</td><td>Балалардың қалауы бойынша шығармашылық жұмыстар<br>Күн – жылылық көзі<br>Су – тіршілік көзі<br>Ауасыз тіршілік жоқ</td><td>Гүлдің бейнесін жабыстыру,суретінсалу,құрастыру,мүсіндеу<br>Гүлде табиғаттың бір бөлшегі,түсі қандай? Көлемі қандай?Математика</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Биік болып өсеміз. Денемізді тік ұстап, Дөңгелене билейміз.**Көркем әдебиет**<br><br>Көңілді күн сергіту сәтін қосу**Музыка** | дегенде сендер жүгіресіңдер, серуендейсіңдер, ал жаңбыр дегенде қолшатырдың астына тығыласыңдар жақсы ма?<br>**Дене шынықтыру**<br>Сызықтар арқылы судың бейнесін салу<br>**Сурет салу.** | Ойын ережесі: "Жақсы-жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап "Жақсы" қасиет болса қол шапалақтау "Жаман" қасиет болса тып-тыныш отыру.Гүлдерге су құю<br>Ағаштарды сындыру<br>Құстарға жем беру<br>Құстың ұясын бұзу<br>Гүлдер жұлу<br>Құстарға ұя жасап беру**Қоршаған ортамен таныстыру** | Жел ауаның қозғалысы.<br>**Зерттеу**<br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>Кескен болам кесілмейді,<br>Кесілсе де бөлінбейді.<br>(Су )<br>Балалардың алдында екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан көрінетінін қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Су бар ыдыстан қасықты көруге болады, ал сүт тұрған ыдыстан қасық көрінбейді.<br>«Су мөлдір ал сүт мөлдір емес».<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Су қандай?түссіз,сұйық, сылдыр екенін көрсету | **негіздері**<br><br>Су тамшыларын жабыстыру<br>**Жапсыру**<br>Су тамшысын ермексаздан мүсіндеу және пазлқұрату<br>**Мүсіндеу,құрастыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сылдырайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен, әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайын,<br>Тазалықтың досы,су. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, жаттығулардың орындалу ретін сақтауға үйрету | түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүргізу | өздігінен түрлі ойындар ойнайды, ойын ережелерін сақтап үйрету. | денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, жаттығулардың орындалу ретін сақтайды | сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қ/О «Қуыр-қуырқуырмаш»<br>Еркінойындар<br>Жеке әңгімелесулер<br>Көңілді ән қосып, дене қыздыратын би билету<br>**(музыка)** | Қ/о «Сақина жасыру».<br>Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауын дамыту.<br><br>Балалардың дербес әрекеттері | Кітаптан ертегі қарату.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».<br><br>Балалардыңдербесәрекеттері<br>Еркінойындар | Желді, құстардыбақылату.<br>Өзгешеліктердібайқату. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Қ/о «Қуыр-қуырқуырмаш» | Қ/О «Сақина жасыру»<br><br>Балалардыңдербесәрекеттері<br><br>Еркін ойындар<br><br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әңгімелесу<br>Балалардың дербес әрекеттері |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Бала тілінің дамуы жайлы әңгіме | Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме | Бала денсаулығы мен тазалығы жайлы әңгіме | Баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгіме | Баланың қандайдағдыларды меңгере алмай жатқаны туралы әңгімелесу |

Тексерілді: Ашимбекова А.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (02.12. – 06.12.24жж)
**Тәрбиешілер:** А.А. Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 02.12.2024ж** | **Сейсенбі 03.12.2024ж** | **Сәрсенбі 04.12.2024ж** | **Бейсенбі 05.12.2024ж** | **Жұма 06.12.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Табиғат бұрышындағы еңбек. Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектеседі.табиғат бұры шында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту. **Қоршаған ортамен танысу,экологиялық мәдениет** | «Шар және цилиндр».Геометрия лық денелерді танып, атап үйренеді. « Қандай пішін жетіспейді?» **Математика негіздері** | Әңгіме: « Менің тобым»Д/о: «Жаман-жақсы» сөздерді салыс тыру арқыллы әңгіме құра алады. **Коммуникативтік дағды** | Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін айтады.**Қоршаған ортамен танысу, экологиялық тәрбие** | Асықты белгілі бір биіктіктен лақтырып, оның тік тұрған күйінде түсуін мақсат етеді. Егер асық "омпы" түссе, ойыншы ұтысқа ие болады.**Бір тұтас тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Маман жоспары бойынша<br>**Қ.Р. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.**(музыка)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. | Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. | Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. | Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып Салыстыруды пысықтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)** | **Дене шынықтыру(маман жоспары бойынша) Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>. | **Қазақ тілі**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. | **Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)** | **Музыка(маман жоспары бойынша** |
| | «Шеберін-ай Аяздың!» М. Жаманбалинов<br>Шеберін-ай аяздың:<br>Суреттерді әр үйге,<br>Әйнектерді қағаз ғып,<br>Әйнектердің бәріне,<br>Әшекейлеп қойыпты,<br>Түнде салып береді,<br>Бірнеше ою ойыпты<br>Көзі қалай көреді?<br>Тақпақты жаттату, Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Қыс туралы жаңылтпашты қайталап айтуын ұйымдастыру | «Үш аю», «Түлкі мен тырна » ертегілерін естеріне түсіру. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Геометриялық | Ересек адамдарға біз қалай көмектесеміз? Мысалы анамыз бен әжемізге? Балалардың пікірлерін тыңдау. Қыс мезгілінде ата аналарына қалай көмектесуге болатын бейнеленген суреттер бойынша толықтырып әңгімелету. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Ойын «Тілді жалпақ қыл»<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Д/О**«Ретімен орналастыр»<br>**Мақсаты:**Балалардың | Ұлттық ыдыс-аяқ, тостағанды әшекейлеу.<br>Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен таныстыру. Бұл ыдыстарды тұрмыста тұтынатыны туралы балаларға түсінік беру. Тостағанды дәстүрден тыс жолдармен әшекейлеуді үйрету. Балалардың саусақ икемдіктерін қалыптастыра отырып, суретке | Торғайларды қорға.<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды,<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар)<br>Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** Терезеге қарап, аяздың салған өрнектерін салу, балалардың қалауы бойынша бояу немесе қаламдарды пайдалану. **(сурет салу)** | фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету Ермексаздан фигураларды жасату**.** **(математика негіздері)** | Ойлау қабілетін дамыту. **Шарты:**1 ден 5 кедейінгі сандар жатады.Балалар сол сандарды ретімен орналастыруы керек. **(математика негіздері)** | деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамдарын бекіту. **Ұлттық құндылық** | айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.) Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер) Торғайлар қыста немен қоректенеді? (дәндермен, қалдықтармен.) Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.) **сөйлеуді дамыту** «Ғажайып қоржын» ойынын ойнату. Қоржынның ішіндегі геометриялық пішіндерді сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау. Атауын айту дағдысын дамыту. **(математика негіздері)** |
| **Екінші таңғы ас** | Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **№1 Серуен – жаңалық**<br>Тақырыбы: «Қыс келді»<br>Мақсаты: Балаларға қыс туралы түсінік беру жыл мезгілінің ерекшелігін айтуға көргендерін дұрыс айта білуге үйрету.<br>Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу .<br>Барысы:<br>І. Балаларды серуенге шығарып , ауа-райына назарларын аудару.<br>- Бүгін қыстың 1-ші күні.<br>- Ауа-райы қандай ?<br>- Қыста адамдар қалай киінеді ?<br>Қыстап қалған құстарды атаңдаршы ?<br>ІІ. Балалар, мына жұмбақты шешіп көріңдерші.<br>Жұмбақ.<br>Далада қар борайды ,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады – қатады<br>Жып – жылтыр боп | **№2 Серуен - бақылау**<br>Тақырыбы: «Ағаштарды бақылау»<br>Мақсаты: Қыс мезгілінің түсуімен ағаштарды қырау басқанын қыс бойы ағаштар демалып , көктем мезгілінде оянатынын, тек шырша ағашы ғана ешбір, өзгеріссіз сол қалпында қалатынын түсіндіру, тілдік қорын дамыту.<br>Барысы:<br>І. Балаларды балабақша ауласына саяхатқа шығару.<br>Балабақша маңындағы ағаштарды бақылау.<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі ?<br>- Қыс айларын атайықшы.<br>- Бүгін ауа-райы қандай ? | **№3 Серуен – жұмбақ**<br>Тақырыбы: «Серуен-жұмбақ»<br>Мақсаты: Балалардың ой-өрісін, зейінін, тіл қорын дамыту, тапқырлыққа үйрету.<br>Барысы:<br>І. Бүгінгі ауа райын бақылау. Аспанды бақылату.<br>ІІ. Қыстың ерекшелігін әңгімелету, қыста болатын құбылыстарды түсіндіру және жұмбақтар жасыру.<br>Жұмбақтар:<br>Қыста ғана болады<br>Ұстасаң қолың тонады.<br>(Қар)<br>Жаззда қыдырады, қыста тынығады.<br>(Аю)<br>Орманда турады , өзі бір қу,<br>Жүрген жері айқай мен шу.<br>(Түлкі)<br>Орғыған қорқақ, көзі қыли, | **№4 Серуен - ізденіс**<br>Тақырыбы: «Кішкентай із кесушілер»<br>Мақсаты: Қыстың негізі қар екенін түсіндіре келе қардың жылы жерде еритінін, суға айналатынын, оның жұмсақ, ұлпа қар деп аталатынын айту. Сондықтан қардың бетіне із түсетінін айтып, қар бетіндегі іздерді ажырату. Ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Денсаулықтарын сақтауға тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>І. Бүгінгі ауа райын, қардың жапалақтап түсуіне бақылау жасау.<br>ІІ. – Дала аппақ, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Ағашта ақ. шатырда | **№5 Серуен - өнер**<br>Тақырыбы: «Қылқалам шеберлері»<br>Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің ерешелігін әңгімелеу, айналадығы ағаштарға, ойын алаңындағы құмсалғышқа т.б. бақылау жасату, олардың қыстағы көрінісін әңгімелеу. Қар бетіне қысқы орманның бейнесін бейнелету.<br>Барысы:<br>І. Бүгінгі ауа райын бақылау. Жыл мезгілі жайлы кіріспе сұрақтар қою.<br>ІІ. Жұмбақ шешу<br>Қаптап түсіп,<br>Қатталып жатыр.<br>Қатталып жерде,<br>Тапталып жатыр.<br><br>(Қар)<br>Қардың қасиеттерін әңгімелеу, «қарға із |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатады. (Қар)<br>Дұрыс шештіңдер, қар қай кезде болады?<br>Иә, бізде қыс мезгілі басталды, енді қар жауатын болады.<br>III. Ойын: «Қуаласпақ», «Соқыр теке» .<br>Мақсаты: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын орттыру, көніл-күйлерін көтеру.<br>IY. Еңбек: Ойын елауын қоқыстарын тазалау.<br>Мақсаты: Еңбек етуге, істеген ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету. | - Ағаштарға қараңдаршы , нені байқадыңдар ?<br>Ағаштарды қырау басты , ағаштар қыс бойы демалып, тек көктем мезгілінде оянады. Шырша ағашына қараңдаршы, түсі қандай ?<br>Жапырағы бар ма ? т.б.<br>Жұмбақ.<br>Жапырақсыз сидиып<br>Жабырқаулы бар ағаш<br>Көк шапанын жамылып<br>Құлпырады қай ағаш ?<br>(Шырша)<br>Тікен-тікен тік пісте<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>(Шырша)<br>II. Ойын: «Үйректер мен аңшы» , «Айгөлек»<br>Мақсаты: Ойын шартын бұзбай тату ойнауға үйрету, жылдамдықтарын дамыту. | Қыс пен жазда екі түрлі тон киеді.<br>(Қоян)<br>III.Ойын: «Қояндар мен қасқыр» , «Қаршалар».<br>Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын арттыру, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.<br>IY. Еңбек: Ойын алаңын тазалау.<br>Мақсаты: Топпен еңбек етуге, бір-біріне көмек көрсете білуге үйрету. | ақ,<br>Бұның бәрі неге аппақ?, - деп балаларға ой тастау.<br>Қардың түсі ақ, ол жұмсақ болғандықтан «ұлпа қар» деп аталады. Ол суық, әрі жылы жерде ериді. Қарды жалаңаш қолға ұстамайды. Қар жұмсақ әрі жеңіл болғандықтан онда әртүрлі іздер қалады.<br>III. Д\О «Бұл ненің ізі?»<br>Қардағы құстардың, аңдардың (ит, мысық, т.б ) іздерін салыстырып, ажырату.<br>Д\О «Бұл кімнің ізі?<br>Енді өздерінің ізін қарға салып, іздерін салыстырып, қандай екенін әңгімелеу.<br>IY. Белгіленген жерге қарды күрекшелерімен күреп, үю.<br>Аяқтарын, қолғаптарын қағып, | қалатынын білесіңдер» деп алып шыққан таяқшаларымен қар бетіне қысқы құбылыстардың бейнелерін салғызу. (Сурет салу кезінде әңгіме жүргізіп отыру).<br>III. Д\О «Дұрыс қайтала» Жаңылтпаш «Боран болар, боран болар,<br>Боран борар, жол орар».<br>IY. Белгіленген жерге қар үю.<br>Аяқ – қолдарын қағып, саппен топқа оралу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | III. Еңбек: Ауланы қоқыстардан тазала | | сапқа тұрып топқа қайту. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысин қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. Су-джок доптарымен жаттығу жасату.**(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Күзде кептіріп қойған өсімдіктерді жапсырып, оның біріне қырауды бейнелету. Жапсыруда бірізділікті ескере отырып, жапсыру дағды | Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, қысқы табиғат | Балаларды орталықтарға бөлу. Далада жасаған аққалаларын қағаздан қиып жапсыруды үйрету. | Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Қысқы көліктер | **Зерттеу тақырыбы: Су мен тұздың қасиетін зерттеуМақсаты:**Балаларды судың қасиеттерімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ларын қалыптастыру **(жапсыру)**<br>Ақ түсті ермексаздан далада қардан құрастырылған қамалдарды жасату. **(мүсіндеу)**<br><br>«Кім тез жинайды» ойыны арқылы. топтағы ойыншықтардан жиын жасату.<br>**(математика негіздері)** | тақырыбында композиция құрастыруды үйрету **(құрастыру)**<br>Кітаптардан қыс мезгілі туралы суреттерді қарату. Суреттер бойынша ойдан ертегі құрастыруға мумкіндік беру арқылы ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру **(Сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша «Түлкі мен ешкі» ертегі желісі бойынша шығармашылықпен жұмыстар жасауын дамыту.<br>**(жапсыру және сурет салу, мүсіндеу)** | **(жапсыру)**<br>Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беруді жетілдіру. Қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет салдыру.<br>**(сурет салу)**<br><br><br>Аққаланың мүсінін жасату **(мүсіндеу)** | туралы білімдерін жетілдіру. Шана шаңғы туралы не білетіндерін сұрау.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>Шананы мүсіндеуде. бірнеше бөліктердің пропорцияларын сақтау, бөліктерді біріктіру және орналастыруды, қолдануды үйрету.<br>**(мүсіндеу)**<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композиция құрумен қар жауып тұрған кездегі аққаланың суретін салу.<br>**(сурет салу)** | таныстыру, тұздың суда еритінін тәжірибе арқылы көрсету және зерттеу арқылы балалардың қызығушылығын, ойлау қабілетін дамыту.**Міндеттері:**Балаларға тәжірибе жасау арқылы жаңа білім беру.Зерттеу кезінде бақылау, салыстыру дағдыларын дамыту**.**<br>Табиғат құбылыстарына қызығушылығын арттыру.<br>Ұқыптылыққа және қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу**.**<br>**Қажетті заттар:**<br>Таза су<br>Тұз<br>Мөлдір стақан<br>Қасық<br>Жұмыртқа<br>**Жасалу жолы:**<br>Бір стақанға таза су құямыз.<br>Судың ішіне жұмыртқаны саламыз.<br>Жұмыртқа түбіне батады.<br>Екінші стақанға су |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | құйып, оған бірнеше қасық тұз қосып араластырамыз. Тұз толық ерігеннен кейін сол суға жұмыртқаны саламыз**.** Бақылаймыз: жұмыртқа тұзды суда қалқып шығады. **Қорытынды:** Балалар тәжірибе арқылы тұздың суда еритінін және тұзды судың тығыздығы жоғары болғандықтан жұмыртқаны батырмай, қалқытып ұстайтынын түсінеді. Зерттеу барысында балалар бақылап, салыстырып, табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейтеді. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Елтаңбасы елімнің Қандай әйбат әдемі Тұнығындай көңілдің Ортада аспан әлемі **Мақсаты:** тілдерін қабілетін дамыту. **Сөйлеуді дамыту)** | Көк байрағы бабамның Бүгінгі ұрпақ алауы Тірегі әке- баланың Қазақстан жалауы **Мақсаты:** тілдерін қабілетін дамыту. **(Сөйлеуді дамыту))** | Әнұраны елімнің Шақырады бірлікке Егеменді халқымның Болашағы бірлікте **Мақсаты:** тілдерін қабілетін дамыту. **(Сөйлеуді дамыту)** | «Күлгін орман» ойындарымен ойнату. **Мақсаты:**Сұрақ жауап арқылы балалардың тілін дамыту.Ойлау қабілеттерін арттыру. | Топпен жұмыс жасау Өз қиялдарымен қалаған суреттерінсалып, бояу. **Мақсаты:** өз қиялдарына ерік береотырып, өз ойындағысуретті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | елестете отырып сала біледі. **(Шығармашылық-сурет салу)** |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қыс келді қыс мезгілін бақылауДидактикалық ойын<br>«Бұл қай кезде болады?»<br>Жыл мезгілдерінің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау.<br>**(көркем әдебиет)**<br>**Қимылды ойын**<br>**«Не жедің, тауып айт»**<br>Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға | Ағаштарды бақылау<br>Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру.<br><br>Еркін ойындар<br><br>Балаларға кішкентай бөпе мен оқушылардың суреттерін көрсету. Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | Ауа райын бақылау<br>Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру<br>**(құрастыру)**<br>Қимылды ойын<br>«Трамвай» | Бүгінгі ауа райын, қардың жапалақтап түсуіне бақылау<br>Ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту<br>**(музыка)**<br>Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру<br>**(көркем әдебиет)**<br>Еркін ойындар | Қарды бақылау<br>Еркін ойындар ойнату. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Қимылды ойын** «Хан талапай» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Психолог кеңесі. (Жеке балаларға) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | «Көңілді қыс» тақырыбына қолдан жасалған бұйымдардан, суреттерден көрме ұйымдастыру. |

Тексерілді: Аримбекова А.

.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** (09.12. – 13.12.24жж)
**Тәрбиешілер:** А.А. Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 09.12.2024ж** | **Сейсенбі 10.12.2024ж** | **Сәрсенбі 11.12.2024ж** | **Бейсенбі 12.12.2024ж** | **Жұма 13.12.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Әсем әуенмен қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі** | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі** | Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі** | Смайлик арқылы қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі** | Достық тілегімен қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме | Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | «Қағаз бетінде бағдарлау Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлайды **Математика негіздері** | «Менің туған өлкем.» ҚР-ның бас қаласы Астана туралы біледі, балалар меммлекеттік мерекелерге қатысады. **Бір тұтас тәрбие** | Егер адасып қалсам не істеу керек? Көмек шақыру керек пе немесе тұру керек пе? Әңгіме жүргізу,қауіпсіздік ережереліне үйрету **Қауіпсіздік ережелері** | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтй алады **Сөйлеуді дамыту** | Ойын: «Қазақстан қалалары»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,ірі құрылыс материалдарымен ойындар **Құрастыру,бір тұтас тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Маман жоспары бойынша** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау | Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). | Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беруді жетілдіру. | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету. Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** (Маман жоспары бойынша) | **Дене шынықтыру** (Маман жоспары бойынша)<br><br>**Музыка** (Маман жоспары бойынша) | **Қазақ тілі** Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, | **Дене шынықтыру** (Маман жоспары бойынша) | **Музыка** (Маман жоспары бойынша) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жұмбақтар шешкізу | | |
| | Тәрбиеші картаны колына алып,балалар бұл не?<br>Балалар дұрыс айтасыңдар, бұл карта екен.<br>Балалар сендер қандай мемлекетте тұрасыңдар?<br>Барлығымыз да Қазақстан картасына назар аударайық.<br>(Қазақстанның жерін картадан көрсетеді)<br>Міне мынау – Қазақстанның картасы. Кең байтақ Қазақстан. Ол – жерге де, елге де бай мемлекет, себебі Қазақстанда көптеген байлықтар бар: мұнай, темір, көмір, күріш, мақта, астық-бидай.<br>Қазақстанның табиғаты алуан түрлі, жері кең, байтақ.<br>Қазақстан қандай мемлекет?<br>Сендер «тәуелсіз, егеменді» деген сөздерді қалай түсінесіңдер? | Қазақстан туралы видеоролик<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Шығармашылық жұмыс<br>Рәміздер жайлы **құрастыру,сурет салу,жапсыру**<br>Осы Отанымызды елімізді бейбіт жолына, ел тыныштығына бастайтын адамды елбасы дейді.<br>Ендеше осы елбасы кім екенін білу үшін сөзжұмбақ шешіп көрейікші.<br>**1.** Бөлмеге кретің жер?<br>**2**. Қай малдың төлі?<br>**3.** Адамның қандай дене мүшесі?<br>**4.** Қандай ойын құралы?<br>**5.** Уақытты бағыттаушы құрал не?<br>**6.** Ас ішетін құралды не дейміз?<br>**Сөйлеуді дамыту** | Отанды жас кәрімізде,<br>Туған жер деп сүйеміз.<br>Өйткені онда бәрімізде,<br>Туып өмір сүреміз.<br>Әрбір қазақ баласы,<br>Өзім сонда тұрар дер.<br>Бұл қазақтыңдаласы,<br>Ата-бабам туған жер<br><br>Балалар, біздің өзіміздің әнұранымыз, туымыз, елтаңбамыз бар, тәуелсіз мемлекет екенбіз. Біздің бас қала қандай қала?<br><br>Көркем сұлу Астанадан: Ақ орда, Бәйтерек, Думан мен Ханшатыр (ойын-сауық орталықтары) бар. Міне мынау – Қазақстанның картасы. Кең байтақ Қазақстан. Ол – жерге де, елге де бай мемлекет, себебі Қазақстанда көптеген байлықтар бар: мұнай, темір, көмір, күріш, мақта, астық-бидай.<br>Балалар сендер өз елдеріңді сүйесіңдер | **Құрастыру**<br>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандықта не екенін тап?»<br>-Киіз үй бөліктерін ата?<br>-Сандық не үшік керек?-Сырмақ?<br>-Домбыра?-Қамшы?<br>-Кесе?<br>-Торсық?<br>-Қазақтың қандай дәстүрлерін білесіңдер?<br>**(Ұлттық құндылық)**<br><br>**Отан** туралы мақал-мәтел жаттату<br>1.«Отан отбасынан басталады».<br>2.«Жері байдың-елі бай»<br>3.«Отансыз адам-ормансыз бұл-бұл»<br>4«Отан ұшінотқа түс күймейсің»<br>**Көркем әдебиет** | Музыка әуенімен Қазақстан-ның ән ұраны ойналады.<br>Балалар, біздің Отанымыз<br>қалай аталады?<br>Қазақстанның қай ауылында тұрамыз?<br>Біздің ұлтымыз кім?<br>Біздің елімізде кімдер тұра-ды?<br>Музыка әуенімен Қазақстан-ның ән ұраны ойналады.<br>Балалар, біздің Отанымыз<br>қалай аталады?<br>Қазақстанның қай қаласында тұрамыз?<br>Біздің ұлтымыз кім?<br>Біздің елімізде кімдер тұра-ды?<br>Музыка әуенімен Қазақстан-ның ән ұраны ойналады.<br>Балалар, біздің Отанымыз<br>қалай аталады?<br>Қазақстанның қай қаласында тұрамыз?<br>Біздің ұлтымыз кім?<br>Отан дегеніміз |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ал біздің Отанымыздың бас қаласы қалай аталады? **(Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,танымдық-коммуникативтік дағдылар дағдылар,әлеуметтік дағдылар)** Слайдпен жұмыс Мнемеокесте **(Көркем әдебиет, коммуникативтік дағдылар)** | | ме?балалар сендер қай елде тұрасындар? -қазақстанның бас қаласы қай қала? **Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту** Шығармашылық жұмыс Бәйтеректің суретін жапсыру,бояу, құрастыру **Сурет салу,жапсыру,құрастыру** | | не? Балалар, Отан деген сендер тұратын жер, үйлер, халқымыз, бізді қоршаған орта. Енді суретке назар аудар-ыңдар. Мынау елтаңбамыз. Көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақты күн сәулесін-дей айнала уықтар қоршай- Балалар тәрбиешіні зейін қойып тыңдайды. Суретке назар аудара-ды. Мұқият тыңдайды, өз білгендерімен әңгіме-лейді. |
| **Серуен** | **Бақылау «Аппақ қардың, мөлдір суға айналуы»**<br>Еркін ойындар<br>Қардан әр түрлі құрылымдар құрастыруды жетілдіру. **(Құрастыру)**<br>**Қимылды ойын**<br>«Жоғары лақтыр» | **Бақылау: «Су, мұз, бу»**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Шеңберге түсір» | **«Құстардың ұясын бақылау».**<br>Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. **(муызка)**<br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Жалауға қарай жүгір» | **Желдің бағытын айналмақ арқылы бақылау**<br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Поезд» | **Бақылау: «Күнді бақылау»**<br>Шанамен сырғанау.<br><br>Еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».Өз баласын әңгімеге тартуы «Өнегелі 15 минут» | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.<br>«Өнегелі 15 минут» | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу.<br>«Өнегелі 15 минут» | Қимылды ойын «Жасырынбақ»<br>Балаларды шапшаң болуға үйретеді.<br>«Өнегелі 15 минут» | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу<br>«Өнегелі 15 минут» |

Тексерілді: [illegible] Адилбекова. А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 5 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (30.12. – 03.01.24жж)
**Тәрбиешілер:** А.А.Ерменова А.Б. Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 30.12.2024ж** | **Сейсенбі 31.12.2024ж** | **Сәрсенбі 01.01.2025ж** | **Бейсенбі 02.01.2025ж** | **Жұма 03.01.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балабақша әнімен жақсы көңіл күймен қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі** | Қызыл жүрекшемен қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі** | | | Әдемі қуыршақпен қарсы алу Күй қосу,**күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Баланың денсаулығы тәртібі жайлы әңгіме | Баланың балабақшадағы көңіл күйі жайлы әңгіме | | | Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Ойын:"Біз естиярбаламыз" Допты қағып ала отырып, өз бойындағы ерекшелікті айтып, касындағы досына допты береді **Коммуникативтік дағдылар** | Ойын жаттығу: "Дұрыс-бұрыс» Мақсаты: Балалар жаттығуды дұрыс жасап, бұрыс жасаған жерін өздері түзтеді **Дене шынықтыру** | | | Ойын: «Сүйікті ойыншығым» Мақсаты:Балалар әрқайсысы өз ойыншықтарын таныстырып әңгімелейді. **(Еркін ойын)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Маман жоспары бойынша **ҚР. Гимнін орындайды.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>**(музыка)**<br>**бейсенбі күні Қаражорға биін билету** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. | Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру | | | Балаларды әңгіме айтуға үйрету: түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Денешынықтыру** (маман жоспары бойынша)<br><br>Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың үйде жаңа жыл мерекесіне алған сыйлықтарының | **Музыка** (Маман жоспары бойынша)<br><br>**Денешынықтыру** (маман жоспары бойынша)<br><br>Топтағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасату. Олардың қыс мезгіліндегі тіршілігі туралы әңгімелесу. | | | **Музыка** (Маман жоспары бойынша) Ертегі кітаптарын қарау, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту) Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретін салу, мүсінін жасауына жағдай жасау.<br>**(сурет салу, мүсіндеу)**<br>Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру<br>**(құрастыру)** | **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Топтағы өсімдікті немесе жануарды қалауы бойынша мүсіндеу немесе суретін салу.<br>**(мүсіндеу, сурет салу)**<br><br>Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру<br>**(көркем әдебиет)** | | | пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>(мүсіндеу)<br>Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту.<br>(жапсыру) |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | №20 Серуен - ойын<br>Тақырыбы: «Кел, ойланып, табайық»<br>Мақсаты: Балалардың ойлау, елестету, салыстыру қабілеттерін дамыту. Жұмбақтардың шешуін ауладан іздеп, дәл табуға қалыптастыру.<br>Барысы:<br>I - Жыл мезгілі | №21 Серуен ойлау<br>Тақырыбы: Ойлау «Қар неге кір(қара)»<br>Мақсаты: Балаларға табиғатты қорғау керек екенін түсіндіру. Табиғат пен адам арасындағы байланысты көрсету, өз ой-пікірін айта білуге дағдыландыру.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын, | | | №22 Серуен – жаңалық.<br>Тақырыбы: «Тайғақтан абай бол!»<br>Мақсаты: Қыс мезгілінің бір құбылысы – тайғақпен таныстыру. Тайғақ кезде абай болып, дұрыс жүруді ескерту.Ізденіс қабілеттерін дамыту.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай?<br>- Бүгін ауа райы қандай?<br>- Күн қандай?<br>(Күн ашық немесе бұлтты, қар жауып тұр, т.б)<br>- Жел бар ма?<br>(Бағытын анықтау)<br>II. «Кел, ойланып, табайық» жұмбақтар шешу.<br>1. Аппақ, аппақ, ақ мамық,<br>Жатыр жерде тапталып.<br>(қар)<br>2. Шымшып алады қолсыз,<br>Сырғанақ жоқ онсыз.<br>(аяз)<br>3. Екі бірдей қайықта атым,<br>Қарда ғана қарғиды.<br>(шаңғы)<br>4. Қолы жоқ,- сурет салады,<br>Тісі жоқ, - тістеп алады. (аяз)<br>5.Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды.<br>(мұз) | қарды жапалақтап жауғанын бақылау.<br>Кіріспе сұрақтар арқылы жыл мезгілінің ерекше белгілерін әңгімелеу.<br>II. - Балалар қардың түсі қандай болады?<br>- Айналамызда жатқан қарға қарандаршы, аппақ таза қар ма, әлде қара кір ме?<br>- Неге қара?<br>(Өйткені ол кір)<br>-Ол неге кір болды?<br>-Себебі мұржадан ұшқан түтін жерге келіп түседі, адамдардың аяғымен тапталғаннан соң, тағы бір себебі ұзақ уақыт қар жаумағандықтан қар ластанды.<br>III. Қ\О «Көліктер».<br>Сырғанақ тебу.<br>IY. Торғайларға жем шашу.<br>Киімдерін қағып, саппен топқа қайту. | | | бақылау. Желдің бағытын лента арқылы анықтау. Жыл мезгілі, күн райына байланысты кіріспе сұрақтарын қою.<br>II. Балалрмен балабақша ауласында серуендеу кезінде қарды, ағаштарды, құстарды қардағы іздерді бақылап, әңгімелесе отырып, тайғанақты көрсетіп, сұрақтар қою арқылы тайғанақ жайлы айту. Қар күн кішкене жылыса ериді, бірақ түнде қайтадан қатады. (Себебі түнде ауа температурасы төмендейді). Мынадай мұзға айналып, ол тайғанақ болады. Тайғанақ жерде аяғымыз тайғанап, құлап қалуымыз мүмкін. Содықтан ондай жерлермен өтпей, қарлы жермен жүру керек. Егерде осындай жерден өтер болсаңдар ақырын, асықпай жүріп өту керектігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | III. Ойын алаңындағы қарды күреп, ағаштарды астына үю.<br>IY. Ойын: «Қар мен күн»<br>Мақсаты: табиғат арасындағы байланысты көрсету, жылдамдықты дамыту. Өз еріктерімен таза ауада ойындар ойнау. | | | | түсіндіру.<br>III.Еңбек әрекеті. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті** | Шырша түбіндегі ойыншықтармен ойын. Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту. **(математика негіздері**<br><br>Дайын шыршаның бетіне ойыншықтарды таңдап, үйлестіріп жапсыру. Шыршаның түбіне өз қалаулары бойынша ойыншықтар қойғызу **(жапсыру)** | Терезеге қарап бүгінгі ауа райын бақылау. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың (**суретін салу, қағаздан қиып жапсыру**). | | | Балаларға жаңа жылдық ертеңгілікте киген ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аккөңіл-салмақты) ынталандыру. **(көркем әдебиет)** Үш бірдей қорапшаны көрсету. Ішіндегі заттарды санау және салыстыру. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау<br><br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үйрету<br>**(математика негіздері)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытуды үйрету. | Қысқа және ұзын жолақтарды қиюды жетілдіру. | | | Қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастыруға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Бүгін ауа райын бақылау**<br>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?»<br>Жыл мезгілдерінің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын** «Хан талапай» | **Бүгінгі ауа райын, қарды жапалақтап жауғанын бақылау**<br>Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру.<br><br>Еркін ойындар<br>Балаларға кішкентай бөпе мен оқушылардың суреттерін көрсету. Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен | | | **Бүгінгі ауа райын, қарды желді бақылау**<br>Еркін ойындар ойнату. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>(дене шынықтыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ересек боламын»). **(қоршаған ортамен танысу)** | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. «Өнегелі 15 минут» | Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді. «Өнегелі 15 минут» | | | Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу «Өнегелі 15 минут» |

Тексерілді: Адилбекова А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

**Топ:** «Ақбота» ересек тобы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 06.01 – 10.01.25жж

**Апта дәйек сөзі**: «Талап бар жерде тәртіп бар»

**Тәрбиешілер: А.А.Ерменова А.Б. Тлеужанова**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 06.01.2025ж** | **Сейсенбі 07.01.2025ж** | **Сәрсенбі 08.01.2025ж** | **Бейсенбі 09.01.2025ж** | **Жұма 10.01.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **Күй қосу, күй күмбірі.** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу.** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Ғажайып сөздер. Балалар өнегелі сөздерді қайталап айтады. «Қонақ келсе, құт келер» **Қазақ тілі** **Біртұтас тәрбие** | | Бауырсақтарды тәрелкеге орналастыру. **Жапсыру**Дөңгелек пішіннен бауырсақ салу. **Сурет салу**Балалардың қалауы бойынша шығармашылық дағдыларды дамытуға | Дастаханды әшекейлеу,ұлттық оюлармен. **Жапсыру іс-әрекеті** Қағаздан үстел жасау **Құрастыру әрекеті** | Шәйнекті бояуҚасықтарды санау реттік сан есімдерді атау, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту **Математика негіздері** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | арналған жұмыстар<br>**Біртұтас тәрбие**. | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | ***Маман жоспары бойынша.*** Маман жоспары бойынша<br>**ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.**(музыка)**<br>**бейсенбі күні Қаражорға биін билету** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерліліkқұралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. | | Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. | Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту | 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі** | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | | **Қазақ тілі**<br>**Тақырып:** қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға үйрету. | | |
| | Балабақшаның суретін көрсету. Мамандық иелерінің суреттерінен балабақшада жұмыс жасайтын қызметкерлердің суретін таңдау. Оларды балабақшаның қасына тізіп қою. Олардың қандай қызмет жасайтындары туралы әңгімелету.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Аталмай қалып кеткен мамандық иелерін таниды ма сұрау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.<br><br>**(қоршаған ортамен танысу)** | | «Менің қалам» тақырыбында үйлер құрастыру. Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістіктеорналасуын айқындату. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылысшылар туралы ақпарат беру. Балалардың жақындарының арасында құрылылысшылар бар ма сұрау.<br>**(құрастыру)**<br>Мамандық иелерінің киімдерің киіп еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.<br>**(көркем әдебиет)** | Дәрігер<br>Дәрігермін мен деймін,Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін.<br>*Ө.Тұрманжанов*<br>**Құрылысшы**<br>Қолда темір қалағым, Саздан сарай саламын.Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын.<br>*Ш.Садыханов*<br>тақпақтарын жаттау.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Алтын қоржыннан әр түрлі заттар шығару. Оларды салысытыру, санау. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары-төмен, қалың-жұқа).<br>**(математика негіздері)** | Метр өлшеуіш құралын және сызғышты танысытыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету<br><br>**(математика негіздері)**<br>Мен болашақта болатын мамандық жайында әңгімелесу?<br>Неге ол мамандықты ұнатады? Ол қандай киім киеді? Қандай құралдармен жұмыс жасайды? Сұрау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Маманыдық иелерінің суреттерін бояумен бояту.<br>Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүртуді орындату. | | | | |
| **Екінші таңғы ас** | Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Картатека 23**<br>Суықторғайды бақылау<br>Мақсаты:<br>—Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру;<br>—Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру.<br>Бақылау барысы<br>Көркемсөз А. Мендібай<br>Қарағай мен шыршаның<br>Суықтан дені тоңып тұр.<br>Бұл не ғажап қарасаң,<br>Қайыңда алма өсіп тұр! | | **Картатека 25**<br>Бақылау «Қардағы құс іздері»<br>Мақсаты:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау | **Картатека 26**<br>Жеңіл көліктерді бақылау<br>Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін *бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.*<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға»<br>Е.Елубаев<br>Бұзба көше тәртібін, | **Картатека 27**<br>Күн мен түн неге ауысады?<br>Мақсаты:Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.<br><br>Бақылау барысы<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жақын келіп қарасам,<br>Көзіме өзім сенбедім-<br>Алқызыл болып көрінген,<br>Әнші құсы орманның<br>Суық торғай сен бе едің?<br>Тәрбиеші жұмбақ жасырады:<br>Айналаны қар басса да,<br>Суықтан еш тоңбайды.<br>Құс екенін бұл қандай,<br>Қане, кім болжайды?<br>Кеудесі қызыл әсем-ақ,<br>♦Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл)<br>♦Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде)<br>♦Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде)<br>♦Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? (мамыр айында)<br>♦Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта | | ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>♦Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады.<br>Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)<br>Зерттеу жұмысы<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>Еңбек<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>Мақсаты:<br>Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>Жұмысты жоспарлау. | Ұрынасың апатқа.<br>Қызықты өтсін әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа.<br>Көшеден өтер кезінде,<br>Абайлап қара жан-жаққа,<br>Келе жатқан көлікке,<br>Жол бер, өтсін, асықпа!<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br>♦Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br>♦Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)*<br>♦Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)* | өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.<br><br>Балаларға сұрақтар.<br>♦Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)*<br>♦Күн неге батады? *(жер күнді айналады, соныктан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)*<br><br>Зерттеу жұмысы<br>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады.<br>Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аспабының дыбысына- ұяң, мұңды)<br>♦Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай)<br>♦Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен)<br>Зерттеу жұмысы<br>Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар?<br>Еңбек<br>Ойын алаңын қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>Қимылды ойын<br>«Ұшты-ұшты».<br>*Мақсаты*:аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу<br>Жаттығу ойындары<br>«Қапшықтағы жемді жеткіз».<br>*Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру | | Қимылды ойын<br>«Ізбе із».<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..<br>Жаттығу ойындары<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br><br>Халық болжамы:<br>- Қар көп болса, нан мол болады.<br>- Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>- Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>- Қыс аязды болса, жаз ыстық болады | ♦Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)*<br>♦Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)*<br>♦Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? *(Жүк машиналары)*<br>♦ Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?<br>♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?<br>Еңбек<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау.<br>*Мақсаты :* бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. | кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br><br>Еңбек<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>*Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу*.<br><br>Қимылды ойын<br>«Жердің күнді айналуы».<br>*Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту*.<br><br>Жаттығу ойындары<br>Қимылдарын дамыту<br>«Шығырыққа лақтыру».<br>*Мақсаты:мергендіктерін дамыту.*<br><br>*Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.* | | | Қимылды ойын<br>Жаттығу ойындары<br>Ұзындыққа секіру<br>*Мақсаты:*<br>Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауғаүйрету. Кезекшілікті атқару.**Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру**. «Бата беру», дәстүрлерін үйрету.( Коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. Сумен жуыну,сабынды қолдану әдістерін қалыптастыру.<br>Ойын- жаттығу:<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табаңға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>(Қимыл-қозғалыс белсенділігі) | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Біздің балабақшаның апайлары. Әр бала өз | | Алдыңғы танысқан балбақша | Қазақ халқының табиғи | Кітаптар қарату, өздері білетін ертегідерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таңдауы бойынша бір мамандық иесін мүсіндейді. Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.<br>**(мүсіндеу)**<br>Дайын мамандық құралдарын бейнелерге апары желіммен жапсырту.<br>**(жапсыру)**<br>Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу<br>**(музыка)** | | қызметкерлері, дәрігер және құрылысшы туралы не білетіндерін естеріне түсірту. Содан соң орталықтарға бөлініп өздеріне ұнайтын мамандық иелерінің суреттерінің қасына олардың құралдарын қиып жапсыру немесе ермексаздан жасату.<br>**(мүсіндеу, жапсыру)**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды үйрету. Аю ойыншығын баланың әр жағына қою арқылы, дұрыс атауын үйрету.<br>**(математика негіздері)** | материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту. Бұрынғы заманда қандай мамандықтар болғаны туралы сұрау, балалардың ойларын тыңдау.<br>(құрастыру)<br>**Ұлттық құндылық** | сахналау.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру.<br>«Еңбекпен тапқан ақша» ертегісін оқып беру.<br>(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)<br>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін тақырыпта жұмыс.<br>**(жапсыру)**<br>**Зерттеу тақырыбы: Дыбыс қалай шығады?**<br>Мақсаты:<br>Дыбыстың қалай пайда болатынын қарапайым түрде түсіндіру.<br>Міндеттері:<br>Дыбысты тыңдау және ажырату<br>Себеп-салдарды түсіну<br>Есту қабілетін дамыту<br>Керек заттар:<br>Бос банка<br>Қасық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Резеңке<br>Жасалу жолы:<br>Банкаға қасықпен соғып көреміз.<br>Резеңкені тартып, дыбысын тыңдаймыз.<br>Әртүрлі дыбыстарды салыстырамыз.<br>Қорытынды:<br>Дыбыс заттар қозғалғанда немесе соғылғанда пайда болады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балаларға музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдауды дағдыландыру. | . | Мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас негіздерін білуге дағдыландыру. | Балаларға бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенге баулу. | Тәулік бөліктерін ажыратады, оларды атай білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Қоян мен қасқыр** Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады. | | **Бақылау «Қардағы құс іздері»** Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату **(музыка)**<br><br>**Еркін ойындар** Қимылды ойын **Шыбыққа қалпақ кигізу**<br><br>Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді… Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді. | **Жеңіл көліктерді бақылау** Қарда суреттер салу. **(сурет салу)** **Қимылды ойындар** **Тырналар – тырналар** Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер | **Күн мен түн неге ауысады?** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) дамыту, кеңейту. **(қоршаған ортамен танысу)** **Қимылды ойындар** **Тышқан мен мысық.** Балалар тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышкандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды. | (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».<br><br>Өнегелі -15 минут | | Өз баласын әңгімеге тартуы<br>Өнегелі -15 минут | Жеке бас гигинесанын сақтау жайлы әңгіме<br>Өнегелі -15 минут | Күн тәртібін сақтау,балалақшадан қалмау<br><br>Өнегелі -15 минут |

Тексерілді: Арыбекова А.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

**Топ:** «Ақбота» ересек тобы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** (13.01. – 17.01.25 жж)

**Апта дәйек сөзі:** «Тәртіп – тәрбие бастауы»

**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 13.01.2025ж** | **Сейсенбі 14.01.2025ж** | **Сәрсенбі 15.01.2025ж** | **Бейсенбі 16.01.2025ж** | **Жұма 17.01.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Сиқырлы түс<br>Қызыл, сары, көк түсті гуашь,Су, Пластикалық шыныаяқтар.1.Балаларға үш негізгі түсті көрсетіңіз.<br>2.Қызыл мен сарыны араластырса, қандай түс пайда болатынын сұраңыз. (Мысалы: қызыл + сары = қызғылт сары).3.Барлық түстерді араластырып, нәтижесін | Нүктелерді қосып,қандай пішін шыққанын ата.<br><br>**математика негіздері** | «Жануарларды мекеніне орналастыр» ойыны<br><br>**Әлеуметтік дағдылар** | «Адасқан сандар»сызық арқылы қосу.<br><br>**математика негіздері** | Асық ату<br>Мергендік, дәлдік және ептілік қабілеттерін арттыру.<br>Ойын барысы:<br>- Балалар асықтарды белгілі бір қашықтықтан сақамен атып, сызықтан шығаруға тырысады.<br>- Кім көп асық шығарса, сол жеңеді.<br>**Біртұтас тәрбие** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылату<br>**Зерттеу әрекеті** | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | ***Маман жоспары бойынша*** Маман жоспары бойынша **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.**(музыка)**<br>**бейсенбі күні Қаражорға биін билету** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету | Кеңістікте бағдарлау:<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық | Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары-төмен, қалың-жұқа). | Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солданоңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды қалыптастыру | Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)**<br><br>**Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Қазақ тілі**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)** |
| | «Көлік жүргізушісі» ойынын ойнату. әр баланы жүргізуші етіп, тапсырмаларды орындату. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол | Ғажайып қорапшадан түрлі көлік түрлері шығады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын атйып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен | Балалардан бүгін қай мезгіл, аптаның қай күні туралы сұрау. Карточкалар арқылы тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде | Ұшақ пен кемелердің суреттерін көрсету. Кім ұшаққа немесе кемеге мініп көрді сұрау. Алған әсерлері туралы сұрау. Ұшақ қалай ұшады, кеме қалай жүзеді ойын арқылы көрсету, әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** Шығармашылық қиялды дамыту. Ұшақ пен кемелерді қиып жапсыру. **(жапсыру)** | «Үміт» әңгімесін оқып беру. Балаларға ат пен сиыр баяғы заманда көлік құралы болғанын айту. болашақта оларда күшті көлік құралдарын ойлап табатыны туралы айту.<br><br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: жолда жүру ережелерінен не |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағымда орындық тұр). **(математика негіздері)**<br><br>Көлік жүргізушісі туралы не беледі? Жүргізуші барлық көлікке қажет пе? Балалардың ойларын тыңдау, кітаптардан көлік түрлерінің суретін қарату.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | септіктерде қолдана білуге үйрету<br><br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br><br>**(қоршаған ортамен танысу)** | болатынын айту.<br>**(математика негіздері)**<br><br>Қара жорға әнін айтқызу, би қимылдарын жасату.<br>**(музыка)** | | білетінін сұрау. Топта ережелерді белгілеу. Балалардың ұсынған ережелерін плакаттарға салып, топта іліп қою<br><br>**(қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** |
| **Екінші таңғы ас** | Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Картатека 28**<br>Ағаштарды бақылау<br>Мақсаты: *ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>Бақылау барысы<br>Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. | **Картатека 29**<br>Қарғаларды бақылау<br>Мақсаты:<br>- қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру.<br>- қарғалардың тіршілігін бақылау | **Картатека 30**<br>Қар ұшқындарын бақылау<br>Мақсаты*:*<br>— Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;<br>— Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту.. | **Картатека 31**<br><br>Бақылау: Терезеден аяз суретін бақылау. Байқағыштық сезімін дамыту.<br><br>Еңбек: Ойын құралдарын тазалау. Өз заттарына ұқыпты болып, құралдарын | **Картатека 32**<br><br>Бақылау: Қарғаның тамақтануын бақылау. Қарғаның тамақтануын көрсету, қыста құстарға тамақты жерге бермей, арнайы жемсауытқа салуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ағаштарға қамқорлықпен карауға көңіл бөлу.<br>Әңгімелесу:<br>Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды?<br>(ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)<br>Ағаштар неге қыста өспейді?<br>- Ағаш тамырлары қалай қыстайды?<br>- Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?<br>- Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)<br>Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.<br>Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев<br>Жауған күні қар алғаш,<br>Ағаштарды аядым.<br>«Тоңбасын»- деп бұл | - құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>Қара түсті қарқылдақ,<br>Ұшып, қонып жалпылдап.<br>Қоқыстарды шоқиды,<br>Жем іздейді там-тұмдап. (қарға)<br><br>*Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған.* | Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық.<br>Аунап таза ақ қарға,<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазарып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет сала бастады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦Жауған қар қандай?<br>♦Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай?<br>♦Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.<br>Д/О: «Ұқсас өрнекті тап». Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу<br>Зерттеу жұмысы<br>Алақандағы қар неге ериді?<br>Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде | таза ұстауға дағдыландыру.<br><br>Жеке жұмыс: Тақпақтар жаттату.<br><br>Өкпелетсе мамасы,<br><br>Өкпелетсе мамасы<br><br>Өкпелетсе ағасы<br><br>«Айтам» дейді, әжеме,<br><br>Әжесінің баласы.<br><br>Бір – біріне өкпелемей, бірге ойнау керектігін түсіндіру.<br><br>Қимылды ойын: «Кім жүйрік?»<br><br>Мақсаты: жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету. | Еңбек: Кішкентайларға көмектесу. Кіші топтың балаларына серуендеуге көмектесу.<br><br>Жеке жұмыс: Мақал – мәтелдер айту:<br><br>Оқу – білім бұлағы,<br><br>Білім – өмір шырағы.<br><br>Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты»<br><br>Мақсаты: Шапшаңдыққа, тыңдай білуге тәрбиелеу.<br><br>Өзіндік іс – әрекет: киім шкафтарын жинастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ағаш,<br>Орап қойдым аяғын.<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦ Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>♦ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)<br>Зеттеу жұмысы<br>Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. .<br>Еңбек<br>Жауған қарды ағаш түбіне үю.<br>*Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу*.<br>Қимылды ойын<br>«Кім ағашқа бұрын жетеді?». | Көркем сөз «Қарға» С.Сейфуллин<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Көзден жасы сорғалар.<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Қар үстінде жем көрсе,<br>Боран соқса қор болар,<br>Қапелімде қолға алар.<br>Бұтаға келіп қорғалар.<br>Екі шоқып, бір қарар,<br>Қысып кетсе сары аяз,<br>Деп «жолымды» оңғарар.<br>Зерттеу жұмысы<br>Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру<br>Еңбек<br>Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу.<br>*Мақсаты:* бірлесе еңбек етуге баулу.<br>Қимылды ойын<br>«Пингвиндер доп | қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады?<br>Еңбек: Қардан қамал тұрғызу<br>Мақсаты:<br>- Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу;<br>- Бастаған істі аяқтауға үйрету.<br>Қимылды ойын<br>«Екі аяз»<br>*Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту.*<br>Жаттығу ойындары<br>«Байқап өт».<br>*Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.* | Өзіндік іс – әрекет: бір – бірімен келісіп, тату ойнауға баулу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мақсаты:ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.*<br>Жеке жұмыс: «Затты тап».<br>*Мақсаты:*<br>—Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | ойнап жүр».<br>*Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.*<br>Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: нысанаға доп лақтыра білу дағдыларындамыту* | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауғаүйрету. Кезекшілікті атқару.Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру»дәстүрлерін үйрету**.**<br>**Коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзінеөзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту.(мәдени-гигиеналықдағдылар). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Ұзын құлақты,жылдам аяқты,<br>Сәбізді жақсы көретін ол не?<br>Иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып,балалардан қоянның қайда тіршілік ететіні,құлағы неге ұзын екені,қалай секіретіні,неге сұр қоян деп аталғаны жайлы сұрап,өзі жауаптарды толықтырып түсіндіру**.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту,**<br><br>**Қоршаған ортамен танысу** | Түлкі жабайы аң.(слайдтан көрсету арқылы түсіндіру.)<br>Ол – өзінен кіші аң – құстармен коректенеді. Өте қу, айлакер аң. Ол жүрген ізін құйрығымен сүртіп кетіп отырады. Сонымен қоса өте ақылды аң. Ол кез келген қиыншылықтың бәрінен аман - есен құтыла алады.<br><br>**Қоршаған ортамен тансыу,сөйлеуді дамыту.** | Аюдың үлкенімен кішісін салыстыру<br><br>Түстеріне қарай ажырат ойыны<br><br>Үлкен кіші ойыны<br><br>**Математика негіздері**. | Түлкінің суретін бояу.<br><br>**Сурет салу**<br><br>Түлкінің түссіз бейнесіне горох себу арқылы түсін шығару**.**<br>**Жапсыру** | Аю, аю тұршы<br>Беті қолын жушы<br>Айнаға қарашы<br>Шашыңды тарашы.<br>**Көркем әдебиет,қазақ тілі**<br>**Зерттеу тақырыбы:**<br>Жапырақ неге су бетінде жүзеді?<br>Мақсаты:<br>Жеңіл заттардың су бетінде қалатынын түсіндіру.<br>Міндеттері:<br>Заттардың қасиетін бақылау<br>Салыстыру дағдысын дамыту<br>Қорытынды жасау<br>Керек заттар:<br>Жапырақ<br>Тас<br>Су<br>Жасалу жолы:<br>Су құйылған ыдысқа жапырақты саламыз.<br>Оның жүзгенін бақылаймыз.<br>Тасты салып, оның батқанын көреміз.<br>Қорытынды:<br>Жеңіл заттар су бетінде жүзеді, ауыр заттар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | батады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балаларға қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін білуді үйрету. | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын білуге үйрету. | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын білуге үйрету. | Балаларды ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | Кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауды үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштарды бақылау**<br><br>**Қимылды ойын** «Поезд»<br><br>Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету **(музыка)** | **Қарғаларды бақылау**<br><br>**Қимылды ойын**<br><br>**Өз түсіңді тап.**<br><br>Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: кызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, | **Қар ұшқындарын бақылау**<br><br>Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын «Күміс алу»**<br><br>Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын | **Терезеден аяз суретін бақылау**<br>Қардан қамалдар құрастырып, нысанға дәл тигізіп қар түйіршіктерін лақтыруын ұйымдастыру<br>**Қимылды ойын.**<br>**Ақ доп, қызыл доп**<br>Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп | **Қарғаның тамақтануын бақылау**<br><br>Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын «Допты дәлдеп лақтыр»**<br>Балалар екі топка бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз тусіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанада.<br><br>Еркін ойындар | тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді. | дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіскс жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.<br><br>Еркін ойындар | лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйіне қайтуы** | «Баланы суықтап қалудан сақтан-дыру» кеңес беру.<br><br>Өнегелі 15 минут | Мозайка мен қыс көрінісін құрастыру. Өнегелі 15 минут | «Балаңызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгіме.<br><br>Өнегелі 15 минут | Балалар мен логикалық ойындар ойнау.<br><br>Өнегелі 15 минут | «Бала демалысын ұйымдастыру»<br><br>Еркін ойындар<br><br>Өнегелі 15 минут |

Тексерілді: [illegible] Адилбекова А. [illegible] есепке отырып талдау
Ұйымдастырылған іс-әрекетті бала құзыреттілігін

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 3 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (20.01– 24.01.25 жж)
**Апта дәйек сөзі:** «Әділ заң – аспан тірегі»
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 20.01.2025ж** | **Сейсенбі 21.01.2025ж** | **Сәрсенбі 22.01.2025ж** | **Бейсенбі 23.01.2025ж** | **Жұма 24.01.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Ақ сүйек Қырағылық пен шапшаңдықты дамыту. - Ақ сүйек лақтырылады, балалар оны іздеп табуға тырысады. - Бірінші болып тауып әкелген бала жеңімпаз атанады. | «Гүлдерді күтеміз» балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. **Экологиялық тәрбие** | «Жол әліппесі» балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгерту | «Жануарларды орналастыр» Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ | «Жыл атасы» Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Біртұтас тәрбие** | | дағдысын қалыптастыру.<br>**Қауіпсіздік ережесі** | қағазда фишкамен орындайды. | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**<br>**Маман жоспары бойынша** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту | Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. | Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту.<br><br>**Біртұтас тәрбие** | Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)**<br><br>**Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Қазақ тілі**<br>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу | | |
| | Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату.<br><br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Жануарлардың мүсінін жасау, қиып жапсыру жұмыстарын орындату **(мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Али мен Аяның қыс туралы әнін айтқызу **(музыка)** | «Оң солды анықтау» ойыны. Бірнеше баланы ортаға шығарып балаларға оңға екі рет, солға бір рет, оңға және солға екі рет деген тапсырмаларды беріп орындату.<br>Қалған балаларға карточкалармен жұмыс жасату.<br>«Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату.<br>**(математика негіздері)**<br>**Қыс**<br>Қыс келді, қыс иықтап,Қалды аюлар ұйықтап.<br>Қыс келді, қыс мұз-қарлы,<br>Қыраулы да,ызғарлы.<br>Тақпақтарын жаттау, Али мен Аяның қыс туралы әндерін қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)** | Топтағы ойыншықтарды санату, салыстыру. Жиын жасату.<br>**(математика негіздері)**<br>«Қыстағы Маша мен аю» Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру **(мүсіндеу)**<br><br>Конструктордан ұя құрастыру дағдыларын қалыптастыру<br>**(құрастыру)** | Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау;<br><br>**(жапсыру)**<br><br>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мумкіндік беру.<br>**(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру).<br><br>**(қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. **(жапсыру)** | | | |
| **Екінші таңғы ас** | Дастарқанға ыдыстарды рет-ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Картатека 33**<br>Бақылау: Уақыттың өзгеруін бақылау. Жыл мезгіліне байланысты қыста күннің қысқарып, түннің ұзаратындығын бақылауға үйрету.<br>Еңбек: Жүретін жолды қардан тазалау.<br>Жеке жұмыс: Бір бағытта белгіленген нысанаға қар лақтыру.<br>Қимылды ойын: «Қасқыр мен қоян»<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.<br>Өзіндік іс – әрекет: өз беттерімен тақпақтар | **Картатека 34**<br>Бақылау: Боранды күнге бақылау жасау. Жердің жерден көп қарды қалай көтеріп, боран соғатындығын бақылату.<br>Еңбек: Жаңа түскен қардан жолды аршыту.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: Жыланша ирелеңдеп жүру. Бір боймен жүруді үйрету.<br>Қимылды ойын: «Түлкі мен тырналар»<br>Мақсаты: Бірігіп | **Картатека 35**<br>Бақылау: Жарқыраған күннің астында балалардың көңілін көтеру, қыстың қарлы аязына бақылау жүргізу.<br>Мамықтай ұлпа<br>Қанттай ақ.<br>Еңбек: Құстардың жемсауыттарын тазалау.<br>Жеке жұмыс: Екі – екіден шанамен сырғанау. Бірлікке, ынтымаққа тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Соқыртеке»<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа, | **Картатека 36**<br><br>Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау.<br><br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br><br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді,<br><br>Бірақ оған қарағысы келмейді. | **Картатека 37**<br><br>Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау.<br><br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br><br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді,<br><br>Бірақ оған қарағысы келмейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айту**.** | ойнауға үйретуді жетілдіру.<br>Өзіндік іс – әрекет: «Нан қиқымын шашпайық!» Нан қиқымын жинау. | сезгіштікке тәрбиелеу.<br>Өзіндік іс – әрекет: балықтарға жем беру. | Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br><br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру.<br><br>Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу | Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br><br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру.<br><br>Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауғаүйрету. Кезекшілікті атқару.Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру» дәстүрлерін үйрету**. Коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзінеөзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту. (мәдени-гигиеналықдағдылар). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Түстер туралы сұрау | Отбасы мүшелері жайлы сұрау | Достары жайлы сұрау | Мақал –мәтел үйрету | Санамақ айтқызу |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Топтағы балаларға ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытуды ынталандыру. | Өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытуға баулу. | Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыруды үйрету. | Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды білуді баулу. | Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді жетілдіру . |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: Уақыттың өзгеруін бақылау**<br>Еркін ойындар<br>Қардан әр түрлі құрылымдар құрастыру. **(Құрастыру)**<br>**Дидактикалық ойын «Үйдің есігін жабайық»**<br>Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. | **Бақылау: Боранды күнге бақылау жасау**<br>**Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль»**<br>Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап | **Бақылау: Жарқыраған күннің астында балалардың көңілін көтеру, қыстың қарлы аязына бақылау**<br>**Б**алалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. **(муызка)**<br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Жалауға қарай жүгір» | **Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау**<br>Еркін ойындар<br>**Дидактикалық ойын «Әдемі кілемшелер»**<br>Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау**.<br>Шанамен сырғанау.<br>Қимылды  ойындар<br>**Құстардың ұшып келуі**<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері. Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. | автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету. | | Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды | қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | «Баланы суықтап қалудансақтан-дыру» кеңес беру. Өнегелі15 минут | Мозайкамен қыс көрінісін құрастыру. Өнегелі 15 минут | «Балаңызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгіме. Өнегелі 15 минут | Балалар мен логикалық ойындар ойнау. Өнегелі 15 минут | «Бала демалысын ұйымдастыру» Еркін ойындар Өнегелі 15 минут |

Тексерілді: Арынбекова А.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 4 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі: (**27.01. – 31.01.25жж**)**
**Апта дәйеки сөздері:** «Тәртіпсіз ел болмайды»
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 27.01.2025ж** | **Сейсенбі 28.01.2025ж** | **Сәрсенбі 29.01.2025ж** | **Бейсенбі 30.01.2025ж** | **Жұма 31.01.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Дәстүрден тыс сурет салу<br>«Торғайға көмек»<br>Тосын сәт.<br>Торғай ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды.<br>Досым жоқ. Маған дос торғайлар керек дейді. | Қызығушылықтарын ояту.<br>Топқа қозы келеді. Балалардың жауаптары.<br>Топқа бөлу.<br>1-топ қозының сұлбасын бастырып сызып, қағазды | Тауық келеді.<br>Балалар тауықпен амандасады.<br>Балалар қонаққа келген тауық өте мазасызданып тұр, не болғанын тауықтан сұрап көрейік. | Дәстүрден тыс сурет салу.<br>Жазғы ағаштар<br>Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру.<br>Қырыққабат жапырағынан жазғы | Тосын сәт топқа құтың құшып келуі.<br>Балалар мына құс неге шырылдап ұшып жүр.<br>Біз оған қандай көмек бере аламыз.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Тал басында тамаша үй |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көмектесеміз бе?<br>Торғайға көмек<br>Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Трафаретпен жұмыс жасауды түсіндіру.<br>Балалардың өз бетінше жұмысы. Бақылау. | жырту әдісі арқылы үстіндегі жүнін жапсырады.<br>2-топ қозының сұлбасының үстіне клей жағып, мақтаны қозының үстіне жапсырады. | (балалардың назарын тауыққа аударады.)<br>-Балалар тауық бізге келе жатып балапандарынан адасып қалыпты, тауықтың балапандарын табуға көмектесеміз бе?<br>Топқа бөлу.<br>Тауық,балапан суреті арқылы топқа бөлу.<br><br>1-топ тауық тобы балапанды сары гуашпен бояйды.<br>2-топ балапанды саусақ арқылы бояйды.<br>3-топ. балапан сұлбасын дән арқылы беру.<br><br>. | ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру<br>Жұмбақ жасыру.<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясында ән салып.<br>Құстар жүрген сайрап,<br>Салқын түссе-шешіліп,<br>Қалады өзі жайрап.<br>(ағаш)<br>Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.<br>Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу. Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.<br>«Біздің көрме» балалардың жұмысын қортындылау. | ( ұя )<br>Жарайсыңдар балалар, осы ұяда нелер мекендейді?<br>Құстарға ұя не үшін қажет?<br>Топқа бөлу.<br>1-топ түрлі түсті қағаздан ұя жапсырады<br>2-топ тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады.<br><br>Сұрақтар қою. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**<br>**Маман жоспары бойынша** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту | Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. | Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту. | Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Музыка (маман жоспары бойынша)**<br><br>**Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Қазақ тілі**<br>**Тақырып:**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** Бір уыс мақта<br>(әңгіме) Ы.Алтынсарин<br>Әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу. Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Музыка (маман жоспары бойынша)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту)** «Достық» тақырыбында әңгімелесу, суреттер қарату. Әңгемелесу барысында дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту<br>**(құрастыру)** Достық қалашығын құрылыс материалдарынан құрастыртуды дамыту | **(көркем әдебиет)** «Жаман жолдас» әңгімесін оқып беру. Кейіпкерлерге жанашырлық танытуды,ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау<br>**(математика негіздері)** «Ғажайып қоржыннан» шыққан заттардан жиын жасату. Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. | түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** «Адал дос» әңгімесін оқып беру. Балалардың пікірлерін тыңдау. Жаман жолдас әңгімесімен салыстыруды жетілдіру<br>**(жапсыру және сурет салу, мүсіндеу)** Балаларды орталықтарға бөліп шығармашылық жұмыстар жасату. Ертегі желісі бойынша суретті салу, иттің мүсінін жасату, суреттерден қиып ертегі желісі бойынша жапсырту. | **(математика негіздері)** Сандар тізбегі карточкалары арқылы сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**(құрастыру)** Лего құрастыру ойыншықтарынан сандарды құрастыру.құрастырған сандарынан тізбек жасау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар | **(музыка)** «Достық жыры» Бота Бейсенованың әнін ютубтан тыңдату. Бірге айту.<br><br>**(көркем әдебиет)** Ата анамен баланың арасында долстық бола ма? Неге олар бізге дос? Ал табиғаттың біз досы бола аламыз ба? Қалай? Сұрақтарын қоюмен жауап беруді дамыту.<br><br>**(математика негіздері)** Геомертиялық фигураларды санау, салыстыру. Топта соған ұқсас заттарды табу, атап көрсету дағдысын дамыту . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | арасында міндеттерді бөлісуді дамыту | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ)<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Санамақтар айту.<br>Жаттау жаттату:<br>Аппақ көше, бар дала<br>Аппақ ой мен қыраттар<br>Ақ шатырлы қар қала<br>Ақ жамылып тұр бақтар<br>Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу | **Бақылау**: Қыстап қалған құстарды бақылау (қара қарға, сауысқан, торғай, ұзақ қарға, көгершін)<br>Еңбек: Құстарға жем шашу, қамқорлыққа алу.<br>Жеке жұмыс:<br>Тікен – тікен тік пісте<br>Қысы – жазы бір түсте (Шырша)<br>Қимылды ойын: «Аю мен құлпынай», «Өз үйіңді тап»<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды зейінді болуға үйрету. | **Бақылау:** Күннің қатты аяз соғып, суытуын бақылау.<br>Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау.<br>Жеке жұмыс: Мақал – мәтелдер үйрету:<br>Қыс – қызыл, жаз – жасыл.<br>Бір тал кессең,<br>Он тал ек.<br>Қимылды ойындар: Шанамен ойындар ойнау. Шаңғы тебуге үйрету. | **Бақылау**: Желдің соғу бағытын бақылау (желдің әсерін ағаштың қисаюі, қандай құбылысқа жататынын анықтау)<br>Еңбек: Балалармен аулада қар күреу.<br>Жеке жұмыс: Бір – бірімен тату ойнауға, сыйластыққа, жылы сөз айтуға үйрету.<br>Қимылды ойын: «Допты домалат», «Кегли»<br>Өзіндік іс – әрекет: спорттық ойын түрлерін ойнауға жаттықтыру. | **Бақылау:** Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау. Оларды атау.<br>Еңбек: Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю.<br>Жеке жұмыс: Ерқанатқа, Жангелдіге, Ерназарға еңбек түрлерін айтқызу (қар күреу, жем шашу, суару)<br>Қимылды ойын: «Доп лақтыру»<br>Өзіндік іс – әрекет: Артық, кем, қанша, болса сонша ұғымдарын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауғаүйрету. Кезекшілікті атқару.Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру» дәстүрлерін үйрету.( Коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды біртіндеп оята бастау, жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру жаттығуларын жасату, киімдерін аз беттерімен киінулерін қадағалау, қыздардың шашын тарап, өріп беру<br>Ойын жаттығу:<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Жалаң аяқ жүреміз<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Сулы жерді мекендеп,<br>Құрлықта да секендеп,<br>Шыбын-шіркей аңдиды,<br>Жемге қашан жетем деп.<br>**(Бақа )**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Бақа туралы түсінік беру.<br>**2 топқа бөлу**. | Өзі қу,<br>Жүрген жері айқай-шу. (Түлкі)<br>Тосын сәт.<br>Түлкі келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Көңілсіз.<br>Орманда жалғыз қалған.Көп дос керек екенін айтады. | **Қызығушылықты ояту.**<br>**есік қағылады.**<br>-Балалар қараңдар бізге біреу қорапша тастап кетіпті.<br>**Ой қозғау.**<br>Ішінде не бар екен?<br>Қорап суретші атайдан келген. Алмаларды әр | **Шығармашылық жұмыс.**<br>**Аралар әлемі**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Гүлдерге қонады<br>Шырынын сорады<br>Түр – түсі сары – ала<br>Бұл не?<br>Балалардың жауаптары. | **«Жиһаздар мен ыдыстар»**<br>Қане Аюларға ыдыстар мен жиһаздарды жинауға көмектесейік. Үлкен аю қандай ыдыстан тамақ ішті?<br><br>**Зерттеу тақырыбы:**<br>Түстер араласқанда не болады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-топ. Үшбұрыш пішіндерден бақаны құрастырады.<br>2-топ.Дөңгелек пішінен бақаны құрастырады.<br>Балалардың жұмыстарын бақылау.<br>Жеке көмек көрсету.<br>**Бақа туралы өлеңді жаттау** | Балалар түлкіге көмектесеміз бе?<br>**Топқа бөлу.**<br>**1-топ** түлкіні конус жасау арқылы жапсырады.<br>**2-топ** түлкіні гиометриялық пішіндерден қиып жапсырады. | түрлі тәсілдермен жасап беруді сұрапты.<br>**Алманы мнемотехника тәсілімен түсіндіру.**<br>**Топқа бөлу.**<br>1-Топ қызыл алманы ермексаздан мүсіндейді<br>2-топ сары алманы қағазды умаждап жапсырады.<br>3- топ жасыл алманы бояумен бояйды. | **Тосын сәт.**<br>Ара ұшып келеді.<br>Балалардан көмек сұрайды.<br>Достарым жоқ,маған достар керек дейді.<br>балалар көмектесеміз ба?<br>**2-топқа бөлу.**<br>1-топ дайын үлгідегі араны қиып жапсыраады.<br>2-топ.дөңгелек картоннан ара жапсырады. | Мақсаты:<br>Негізгі түстерді араластыру арқылы жаңа түстер алу.<br>Міндеттері:<br>Түстерді ажырату<br>Шығармашылық қабілетті дамыту<br>Тәжірибе жасау<br>Керек заттар:<br>Қызыл, көк, сары бояулар<br>Су<br>Қылқалам<br>Жасалу жолы:<br>Қызыл мен сарыны араластырамыз.<br>Көк пен сарыны араластырамыз.<br>Қызыл мен көкті араластырамыз.<br>Қорытынды:<br>Түстер араласқанда жаңа түстер пайда болады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытуға үйрету. | Қысқа және ұзын жолақтарды қиюды жетілдіру. | Қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастыруды үйрету. | Отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білуді жетілдіру . | Айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруді баулу |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?»<br>Жыл мезгілдерінің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау.<br>Еркін ойындар Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. | Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру.<br><br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. | Қимылды ойын «Трамвай»<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерінсаналы түрде сақтауға баулу<br>**Қимылды ойын**<br>**Сақина жасыру**<br>Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын | **(көркем әдебиет)**<br>Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Хан талапай» | Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту.<br><br>**(құрастыру)**<br>**Дидактикалық ойын «Өзара айырмашылығын тап»**<br>1.Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.<br>2.Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.<br>Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.<br>Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Күн тәртібін сақтау<br><br>Өнегелі15 минут | "тұмау жұқпасының" адын алу шаралары<br><br>Өнегелі15 минут | Жаңылтпаштар жаттату<br><br>Өнегелі15 минут | Бала өміріндегі ертегінің маңызы.<br>Өнегелі15 минут | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру<br>Өнегелі15 минут |

Тексерілді: [signature] Арынбекова А.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (03.02-07.02.2025.ж)
**Дәйек сөз:** «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 03.02.2025** | **Сейсенбі 04.02.2025** | **Сәрсенбі 05.02.2025** | **Бейсенбі 06.02.2025** | **Жұма 07.02.2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.Балалардың үйде немен айналысқанын , бүгінгі көңіл күйін сұрау<br>«Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру<br>Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Бала тілінің дамуы: неге мән беру керек?"<br>Мақсаты:<br>Баланың сөйлеу қабілетін дамытудағы ата-ананың рөлін түсіндіру.<br>Үйде тілдік дамытушы ортаны ұйымдастыру жолдарын қарастыру.<br><br>Ата-анамен консультация | "Баланың ұсақ моторикасын дамыту"<br>Мақсаты:<br>Саусақ моторикасының маңызын түсіндіру.<br>Баланың қол бұлшықеттерін дамытуға көмектесетін ойындармен таныстыру.<br>Талқыланатын мәселелер:<br>Ұсақ моторика мен сөйлеу арасындағы байланыс.<br>Саусақ жаттығулары мен пластилин, ермексаз, қиынды қағазбен жұмыс жасау.<br>Үйде қолдануға болатын | "Баланы эмоциялық тұрақтылыққа үйрету"<br>Мақсаты:<br>Баланың эмоцияларын түсінуге көмектесу.<br>Баланың қорқынышын, күйзелісін, агрессиясын басқару жолдарын талқылау.<br>Талқыланатын мәселелер:<br>Баланың эмоцияларын дұрыс қабылдау.<br>Жағымды эмоциялар тудыратын әдістер.<br><br>Ата-анамен консультация | "Баланың қозғалыс белсенділігі: денсаулық кепілі"<br>Мақсаты:<br>Баланың қимыл-қозғалыс белсенділігінің маңызын түсіндіру. Үй жағдайында қимылдық ойындарды ұйымдастыру жолдарын қарастыру.<br>Талқыланатын мәселелер:<br>Қимыл-қозғалыстың физикалық және психологиялық маңызы.<br>Баланы дұрыс отыруға, | "Баланың әлеуметтік дағдыларын дамыту"<br>Мақсаты:<br>Баланың басқа балалармен қарым-қатынас орнату дағдыларын дамыту.<br>Достық, ынтымақтастық, кезекпен ойнау дағдыларын үйрету жолдарын көрсету.<br>Талқыланатын мәселелер:<br>Баланың өз ойларын жеткізуі және топпен жұмыс істеуі.<br>Қақтығыстарды дұрыс шешуге көмектесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарапайым әдістер.<br><br>Ата-анамен консультация | | жүруге, жүгіруге үйрету.<br><br>Ата-анамен консультация | Ата-анамен консультация |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Республикасының Әнұраның орындату | | | | |
| | "Асық ату"<br>Мақсаты: Көзді бағдарлау, дәлдік пенептілікті дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Балалар шеңбер жасап отырады.<br>Әр бала асықты қолына алып, белгілі бір қашықтықтан нысанаға тигізуге тырысады.<br>Саусақ моторикасын дамыту, Ұлттық құндылықты дамыту<br>**Бір тұтас тәрбие** | "Төлдерін тап"<br>Мақсаты: Балалардың төрт түлік мал туралы білімін арттыру.<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім әртүрлі малдардың суретін көрсетіп, "Бұл не?" деп сұрайды.<br>Балалар оның атын және төлін (сиыр – бұзау, қой – қозы, т.б.) атауы керек<br>Танымдық әрекеттер | "Кім жылдам?"Мақсаты: Тілдік қорды дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім бір тақырып бойынша сөз айтады (мысалы, "Көкөністер").<br>Балалар сол тақырыпқа қатысты сөздерді тез айтып шығуы керек.<br><br>Коммуникативтік дағды<br>Сөздік қорды дамыту | Шығармашылық-эксперименталдық ойындар<br>4.1. "Киіз үй құрастыру"<br>Мақсаты: Балалардың ұлттық мәдениет туралы түсінігін кеңейту.<br>Ойын барысы:<br>Балалар киіз үй бөліктерін (шаңырақ, кереге, уық) қағаздан немесе ағаш ойыншықтардан құрастырады.<br>Шығармашылық әрекет, ұлттық құндылықты дамыту | Еңбек дағдыларын дамытуға арналған ойындар<br>5.1. "Қазақ дастарханы"<br>Мақсаты: Балаларды ұлттық тағамдармен таныстыру.<br>Ойын барысы:<br>Балалар қамыр илеп, бауырсақ жасау ойынын ойнайды.<br>Ойыншық немесе пластилиннен қымыз, айран, ет бейнелерін жасап, "қазақ дастарханын" әзірлейді.<br>Эксперименттік әрекет, еңбек ету дағдысы, ұлттық құндылықты дамыту |

<table>
<tr><td>Ертеңгілік жаттығу</td><td colspan="5">(Маман жоспары бойынша)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау."Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық"<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Үнемді пайдалану "Тағамды ысырап етпе" (Тағамды дұрыс қолдануға үйрету)<br>Мақсаты: Балаларға тағамды ысырап етпей, тек қажет болған мөлшерде жеуге үйрету.<br>Өткізу барысы: Балаларға тамақты тек қажет мөлшерде алып, оны толықтай жеуді үйрету. Тамақты ысырап етпеудің маңызын түсіндіру.</td><td>Ұлттық құндылықты дәріптеу<br>«Ұлттық киімдер»: Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы айтып, суреттер көрсету. Киімдерді көрсетіп, олардың маңызын түсіндіру.</td><td>«Өнегелі 15минут»<br>Тақырып: "Тыңдау және жауап беру"<br>Мақсаты: Біреуді мұқият тыңдауды және жауап беруді үйрету.<br><br>- Ойын (5 минут): "Мен не айттым?" ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды).</td><td>Ұлттық құндылықты дәріптеу<br>"Тақия тастамақ"<br>Ойын ережесі: Балалар шеңбер бойымен отырып, көздерін жұмады. Жүргізуші бір баланың артына тақияны тастап кетеді, ал балалар қайсысына тақия түскенін табуы керек. Ойын ептілікті, байқағыштықты дамытады.<br>Бір тұтас тәрбие</td><td>Су қауіпсіздігі<br>Мақсаты: Балаларға суға жақын жерлерде қауіпсіздікті сақтау қажеттілігін түсіндіру.<br>Іс-әрекет:Су қоймаларының жанында ересектерсіз ойнамау керектігін түсіндіру. Балалармен судың қауіпті жерлерін көрсету арқылы түсіндіру (мысалы, терең суға бармау).</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі** (маман жоспары бойынша) | **Музыка** (Маман жоспары бойынша) **Дене тәрбиесі** (Маман жоспары бойынша) | **Қазақ тілі** Кітаптарды қарауға үйрету және дыбыстық мәдениет Мақсаты: Балаларға кітаптарды өз бетінше қарау дағдыларын қалыптастыру, дыбыстық мәдениетті дамыту. Жаттығулар: Кітапты қарау: Балаларға кітаптарды өз бетінше қарап, суреттер мен мәтіндер арқылы әңгіме құрастыруға үйрету. Тәрбиеші әр балаға кітап беріп, оларды суреттер арқылы таныстырады. Әр сурет бойынша не болатыны туралы сұрақтар қойылып, балалар өз ойларын айтады. Дыбыстарды дұрыс айту: Балаларға «ә» және «ө» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Бұл дыбыстарды сөздер мен сөйлемдер ішінде айта отырып, дұрыс дыбыстау дағдыларын қалыптастыру | **Дене тәрбиесі** (Маман жоспары бойынша) | **Музыка** (Маман жоспары бойынша) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Екінші таңғы ас** | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет").Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, жылы күртеше мен қолдарына қолғап кигізу, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру<br>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру<br>**Қыстық киімдермен танысу**: Балаларға қыс мезгіліне тән киімдерді (жылы күртешелер, қолғаптар, тақиялар, қарға арналған аяқ киімдер) көрсету, олардың қайда киілетінін түсіндіру. Балалармен бірге осы киімдерді киіп, қалай дұрыс киіну керек екенін көрсету.<br>Мемлекеттік тілді меңгерту<br>Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға,Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап,<br>әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру | | | | |
| **Серуен** | №21 Серуен ойлау<br>Тақырыбы: Ойлау «Қар неге кір(қара)»<br>Мақсаты: Балаларға табиғатты қорғау керек екенін түсіндіру. Табиғат пен адам арасындағы байланысты көрсету, өз ой-пікірін айта білуге дағдыландыру.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын, қарды жапалақтап жауғанын бақылау.<br>Кіріспе сұрақтар арқылы жыл мезгілінің ерекше белгілерін әңгімелеу. | №22 Серуен – жаңалық.<br>Тақырыбы: «Тайғақтан абай бол!»<br>Мақсаты: Қыс мезгілінің бір құбылысы – тайғақпен таныстыру. Тайғақ кезде абай болып, дұрыс жүруді ескерту.Ізденіс қабілеттерін дамыту.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын бақылау. Желдің бағытын лента арқылы анықтау. Жыл мезгілі, күн райына байланысты кіріспе сұрақтарын қою.<br>II. Балалрмен балабақша ауласында серуендеу кезінде қарды, ағаштарды, құстарды | №23 Серуен - салыстыру<br>Тақырыбы: «Қыс – жақсы ма, жаман ба?»<br>Мақсаты: Қыс жайлы білімдерін тиянақтай келе, табиғат құбылысының ерекшелігін түсіне білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Тілдерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>I. Желдің бағытын, ауа райын бақылау.<br>II. Балаларға сұрақтар қою.<br>Жылдың қай мезгілінде қар жауады?<br>Неге қар қыста болады? | №24 Серуен – бақылау<br>Тақырыбы: «Ауа райын бақылау»<br>Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің суық, аязды, қарлы табиғи құбылыстары жайлы әңгімелеу. Жыл мезгілінің ең суық – қыс мезгілі жайлы айтып беру. Таңертеңгі ауа – райы мен кешкі ауа – райын салыстыру..<br>Серуеннің барысы:<br>I.Бақылау:<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Ауа – райы қандай?<br>- Қар жауып тұр ма?<br>- Далада аяз бар ма? | №25 Серуен - жұмбақ<br>Тақырыбы: «Қысқы орман»<br>Мақсаты: Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі жайында әңгімелеп беру. Оларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын бақылау.<br>II. Балалар, біз бүгін қысқы орманға саяхатқа шығамыз. Қарандаршы, айнала аппақ, орман іші тым – тырыс. Аңдар қайда екен? Аңдар суреттерін жайлы әңгімелеп беру.<br>Жұмбақ жасыру: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ІІ. - Балалар қардың түсі қандай болады?<br>Айналамызда жатқан қарға қарандаршы, аппақ таза қар ма, әлде қара кір ме?<br>Неге қара? (Өйткені ол кір)<br>Ол неге кір болды? Себебі мұржадан ұшқан түтін жерге келіп түседі, адамдардың аяғымен тапталғаннан соң, тағы бір себебі ұзақ уақыт қар жаумағандықтан қар ластанды.<br>ІІІ. Қ\О «Көліктер».<br>Сырғанақ тебу.<br>ІY. Торғайларға жем шашу.<br>Киімдерін қағып, саппен топқа қайту. | қардағы іздерді бақылап, әңгімелесе отырып, тайғанақты көрсетіп, сұрақтар қою арқылы тайғанақ жайлы айту.<br>Қар күн кішкене жылыса ериді, бірақ түнде қайтадан қатады. (Себебі түнде ауа температурасы төмендейді). Мынадай мұзға айналып, ол тайғанақ болады.<br>Тайғанақ жерде аяғымыз тайғанап, құлап қалуымыз мүмкін. Содықтан ондай жерлермен өтпей, қарлы жермен жүру керек. Егерде осындай жерден өтер болсаңдар ақырын, асықпай жүріп өту керектігін түсіндіру.<br>ІІІ.Еңбек әрекеті.<br>Әкелген жем салғыштарын бойлары жететін жерге ілгізу. Оған жем шашу.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Аппақ, аппақ ақ мамық,<br>Жерде жатыр тапталып<br>(Қар)<br>ІY. Қ\О «Түлкі мен қояндар», «Ұйқыдағы аю»<br>Мақсаты: Балалардың | Қардың түсі қандай?<br>Қар тағы қандай болады?<br>(дымқыл, ұлпа, суық)<br>Қаршалар қалықтап ұшады, жерді ақ мамыққа орайды. Қар көктемде еріп, суға айналады. Себебі ол кезде күн жылиды. Жер қар суын сіңіріп, жазда ағаштар, шөптер, гүлдер жақсы өседі.<br>ІІІ. Д\О «Қыстың жағымды және жағымсыз әсері»<br>Қыстың жағымды әсері: әдемі, ағаштарды ақ мамыққа орап, оларға жылы болады, қардан әр түрлі бейне жасауға болады.<br>Қыстың жағымсыз әсері: суық, қолды тоңдырады, мұзға тайғанаймыз, құлаймыз, бетке суық ызғр келеді.<br>Жағымсыз әсерінен сақтану жолдарын түсіндіру.<br>ІY. Ойын алаңындағы қарды күреу.<br>Кішкентай шелекке қар салып алу, оны топқа апарып зерттеу, бақылау жасау. | Бұл қай кезде болады?<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып,<br>Терезеңді торлайды.<br>Бет домбығып,<br>Қарға омбығып,<br>Балақандар ойнайды.<br>Айтыңдаршы бөбектерім,<br>Бұл қай кезде болады?<br>(қыста)<br>ІІ. Еңбек. «Қар жинау»<br>Мақсаты: Балаларға тәрбиешінің көмегімен ойын алаңын қардан тазалауға үйрету. Күреу құралы – күректі дұрыс ұстауды көрсетіп, үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. Еңбектің нәтижесін көрсету.<br>ІІІ. Қозғалмалы ойын. «Көлік пен торғайлар»<br>Мақсаты: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттыру, қол – аяқ бұлшықетттерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Орғыған қорқақ, көзі қыли,<br>Қыс пен жазда екі түрлі тон киеді<br>(Қоян)<br>Жазда қыдырады, қыста тынығады<br>(Аю)<br>Орманда тұрады, өзі бір қу,<br>Жүрген жері айғай мен шу<br>(Түлкі)<br>Ит сияқты пішіні,<br>Ұнатпайды кісіні<br>(Қасқыр)<br>Бұтада бұтаға секірген,<br>Кішкентай ғана шапшаң аң<br>(Тиін)<br>ІІІ. Ойын: «Көлеңке», «Қасқыр мен қояндар»<br>Мақсаты: Қимыл – қозғалыстарын арттыру, ойын шартын бұзбай тату ойнауға үйрету.<br>ІY. Еңбек: «Ауланың қырын күреу»<br>Мақсаты: Еңбекқорлыққа ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қимыл-әрекеттерін арттыру, мейірімділікке тәрбиелеу. | Саппен топқа қайту. | | |
| **Серуеннен оралу** | Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету.<br>Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады.<br>Тамақтануға дайындық (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың эмоцияларын реттеу және олардың ағзасын қалпына келтіру.<br>Жеңіл әуендер тыңдап, балаларға бірқалыпты тыныс алуға көмектесетін музыканы тыңдату.<br>«Жақсы жатып, жайлы тұр!» | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау<br>«Денсаулық жолдарымен жүргізу | | | | |
| **Бесін ас** | Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету.<br>Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады.<br>Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу.<br>Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | "Сиқырлы сандар мен ертегі кейіпкерлері"<br>Мақсаты: Балаларды сандарды салыстыруға және ертегі мазмұнын түсінуге үйрету.<br>Көркем әдебиет: "Бауырсақ" ертегісі<br>Математика: 1-ден 5-ке дейінгі сандарды салыстыру (теңдік | "Пішіндер әлеміндегі үш аю"<br>Мақсаты: Балаларды геометриялық пішіндермен таныстыру, көркем шығарманың мазмұнын қайталау.<br>Көркем әдебиет: "Үш аю" ертегісі<br>Математика: Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш<br>Ойын барысы: | "Ұзын мен қысқа ертегісі"<br>Мақсаты: Балаларды ұзындықты салыстыруға және әдеби шығарманың мазмұнын түсінуге үйрету.<br>Көркем әдебиет: "Шалқан" ертегісі<br>Математика: Ұзын-қысқа, ұзындау-қысқалау<br>Ойын барысы: Балаларға "Шалқан" | "Көңілді санау"<br>Мақсаты: Балаларды заттарды санауға және кейіпкерлердің әрекетін ретімен баяндауға үйрету.<br>Көркем әдебиет: "Мақта қыз бен мысық"<br>Математика: 1-ден 5-ке дейін санау, артық-кем түсініктері<br>Ойын барысы: Балаларға ертегі | "Жеті лақ пен санамақтар"<br>Мақсаты: Балалардың көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру және сандарды салыстыруға үйрету.<br>Көркем әдебиет: "Жеті лақ" ертегісі<br>Математика: 1-ден 7-ге дейінгі сандарды салыстыру, теңдік және теңсіздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және теңсіздік)<br>Ойын барысы:<br>Балаларға "Бауырсақ" ертегісі оқылады.<br>Ертегідегі кейіпкерлерге сәйкес сандар беріледі (қасқыр – 2, қоян – 3, аю – 4).<br>Балаларға "Қайсысы көп?", "Қайсысы аз?" деген сұрақтар қойылады.<br>Балалар бауырсақтың достарын тең және тең емес топтарға бөлуді үйренеді.<br><br>Көркем әдебиет , математика негізі , ұлттық құндылықты дамыту | Балаларға ертегі оқылады.<br>Ертегідегі әр кейіпкерге сәйкес геометриялық пішіндер беріледі (Аю – дөңгелек, Қонжық – шаршы, Машенька – үшбұрыш).<br>Балалар пішіндерді түстеріне және көлеміне қарай салыстырады (үлкен-кіші, ұзындау-қысқалау).<br>Пішіндерден үй құрастырады.<br><br>Көркем әдебиет , математика негізі, ұлттық құндылықты дамыту | ертегісі оқылады.<br>Кейіпкерлерге байланысты тапсырма беріледі (мысалы, шалқан – ұзын, мысықтың құйрығы – қысқа).<br>Балалар әр түрлі заттарды алып, олардың ұзын-қысқалығын салыстырады.<br>"Шалқанды кім бірінші тартады?" ойыны ойналады.<br><br>Көркем әдебиет , математика негізі, ұлттық құндылықты дамыту | оқылады.<br>Мысықтың жейтін асы қандай екенін санау (сүт – 1, бауырсақ – 2, нан – 3).<br>Балалар заттарды топтастырып, артық-кем түсінігін бекітеді.<br>"Артық не?" ойыны ойналады.<br><br>Көркем әдебиет<br>Сөйлеуді дамыту , математика негізі, ұлттық құндылықты дамыту | Ойын барысы:<br>Балаларға "Жеті лақ" ертегісі оқылады.<br>Қасқыр мен лақтардың саны салыстырылады.<br>"Кім қанша жасырынып қалды?" ойыны ойналады.<br>Балалар "Бір үйде неше лақ бар?" сұрағына жауап беріп, сандарды қайталайды.<br><br>**Зерттеу тақырыбы: «Қант пен тұздың суда еруі»**<br>Мақсаты:<br>Қант пен тұздың суда қалай еритінін көрсету.<br>Міндеттері:<br>Балалардың бақылау қабілетін дамыту.<br>Заттардың қасиеттерін түсіндіру.<br>Қажетті заттар:<br>Су, қант, тұз, қасық, стақан.<br>Жасалу жолы:<br>Екі стақанға су құямыз.<br>Біріне қант, екіншісіне тұз саламыз.<br>Қасықпен араластырамыз.<br>Балалар ерігенін бақылайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қорытынды:<br>Қант та, тұз да суда ериді. Бірақ дәмі әртүрлі болады. |
| **Баламен жеке жұмыс** | Әңгіме құрастыру «Балабақша туралы әңгімелеп беру»<br>Мақсаты:баланың сөздік қорын молайту.<br>Балабақшаның атауын қай көшеде орналасқаны және қай топқа баратыны жайлы әңгімелесу. | Жұмбақтар мен сөзжұмбақтар шешу, балаларға арналған қарапайым есептерді орындау. | Графикалық дағдылар. Сызықтарды қарандашты ажыратпастан айналдырып жиекте бояу. | Эмоциялармен жұмыс: Баламен оның эмоцияларын қалай тануға болатынын және оларды дұрыс басқаруға үйрету (қатты ашулану, көңілсіз болу, қуану).<br>Ойындар: Эмоциялар мен көңіл-күйді білдіретін картиналармен жұмыс жасау. | Фигураларды жиынтықтарға жина(әрбір жиынтықты сызықпен қорша) |
| **Серуенге дайындық** | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, жылы күртеше мен қолдарына қолғап кигізу, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру<br>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру<br>**Қыстық киімдермен танысу**: Балаларға қыс мезгіліне тән киімдерді (жылы күртешелер, қолғаптар, тақиялар, қарға арналған аяқ киімдер) көрсету, олардың қайда киілетінін түсіндіру. Балалармен бірге осы киімдерді киіп, қалай дұрыс киіну керек екенін көрсету.<br>Мемлекеттік тілді меңгерту<br>Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға,Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап,<br>әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру | | | | |
| **Серуен** | **Қимылды ойын «Қардан қамал жаса»**<br>Мақсаты: Ұжымдық жұмыс.<br>Ойын: Балалар қардан немесе мақтадан қамал | **Қимылды ойын «Қармен жарыс»**<br>Мақсаты: Жылдамдық пенептілікті дамыту.<br>Ойын: Балалар қарды қолмен тасып жарысады. | **Қимылды ойын «Трамвай»**<br>«Жыл мезгілдері» ертегісін өз бетінше айту дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке балалармен жұмыс. | **Қимылды ойын: «Аяздан жылын»**<br>Мақсаты: Қимыл белсенділігін арттыру.<br>Ойын: Балалар секіріп, жүгіріп жылынады. | **Қимылды ойын: «Қысқы эстафета»**<br>Мақсаты: Топпен жұмыс жасау.<br>Ойын: Балалар кезекпен жүгіріп тапсырма орындайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрайды. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу |

Тексерілді: Адилбекова. А

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (10.02-14.02.2024.ж)
**Дәйек сөз:** «Шығармашыл  бала – ойлы  бала»
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова   А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 10.02.2025ж** | **Сейсенбі 11.02.2025ж** | **Сәрсенбі 12.02.2025ж** | **Бейсенбі 13.02.2025ж** | **Жұма 14.02.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.Күй қосу,күй күмбірі | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-анаға баланың жеке қабілеттері, мінез-құлқы мен даму деңгейі туралы ақпарат беру және оны жетілдіру жолдарын талқылау.<br>Сұрақтар мен ұсыныстар:<br>«Балаңыздың сурет салу немесе құрастыруға ерекше қызығушылығы бар екенін байқадық. Сіздер үйде осы қабілеттерін дамыту үшін не істейсіздер?»<br>«Сіздің балаңыз өте белсенді, бірақ кейде басқа балалармен ойында түсініспеушіліктер болады. Үйде ол достарымен қалай қарым-қатынас жасайды?»<br>Талқыланатын мәселелер:Бала эмоцияларын қалай білдіреді (қуаныш, реніш, көңілсіздік)?Басқа балалармен немесе ересектермен қалай қарым-қатынас жасайды? | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітапдарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?»  (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын  (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық», сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.<br>Республикасының Гимн орындату | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Даладағы алаңқай» Балалар конструктормен бірлесі отырып, алаңқайды құрайды Шығармашылық дағдыларі | Балалармен әңгімелесу: «Табиғат бұрышы».Топтағы табиғат бұрышы туралы атап, әңгімелейді Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие | «Мозайка».өз беттерімен құрастырады Құрастыру | Суреттерді көру: «Табиғатағы өзгерістер». :Қыс мезгілі туралы суреттеп береді Әлеуметтік дағдылар | «Не артық?» Берілген тапсырманы түсіндіре отырып, артық зататарды атайды Коммуникативтік дағдылар |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Маман жоспары бойынша** | | | | |
| **Таңғы ас** | Дұрыс тамақ – денсаулық кепілі.<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асыңды қастерлеп іш, ырысың артады. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты карауға баулу | Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. | «Қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұмтылысты қолдау. | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі** (маман жоспары бойынша) | **Дене тәрбиесі** (Маман жоспары бойынша)<br><br>**Музыка** (Маман жоспары бойынша) | **Қазақ тілі** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. | **Дене тәрбиесі** (Маман жоспары бойынша) | **Музыка** (Маман жоспары бойынша) |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту | | | | |
| **Серуен** | № 26 Серуен - танысу Тақырыбы: «Құстар – табиғаттың сыйы» Мақсаты: Құстар жайлы білімдерін кеңейту, қыстап қалған құстардың тіршілігімен таныстыру. Оларға деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Барысы: | №27 Серуен - бақылау Тақырыбы: «Үлкендер еңбегін бақылау» Мақсаты : Балабақша маңайында еңбек етіп жүрген үлкендер еңбегін бақылау, олардың еңбегіне құрметпен қарауға | №28 Серуен - еңбек Тақырыбы: «Қыста қызық жұмыс бар» Мақсаты: Балаларды еңбекке баулу, қызығушылықтарын арттыру. Жыл мезгілдері туралы түсінік беру, әр жыл мезгілінің ерекшілектерін түсіндіру. | №29 Серуен-ажырату Тақырыбы: «Аязды таң» Мақсаты: Қыс мезгілінде ауа-райындағы болатын өзгерістер жайлы білімдерін кеңейту,табиғаттың әсемдігін сезіне,көре білуге тәрбиелеу. | №30 Серуен - бақылау Тақырыбы: «Торғай». Мақсаты: Қыстап қалған құстармен, олардың қысқы тіршілігімен таныстыру. Торғайды бақылау, негізгі ерекшелігін білдіру. Құстарға деген жанашырлық қасиеттерін қалыптастыру, тілдік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | I. Балаларды таза ауаға шығару. Бүгінгі ауа райын бақылау.<br>II. Суреттерін көрсетіп құстардың түрлерімен, қыстап қалған құстармен, олардың тіршілігімен таныстыру.<br>Қарға<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар<br>Боран соқса қор болар<br>Бұтаға келіп қорғалар.<br>Сауысқан<br>Сауысқан, сауысқан<br>Жауыр атқа жабысқан<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан!<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқандатқан сауысқан.<br>Торғай<br>Торғай, торғай, торғайсың<br>Жақын келіп қонбайсың.<br>Жем салайын тойып ал,<br>Сонда торғай тоңбайсың.<br>III.Ойын: «Торғайлар мен автомобиль», «Қарғалар мен қасқыр»<br>Мақсаты: Көңіл – күйлерін көтеру, қозғалыстарын арттыру.<br>IY. Еңбек: Ауланың | тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>I. Балаларды балабақша ауласына саяхатқа шығару. Бүгінгі ауа райын бақылату.<br>II. Аула маңайында еңбек етіп адамдарға назарларын аудару.<br>Сұрақтар қою:<br>- Балалар қараңаршы, аула маңында адамдар не істеп жүр?<br>- Олар қалай киініпті?<br>- Қолдарында не бар?<br>Мақал – мәтелдер:<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>Бейнетсіз рахат жоқ.<br>Жан қиналмай,<br>Жұмыс бітпес.<br>Талап қылмай,<br>Мұратқа жетпес.<br>III. Ойын: « Аққала соғу», «Сырғанақ»<br>Мақсаты: Тату ойнауға, ұйымшылдыққа үйрету.<br>IY. Еңбек: «Ойын алаңының қарын | Барысы:<br>I. Балаларды серуенге шығару. Жыл мезгілдерін суретін көрсете отырып әр жыл мезгілімен, қыс мезгіліндегі жұмыстар түрлерімен таныстыру.<br>Қыста қызық жұмыс бар.<br>Көше бойы омбы қар,<br>Төбесіне шығып ап,<br>Жиналамыз топтала.<br>Жөнелеміз сырғанап.<br>Демей бетім домбығар,<br>Көктің жүзін бұлт торлап,<br>Соғамыз зор ақ қала.<br>Жерді жапса күміс қар.<br>Ауыл сырты – биік жар,<br>Үйде ұстамақ кім зорлап,<br>Бізді күтіп, тұр қарап.<br>Қыста қызық жұмыс бар!<br>II. Ойын: «Аққала жасау», «Сырғанақ».<br>Мақсаты: Балалардың көңілін көтеру,ойын барысында бір-бірімен тату ойнауға,достыққа баулу.<br>III. Еңбек: Ойын алаңын қардан тазалау.<br>Мақсаты: Бірігіп еңбек | Барысы:<br>I. Балаларды жылы киіндіріп,серуенге шығару. Назарларын қыс құбылысына аудартып сұрақтар қою:<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Бүгінгі ауа-райы қандай?<br>Қар қалай жауып тұр?<br>Айнала қандай әсем,нені байқап тұрсыңдар?<br>II. Балаларға Қ.Ыбраевтың «Аязды таң» өлеңін оқып беру.<br>Аспанның сүті –ақ қары<br>Шашқандай түнде күміс<br>Ұнтақ боп зулайды алда<br>Аспан,жер екі арасы.<br>Ағаштың бұтақтары<br>Сияқты бұл көрініс<br>Сым –тікен аумай қалған.<br>Аяздың шекарасы.<br>III. Ойын: «Қаршалар мен боран», «Қардан | қорын дамыту.<br>Барысы:<br>I. Таза ауаға шығу, ауа райын бақылау.<br>II. Балаларды қыстап қалған құстармен таныстыру. Аула маңында ұшып жүрген торғайға назарларын аударып,сұрақтар қою:<br>Балалар, сендер қандай құсты көріп тұрсыңдар?<br>Торғай қалай жүреді?<br>Торғай жемді қалай шоқып жейді?<br><br>Торғай, торғай, торғайсың<br>Жақын келіп қонбайсың.<br>Жем салайын тойып ал,<br>Торғай сонда тоңбайсың.<br>III. Ойын: «Торғайлар мен мысық», «Соқыр теке».<br>Мақсаты: Ойын шартын бұзбай дұрыс ойнауға үйрету, қызығушылықтарын арттыру.<br>IY. Еңбек: Торғайларға жем беру, ауланың қарын күреу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарын күреу<br>Мақсаты: Еңбекке баулу, бір – біріне көмектесе білуге үйрету. | күреу».<br>Мақсаты: Тазалыққа, тиянақтылыққа үйрету | етуге,бір-біріне деген жанашырлық қасиеттерін қалыптастыру. | қамалдар жасау».<br>Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын,қиялын дамыту. Тату ойнауға баулу.<br>IY. Еңбек: Ауланың қарын күреу.<br>Мақсаты: Күрекшелерді дұрыс қолдана білуге үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Мақсаты: Құстарға қамқорлық көрсетуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Бата беру. Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Тәрбиеші: Келген қонақты қалай күтіп аласыңдар?<br>Балалар: Қонақтармен амандасамыз. Үйге кіргіземіз. Төрге шығару. Дастархан жайып, қонақты күту.<br><br>Тәрбиеші: Қонақжайлылықты қалай түсінесіңдер?<br>Балалар: Қонақ келсе жылы жүзбен қарсы алу керек. Қонақ келсе берекесі мен ырысы мен келеді.Сөйлеуді дамыту<br>Тәрбиеші балаларға «Түлкі мен тырна» ертегісін әңгімелеп береді.<br>Тәрбиеші: Қалай ойлайсыңдар осы ертегіде түлкі мен тырна бір-біріне қандай қонақжайлылық көрсетті.?<br>Балалар: Түлкі мен тырна қонақжайлылық көрсете білген жоқ. | Тәрбиеші: Балалар біз бүгін қонақ әдебі туралы әңгімелейміз. Қазақ халқы - қонақжай халық. Қонақ келген кезде ең әуелі амандасамыз. Үйге кіргізіп төрімізді ұсынамыз. Дастархан жаямыз.<br>- Қазақ халқы қашаннан қонақжай халықпыз, дастарханнан дәм кетпеген «Қонақ келсе - құт» әкеледі деп ән тәтті тамақтарын қонақтарына қойған. Үйіне келген қонағын қадірлей білген, сый - құрмет қошемет көрсетіп кішілік танытқан.Қоршаған ортамен танысу<br>1-ден 5-ке дейін тура және кері санау<br>Екі тілде | Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу<br>Қоршаған ортамен танысу | Ұлттық құндылықты дәріптеу<br>Балаларға қазақтың ұлттық ойыны «Арқан тартыс»ойынын ойнату.<br>*Ойын ережесі:*<br>Балалар екі топқа бөлініп арқанның екі жағына тұрып, екі жаққа тартады. Қай топ тартып алады сол топ жеңіске жетеді.<br>**Бір тұтас тәрбие** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиеші: Балалар осы ертегіні өздерің басқаша қалай аяқтар едіңдер.<br>Балалар: Дастарханды түрлі - тағамдардан толтырып қояр едім. Қуана қарсы алып, қонақжайлығымды көрсетер едім.Көркем әдебиет<br>Ойын. «Қонақ күтеміз»<br>Тәрбиеші: балаларды екі топқа бөліп, Бірінші топ - «Қонақтар».<br>Екінші топ -«Үй иелері.<br>Қонақты қалай күту керек екенін көрсетеміз.<br>- қонақпен амандасамыз.<br>- үйге кіргізу.<br>- төрге шығару<br>- дастархан жайып, қонақ күту,Қоршаған ортамен танысу | санау.Математика негіздері<br>Үйде отбасында қонақтарды қалай күтетіндері жайлы әңгіме.Сөйлеуді дамыту<br>Ермексаздан ұлттық ыдыс тостаған жасау.Мүсіндеу<br>Пазл құрату.Құрастыру әрекеті | Қонақтарға арналған бауырсақ реттік сан есімдерді атау, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту;Математика негіздері<br>Бауырсақ илеу және бауырсақ ертгісін тыңдау.Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту<br><br>. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды білуді үйрету . | қайшыны дұрыс ұстауды және оны қолдануды дағдыландыру. | құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалананууды жетілдіру . | көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету. | көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар<br><br>Балалардың сұранысы бойынша «Жеті лақ» ертегісін оқып беру.<br><br>Қимылды ойын «Мысық пен тышқан» | Еркін ойындар<br>Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар | Еркін ойындар<br><br>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» | Балалардың сұранысы бойынша кітаптан  ертегі оқып беру.Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату (көркем әдебиет)<br><br>Еркін ойындар | Балабақша ауласында ұшып жүрген құстардың суретін қарда салдырту. (сурет салу)<br>Еркін ойындар<br><br>Қимылды ойын «Мысық пен тышқан» |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата аналарға кеңес:Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Кешкі ертегі, балалар қалауымен<br>Бала өмірдегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу | Ата-аналармен балаларының тазалығы туралы әңгімелесу | Психологтың кеңесі:Егер ата аналары дүкенне ойыншық әпермеген жағдайда,өзін қалай ұстау қажет. | Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту.Келерде бетперде киіп келуін сұрау |

Тексерілді: [signature] Ахмбекова А.
Дидактиканың ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне сай алу.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 3 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (17.02-21.02.2024.ж)
**Дәйек сөз:** «Өнерлі бала өрге жүзер»
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 17.02.2025ж** | **Сейсенбі 18.02.2025ж** | **Сәрсенбі 19.02.2025ж** | **Бейсенбі 20.02.2025ж** | **Жұма 21.02.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу.Күй қосу,күй күмбірі- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Талқыланатын мәселелер:Бала эмоцияларын қалай білдіреді (қуаныш, реніш, көңілсіздік)?Басқа балалармен немесе ересектермен қалай қарым-қатынас жасайды? Сұрақтар:«Сіздің балаңыз үйде эмоцияларын қалай көрсетеді? Ол көңіл-күйін бөлісе ме?» «Балаңыздың топтағы досы бар ма? Олар бір-біріне қалай | Баланың мінез-құлық мәселелерін түсіндіру және оларды шешу жолдарын бірге табу«Біз сізбен балаңыздың мінез-құлқын жақсартудың тәсілдерін талқылағымыз келеді.»«Кейде балаңыздың өз эмоциясын басқара алмайтыны байқалады. Бұл жаста қалыпты жағдай, бірақ біз оған көмектесу үшін | «Біздің топта қазір балалардың тіл дамытуы, логикалық ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлудеміз.» «Сіздер баланың үйдегі оқуына көмектесу үшін онымен бірге мына тақырыптарды қайталай аласыздар…» | Талқыланатын мәселелер:Баланың ұйқы және тамақтану режимі.Гигиеналық әдеттерді қалыптастыру (қол жуу, тіс тазалау). Сұрақтар:«Балаңыз үйде қандай тағамдарды жейді?» «Түнде балаңыз жеткілікті ұйықтай ма? Таңертең ұйқысы сергек бола ма?» | «Сіздің балаңыз үйде сурет салады ма, музыка тыңдағанды жақсы көре ме?» «Қандай шығармашылық әрекеттер оған көбірек ұнайды?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмектеседі?» | сізбен бірге жұмыс істегіміз келеді.» | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойындар,сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.<br>Республикасының Гимн орындату | | | | |
| | «Таза және лас» Балаларды табиғатта тазалықты сақтау қажеттілігіне үйрету.Жерге таза (жасыл, көк) және лас (қағаз, пластик, қалдықтар) заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын орналастыру.Балалардан таза заттарды бір топқа, лас заттарды екінші топқа жинату.Лас заттарды қоқыс жәшігіне тастауды үйрету Экологиялық тәрбие | «Табиғатты қорғаушылар»Табиғатты қорғау жолдарын үйрету.<br>Бір топ қоқысты жинайды.Екінші топ ағаштарды суарады (ойын түрінде).Үшінші топ құстарға жем шашады (ойыншық құстарға).<br>Экологиялық тәрбие | Табиғат құпиялары» Табиғат құбылыстарын танып білу.<br>«Қыста не жауады?» (Қар).«Жазда аспанда не жарқырайды?» (Күн).Әр жауаптан кейін табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін түсіндіру Экологиялық тәрбие | Кім жылдам?» Баланың зейінін, жылдамдығын және қимыл үйлесімділігін дамыту.Ойыншықтарды (доптар, текшелер, шарлар) еденге шашып қойыңыз.Балаларға белгілі бір түсті немесе пішінді заттарды жинау«Қызыл текшелерді кім жылдам жинайды Танымдық дағды | Сурет құрастыр» Құрастыру және логикалық ойлауды дамыту.Суретті бірнеше бөлікке қиып, бөліктерді балаларға беріңіз.Балалардан бөліктерді біріктіріп, суретті құрастыруды сұраңыз.Құрастырылған сурет туралы әңгіме құрастыру Коммуникатвитік дағды |
| **Ертеңгілік жаттығу** | (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).( **Маман жоспары бойынша).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың | Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта | Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік- | Тәрбиеші қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлері | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. | қозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруы, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). | аласа, жуан- жіңішке сын есімдермен белгілеуді үйретуді жалғастыру. | туралы қысқаша түсіндіріп, балаларға сұрақтар қояды:<br><br>"Қазақтың ұлттық киімдерін кім біледі?"<br><br>"Қандай ұлттық тағамдарды жеп көрдіңдер?"<br><br>"Қандай қазақ ертегілерін білесіңдер?" | өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>(Маман жоспары бойынша) | **Музыка**<br>(Маман жоспары бойынша)<br>**Дене тәрбиесі**<br>(маман жоспары бойынша) | **Қазақ тілі**<br>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. | **Дене тәрбиесі**<br>(Маман жоспары бойынша) | **Музыка**<br>(Маман жоспары бойынша) |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | №31 Серуен - бақылау<br>Тақырыбы: «Ақ қырау»<br>Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің қатал ауа райы жайлы әңгімелеу. Қыс мезгілін басқажыл мезгілдерінен ажырата білу, өзгешеліктерін салыстыру. Терезеге салынған қырау суреттерін көрсету.<br>Барысы:<br>І. Бақылау<br>- Балалар бүгін ауа райы қандай?<br>- Қардың түсі қандай?<br>- Қыс мезгілін ұнатасыңдар ма?<br>ІІ. Ақ қырау<br>Өзеніме, көліме,<br>Әсем ою ойыпты.<br>Ағаштардың бәріне,<br>Алқа тағып қойыпты.<br><br>Қ. Жұмағалиев.<br>Қыс мезгілі жайлы сұрақтар қойып, айналаны бақылай отырып әңгімелесу.<br>ІІІ. Еңбек: Қар күреу.<br>Мақсаты: Күректі дұрыс ұстауға үйрету, үлкендерге көмектесу, еңбектің нәтижесін | №32 Серуен - әңгіме<br>Тақырыбы: «Қыста қызық жұмыс бар»<br>Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктерін, қысқы ауладағы өзгерістер мен жұмыс түрлері туралы мағлұмат беру. Ұжымдық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Барысы:<br>І. Қысқы табиғатқа бақылау жүргізу.<br>Мақсаты: Табиғатты танып білуге соның ішінде қыс мезгілінің ерекшеліктерін толық айта білуге үйрету. Балалардың сөздік қорларын молайту, табиғат тақырыбында әңгіме құрай алу, сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру.<br>Барысы: Балалардың назарын айналаға аударту, табиғат өзгерісиерін анықтау. | №33 Серуен – сурет<br>Тақырыбы: «Күрелген ойын алаңында таяқшалар арқылы жерге сурет салу».<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылықтарын дамыту.<br>Таяқшалар арқылы сурет салуға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Серуеннің барысы:<br>І. Сурет:<br>Балаларға сурет салу әдістерін көрсету. Үш саусақпен таяшаны дұрыс ұстап, қар бетіне сызықтар арқылы сурет салу.<br>- Қардың түсі қандай?<br>- Қар қандай?<br>- Қарды ерітсеңде не пайда болады?<br>- Суды қатырса неге айналады?<br>Сурет салу.<br><br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Ою - өрнек сызайық.<br>Мысық ізі, ит ізі,<br>Бораған қар, қатқан су беті. | №34 Серуен – қоштасу<br>Тақырыбы: «Қыстың соңғы күндері-ай!»<br>Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін бекіту. Айналаның келбетін бақылатып, әңгімелету. Қыстың сорңғы күні жайлы түсініктерін қалыптастыру. Ойлау, салыстыру, бақылау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы:<br>І. Бүгінгі ауа райын бақылау. Лента арқылы желдің бағытын бақылау.<br>ІІ. - Балалар жылдың неше мезгілі бар?<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс айларын атап беріңдерші?<br>Айналаға қараңдаршы, қыс келбеті қандай?<br>Қыстың негізгі белгісі не? (қар)<br>Қар туралы не айтуға | Қайталау.<br>Серуен – бақылау<br>Тақырыбы: «Ауа райын бақылау»<br>Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің суық, аязды, қарлы табиғи құбылыстары жайлы әңгімелеу. Жыл мезгілінің ең суық – қыс мезгілі жайлы айтып беру. Таңертеңгі ауа – райы мен кешкі ауа – райын салыстыру..<br>Серуеннің барысы:<br>І.Бақылау:<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Ауа – райы қандай?<br>- Қар жауып тұр ма?<br>- Далада аяз бар ма?<br>Бұл қай кезде болады?<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып,<br>Терезеңді торлайды.<br>Бет домбығып,<br>Қарға омбығып,<br>Балақандар ойнайды.<br>Айтыңдаршы бөбектерім,<br>Бұл қай кезде болады? (қыста)<br>ІІ. Еңбек. «Қар жинау»<br>Мақсаты: Балаларға тәрбиешінің көмегімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету.<br>Ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>IY. Қ\О «Апандағы аю»<br>Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттыру, қол-аяқ бұлшықеттерін жетілдіру. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. | Қар жауған соң ауа райы, аула тіршілігі қандай өзгерісте екендігін сұрау. Балалар, айналада нені байқап тұрсыңдар?<br>Ауа райы қалайша өзгерген?<br>Аспан қандай?<br>Қандай табиғи құбылыс болды?<br>Қар қалай жауыпты?<br>II. Еңбек әрекеті<br>Ауладағы қарды күрекпен күреп, тазалау.<br>Мақсаты: Еңбек арқылы балаларды тазалыққа, қоршаған ортаны күтуге тәрбиелеу.<br>III. Қ\О «Мен соғамын аққала», «Қар лақтырысу»<br>Мақсаты: Ойын арқылы балалардың қимылл-қозғалыстарын артыру, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Ойын арқылы балалардың бір-бірімен қарым- | Ою - өрнек әдемі,<br><br>Қылқаламды алайық,<br>Сәнді өрнек салайық.<br>II. Еңбек. «Құстарға жем беру»<br>Мақсаты: Балаларды қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Табиғатты қорғауға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>Мақал: «Еңбек түбі – береке»<br>III. Қозғалмалы ойын. «Аққу - қаздар»<br>Мақсаты: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттыру, қол – аяқ бұлшықетттерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. | болады? Қандай қасиеттері бар?<br>- Қыс мезгіліне байланысты жаттаған тақпақтарымызды есімізге түсіріп, мәнерлеп айтып берейікші.<br><br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып-жылытыр боп жатады.<br>**Қыс**<br>Қыс келгенде далаға<br>Ақ ұлпа қар сән беріп,<br>Жегіп атты шанаға,<br>Кетейікші сар желіп...<br>III. Д\О «Бұл қай ойын?...»<br>Мақсаты: Берілген сипаттама арқылы қысқы ойын түрлерін ажырату. Балаларға бүгін қыстың соңғы күні екенін айту, қыстан кейін көктем келетінін түсіндіру.<br>Қ\О «Қар мен күн»<br>Мақсаты: Табиғат арасындағы байланысты көрсету. | ойын алаңын қардан тазалауға үйрету. Күреу құралы – күректі дұрыс ұстауды көрсетіп, үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. Еңбектің нәтижесін көрсету.<br>III. Қозғалмалы ойын. «Көлік пен торғайлар»<br>Мақсаты: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттыру, қол – аяқ бұлшықетттерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қатынастарын арттыру. | | Жылдамдықтарын, шапшаңдықтарын арттыру.IY. Еңбек әрекеті<br>Ойын алаңындағы қарды тазалап, оны ағаштың түбіне үю. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br><br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.<br>**(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | (қоршаған ортамен танысу)<br>Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын | (сөйлеуді дамыту)<br>Тіл алмаудың кесірі әңгімесін естеріне түсріу. Көктем | (көркем әдебиет)<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, | Ұлттық әндер мен билер .<br><br>Балаларға "Қара | **Зерттеу тақырыбы: «Мақтаның суды сіңіруі»**<br>Мақсаты: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы көктем мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жан уарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, коректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. | мезгілі келе жатқанымен әлі де далада суық екенін ұмыптау керектігін түсіндіру<br><br>(мүсіндеу)<br>Көктем мезгіліне дайындық. Еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндету. | ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br><br>(сурет салу).<br>Ұлттық заттарды көрсетіп, оларда бейнеленген оюларды та<br>нып атау дағдысын пысықтау. «Қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді үйрету | жорға" биін қалай билеу керектігін үйрету.<br>"Әлди-әлди" қарапайым халық әнін бірге айту. | Мақтаның суды жақсы сіңіретінін тәжірибе арқылы көрсету.<br>Міндеттері:<br>Балаларды тәжірибе жасауға үйрету.<br>Заттардың қасиеттерін салыстыру.<br>Қажетті заттар:<br>Мақта, су, табақша.<br>Жасалу жолы:<br>Табақшаға су құямыз.<br>Мақтаны суға саламыз.<br>Балалар мақтаның суды қалай сіңіретінін бақылайды.<br>Қорытынды:<br>Мақта суды тез сіңіреді, сондықтан ол жұмсарып, ауыр болады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытуға ынталандыру. | өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытуды баулу. | жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыруды үйрету. | жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды білуді баулу. | қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуду жетілдіру . |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Пішіндер әнін айтқызу<br>«Торғай» тв<br>(музыка)<br><br>Еркін ойындар | Еркін ойындар<br>Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды қайталау;<br>(дене шынықтыру) | Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету.<br>(музыка)<br><br>Еркін ойындар<br>Қимылды ойын<br>«Жалауға қарай жүгір» | Балалардың қалауы бойынша дербес шығармашылық әрекеттер.<br>Еркін ойындар<br>Қимылды ойын<br>«Поезд» | Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету.<br>(музыка)<br><br>Еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата аналарға кеңес:Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Кешкі ертегі, балалар қалауымен<br><br>Бала өмірдегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу | Ата-аналармен балаларының тазалығы туралы әңгімелесу | Психологтың кеңесі:Егер ата аналары дүкенне ойыншық әпермеген жағдайда,өзін қалай ұстау қажет. | Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту.Келерде бетперде киіп келуін сұрау |

Тексерілді: Ахмебекова А.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 4 апта

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (24.02-28.02.2024.ж)
**Дәйек сөз:** «Жасампаздық – бәрімізге өнеге».
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 24.02.2025 ж | Сейсенбі 25.02.2025ж | Сәрсенбі 26.02.2025ж | Бейсенбі 27.02.2025ж | Жұма 28.02.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Әсем әуенмен қарсы алу | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Смайлик арқылы қарсы алу | Күймен қарсы алу. **Күй күмбірі** | Достық тілегімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме | Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | «Әдемі кілемшелер» міндеті: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Танымдық дағдылар** | «Таныс пішіндер доминосы» міндеті: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. **Танымдық дағдылар** | «Өз үйіңді тап» Ойынның міндеті: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету **Танымдық дағдылар** | «Зейінді бол» Міндеті: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, дөңгелекті көрсете білу. **Танымдық дағдылар** | «Мынау қай пішін?» Міндеті: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. **Танымдық дағдылар** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Маман жоспары бойынша | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Бата беру. ***Біртұтас тәрбие*** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және | Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс | Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы | Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, | Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу **Математика негіздері** | қанаты», «бүршік» Элементтердің орнала суретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға зейін бөлуін дамыту **Сурет салу** | үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу. **Сөйлеуді дамыту** | кебежемен, қоржынмен таныстыру. **Жапсыру** **Біртұтас тәрбие** | және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.**Құрастыру** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі** Маман жоспары бойынша | **Музыка** Маман жоспары бойынша **Дене тәрбиесі** Маман жоспары бойынша | **Қазақ тілі** Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұның дұрыс қабылдауға баулу. | **Дене тәрбиесі** Маман жоспары бойынша | **Музыка** Маман жоспары бойынша |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту. Бата беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. ***(дене жаттығулар мен белсенділігі)***<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | Көктемнің алғашқы айы наурыз екенін. | Ғажайып қорапшадан | Қамшымен таныстыру. | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Наурыз тойы туралы ақпарат беру. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Ұлттық бұрышта, ұлттық киімдерді киіп, қонақты күтіп алып шығарып салуын дәстүрге сай ұйымдастыруын сахналату. **(сөйлеуді дамыту)** | қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарып. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын атйып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** **Біртұтас тәрбие** Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көру. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>Дайын әшекей бейнелерін бояту **(сурет салу)** | Бөліктерін атау, тану. Оны кеңістікте орналастыру арқылы анықтау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **(математика негіздері)** **Біртұтас тәрбие** «Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшы мен жасату. **(музыка)** | естеріне түсіру. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Зерттеу:** «Өсімдік қалай өседі?» **Мақсаты:** Өсімдіктің өсуіне қажетті жағдайларды анықтау **Зерттеу барысы:** Бір өсімдікті суарып, екіншісін суармай бақылау. Күн көзі бар және жоқ жерде өсіру **Қорытынды:** Өсімдікке су, жарық, ауа қажет |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді | Қайшыны дұрыс ұстауды және оны | Балаларға құрылыс бөлшектерін ажыратады және | Көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды білуді үйрету . | қолдануды дағдыландыру. | атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалананууды жетілдіру . | мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға үйрету.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | | **Бүгінгі ауа райын бақылау, қардың мөлшерін анықтау**<br>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. **(сенсорика)**<br>Қ/о Қ/о *«Шеңберге тез тұр»* | **Бүгінгі ауа райын бақылату**<br>Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды үйрету.<br><br>Еркін ойындар | **Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын лента арқылы бақылату**.Үй жануарларымен жабайы аңдарды бөліп сипаттауды үйрету **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Қ/о *«Шеңберге тез тұр»* | **Бүгінгі ауа райына назар аудартып, кешегімен салыстырту**.Үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыс түрін таңдап жасату **(Құрастыру)**<br>Қ/О «Жалауға қарай жүгір» |
| **Серуеннен оралу** | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дам** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. |

Тексерілді: Бердалиева

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 3 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 17.03-21.03.2025ж
**Апта дәйексөзі:** «Ар- намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 17.03.2025ж** | **Сейсенбі 18.03.2025ж** | **Сәрсенбі 19.03.2025ж** | **Бейсенбі 20.03.2025ж** | **Жұма 21.03.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу,күй күмбірі | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойындар,сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.<br>Қ.Р ән ұранын орындау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар** | Жайлы әуен қосылады. Тәрбиеші: «Күн шықты!» десе – балалар қолдарын көтереді. «Жел тұрды!» десе – тербеледі.«Құстар ұшты!» десе – қолдарын қанат сияқты қағады.Дене тәрбиесі | Қазақтың ұлттық киімдерін тану, олардың атауы мен ерекшеліктерін үйрену.<br>Киім кию ойыны<br>Балаларға ұлттық киімдерді кигізіп, олардың қай киім екенін атауын сұрауға болады. Балалар өздері киімді тез әрі дұрыс киюге тырысады.Бір тұтас тәрбие | Сипаттау ойыны<br>Жүргізуші бас киім туралы сипаттама айтады (мысалы: «Бұл бас киімді қыздар ұзатылғанда киген»). Балалар оның қандай бас киім екенін табады («Сәукеле»).<br>Топтық жарыс<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топтан бір бала бас киімді киіп шығады, ал қалғандары оның атауын табады.Дұрыс тапқан командаға ұпай беріледі. Бір тұтас тәрбие | Дәмін татып білу (егер мүмкіндік болса)Балалар көзі жұмулы күйде тағамның дәмін татып, оның атауын табуға тырысады. Әр дұрыс жауап үшін ұпай беріледі.<br>Топтық жарысс<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топқа ұлттық тағамдардың суреттері мен атаулары беріледі. Қай топ тағамдарды дұрыс сәйкестендірсе немесе сипаттаса, сол жеңімпаз атанады. Бір тұтас тәрбие | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Маман жоспары бойынша | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа | Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. | Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу | ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беруді пысықтау.<br>«құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. | Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру | сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Дене шынықтыру<br>(маман жоспары бойынша) | (Маман жоспары бойынша)<br>Дене шынықтыру<br>(Маман жоспары бойынша) | **Қазақ тілі**<br>**Тілдік дамытушы орта**Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонацияменс өйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу | Дене шынықтыру<br>Маман жоспары бойынша | |
| | Ата –бәйтерек,<br>Бала–жапырақ мақылын мнемо кесте арқылы көрсетіп түсіндіру. Бәйтерек ағашы туралы фильм суреттер қарату.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Балаларды орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, | Ғажайып қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды таныстыру. Дид. ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балаларға | Дид.ойын «Ағаштардың дәнін тап» Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстырғызу. **(мүсіндеу)** | ертегі,әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. **(көркем әдебиет)** Екінші орталықты дербес шығармашылшық әрекет. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын айтып беруді пысықтау. **(сурет салу).** | топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасату. **(математика негіздері)** Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету **(құрастыру)** | Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнауын ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)** Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын айтып беруді пысықтау. **(сурет салу).** | |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту | | | | |
| **Серуен** | №11 Серуен әңгіме Тақырыбы: «Шуақты күн» Мақсаты:Жаз мезгілінің қазіргі уақыттағы ерекшелігіне тамсандыру. Әңгімелеу, бақылау, ойлау, салыстыру қабілеттерін | №12 Серуен Тақырыбы: «Бағдаршамға бақылау» Мақсаты: Көлік қозғалысын, жол тәртібін бағдаршамның қызметін бақылату. | №13 Серуен Тақырыбы: «Жаңбыр, жаңбыр» Мақсаты: Жаз мезгілінің құбылысының бірі жауын жайлы түсініктерін кеңейту. Жаңбырдан кейінгі | №14 Серуен - театр Тақырыбы: «Кішкентай әртістер» Мақсаты: Ертегілерді рөлдерде ойнату. Балалардың тілдерін, сөйлеу мәнерлерін қалыптастыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру, тілдерін дамыту. Өсімдіктерге, табиғатқа қамқорлық жасауға дағдыландыру. Еңбектің маңызын түсіндіру.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын, күнге, аспанға бақылау жасау.<br>II.<br>Шуақты күн.<br>Жаздың күні шуақты,<br>Ойда-қырда тамаша<br>Сағым перде сияқты,<br>Жер аумаған алаша.<br>-Өлеңде қай жыл мезгілі суреттелген?<br>-Жазда күн қандай болады?<br>-Жер неге ұқсайды?<br>-Айналамызға қараңдаршы, қандай?<br>III. Еңбек әрекеті<br>Гүлзарлардағы гүлдерге су құю.<br>Ұмытпай күнде, Су құям гүлге.<br>Жайнайды гүлім,<br>Құлпыртып түрін.<br>IY. Ойын «Құмда қалған із» | Жолда сақ болуға үйрету, бағдаршамның үш түсіне бағынуға дағдыландыру.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі күнге, ауа райына бақылау жасау.<br>Аспан түрді түндігін<br>Жерге сәуле жайылды.<br>Неткен ашық күн бүгін,<br>Қайырлы таң, қайырлы.<br>II. Балаларды сапқа тұрғызып, балабақшаға жақын маңдағы көліктер қозғалысына бақылау жасауға апру.<br>Көліктер қозғалысын, көлік түрлерін, бағдаршамның қызметін, жаяу жүргіншілердің жолдан өту кезеңдерін бақылау.<br>Жол тәртібі кімге керек? | ауаның тазалығын, хош иісін, жердің ылғалды болатынын түсіндіру. Жаңбырдан кейін жерде құмырысқалар қаптап кететінін айту, жәндіктерге бақылау жасау.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын бақылау.<br>II. - Қане, балалар, таза ауада терең дем алайықшы.<br>-Ауа қандай таза, күндегіден өзгеше бір иіс шығады. Ол ненің иісі деп ойлайсыңдар?<br>- Бұл иіс жаңбырдан кейінгі ауаның иісі. Өте таза, қандай керемет иіс?(тағыда иіскету)<br>- Жерге қараңдаршы, қандай өзгеріс байқап тұрсыңдар?<br>- Жер дымқыл, себебі оған жаңбырдың тамшылары тамды. Гүлдерде, өсімдіктер де, ағаштар да жаңбыр | Әртістік қабілеттерін ашу.<br>Қызығушылықтарын арттыру.<br>Еңбексүйгіштікке, табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын, аспанды, күнді бақылау.<br>- Бүгін ауа райы қандай?<br>- Аспан қандай?<br>- Күн ше?<br>- Жел бар ма, жоқ па?<br>- Жел болмаса ондай күнді «тынық» күн дейміз.<br>Балабақша – үйіміз,<br>Ағалардан сыйымыз.<br>Серуендеп шығамыз,<br>Таза ауаға жиі біз.<br>II. Балалар, сендер бірнеше ертегілерді білесіңдер. Сұлу елік сендерге саусақ театрын ойнатуға мынадай саусаққа киетін қуыршақтарды алып келіпті. Бүгін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құмға іздерін қалдырып, кімнің ізі екенін ажырату, салыстыру.<br>«Ақ серек, көк серек» ойынын ойнау. | Бірге ойланып көрейік.<br>Білімді салып сарапқа,<br>Біз төрелік етейік.<br>ІІІ. Д\О «Жолаушы»<br>Қызыл түс – тік тұру.<br>Сары түс – қол шапалақтау.<br>Жасыл түс – жүру.<br>Қ\О « Көліктер мен адамдар»<br>Мақсаты: Жол тәртібі жайлы алған білімдерін ойын барысында көрсету.<br>ІҮ. Еңбек әрекеті<br>Құмсалғыш айналасындағы құмды қалақшалармен құмсалғышқа жинау. | суын жұтып, тамаша жайқалып тұр. Жердің шаңыда басылды. Жаңбырдан соң аспанда не пайда болады?<br>- Кемпірқосақтың жеті түсі болады. (түстерін атап беру)<br>Жел соғады гу-гу.<br>Орман іші шу-шу.<br>Нөсерлеткен жаңбырдан<br>Жапырақтар су-су.<br>ІІІ. Еңбек әрекеті<br>Жаңбырдан кейінгі тазалық жұмысын жүргізу - ауланы сыпыру.<br>ІҮ. «Ұлдар мен қыздар» ойыны<br>Мақсаты: Балалардың өз-өздерін жақсы жақтарымен ғана ойлап, өздерін сипаттауға үйрету. өзін, өзгені құрметтеуге тәрбиелеу.<br>«Сыйлап үлкен кісі | сендер сұлу елікке ертегі айтып бересіңдер. Балалар рөлдерге бөлініп, «Бауырсақ ертегісін» ойнайды.<br>Сұлу елік балаларға риза болғанын айтып, тағы қандай ертегі білетіндерін білу үшін «Бұл қай ертегі» ойынын ойнатады.<br>ІІІ. Д\О «Бұл қай ертегі»<br>Қ\О «Аңшылар мен үйректер»<br>ІҮ. Ойын алаңына су сеуіп, сыпыру, қоқыстарды тазалау.<br>«Тазалық – денсаулық кепілі»<br>«Дені саудың жаны сау» | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту. Бата беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) **Біртұтас тәрбие** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) **Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Кітаптар қарату. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру.<br>Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)<br>Құстардың мүсінін жасату, қиып жапсыру жұмыстарын орындату (мүсіндеу, жапсыру)<br>Конструктордан әр түрлі құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) | Кітаптарды қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту)<br>Дайын ағаштарға жапырақтар мен гүлдерді ермексаздан жасап, немесе қағаздан қиып жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру)<br><br>Көктем туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка) | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу.<br>Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мумкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)<br>**Зерттеу:«Ауа бар ма?»**<br>**Мақсаты:** Ауаның бар екенін дәлелдеу<br>**Зерттеу барысы:**<br>Шар үрлеу<br>Суға стақанды төңкеріп батыру (көпіршік шығады) | «Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін қайталап айтып беру дағдыларын пысықтау. (сөйлеуді дамыту)<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Қорытынды:** Ауа көрінбейді, бірақ бар | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балаларға жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыруды үйрету. | Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша, өз бетінше ретімен қайталап айтуын үйрету. | Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды білуді баулу. | Топтағы балалармен шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды үйрету | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: Табиғат өзгерістерін бақылау. Жел соғады, күннің көзі жылытады, қар ериді. Ертегі кітаптарын қарату, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту) Балаларды орталықтарға бөлу. Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен | Бақылау: Көктемгі желді бақылау. Көктем туралы әнді естеріне түсіріп айтқызу, би билету. (музыка) Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Көктемнің белгілері гүлдерді ермексаздан жасап, қиылған гүлдерді жапсыру. (мүсіндеу және жапсыру) | Бақылау: Көктемгі алғашқы гүлдерді бақылау.алаларды орталықтарға бөлу.<br><br>Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салғызу, мүсінін жасауына жағдай жасау. (сурет салу, мүсіндеу)<br><br>Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру | Бақылау: Бұталарды бақылау.Өздері отырғызған дәндерге су құю, оларды бақылатып дәл қазіргі сәттегі бейнесін салу. (қоршаған әлеммен таныстыру және сурет салу)<br><br>Отырғызған дәнінен қандай өсімдік өсіп шығатынын ойлап, ермексаздан мүсінін жасату (мүсіндеу) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>(мүсіндеу)<br>Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. | | (құрастыру) | Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру<br>(көркем әдебиет) | |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | |

Тексерілді: Бердаулетова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 4 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 26.03-28.03.25ж
**Апта дәйексөзі:** «Патротизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | | | **Сәрсенбі 26.03.2025ж** | **Бейсенбі 27.03.2025ж** | **Жұма 28 .03.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу,күй күмбірі | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу,күй күмбірі | Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу,күй күмбірі |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар** | | | Бауырсақпын, бауырсақ, (Қолдарын домалақтайды) Секіремін домалап. (Орындарында секіреді) Аю келді – тоқтадым, (Орындарында тұра қалады) Қоян шықты – қашамын! (Жүгіргендей жүреді) ! Дене тәрбиесі | Сергіту сәті. ойын. Көңілді әуенмен, өлең шумақтарын қайталау (Көңілді музыка қосылады, балалар қимылдарды қайталайды) Жоғары секір! Қанат қағып ұш! Аюдай қорбаңда! Мысықтай | «Өзім туралы» Өздері туралы айтып береді  Мен … жастамын. Менің сүйікті түсім – … Менің сүйікті тағамым – Менің достарым …Менің сүйікті ойыным … Менің отбасымда … адам бар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | созыл! Балапандай шиқылда! Дене тәрбиесі | Коммуникативтік дағдылар |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Маман жоспары бойынша | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.  Өз орнын тауып Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | | | Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру | Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету | Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.<br>Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Қазақ тілі**<br>Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру | **Дене шынықтыру**<br>(Маман жоспары бойынша) | **Музыка**<br>(Маман жоспары бойынша) |
| | | | Көктем мезігілі туралы фильм көрсету. Көктемде ағаштар бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айту. Бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр | Терезеге қарап жаңбырды тамашалату. Жаңбыр туралы не білетндерін сұрау. Далаға шелектер қойып су жинату, жиналған суды топтағы өсімдіктерге | «Ғажайып қоржын » дид. ойыны арқылы  ас ішу құралдарымен сипап тану арқылы атуын ұйымдастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | түрлі уақытта болатынын айту. Мысалы Астанаға көктем кеш келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіру. Терезеге қарап, ағаштарды бақылату. Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет салып, есімізге сақтап қалайық деп сурет салуды ұсыну.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сурет салу)**<br>«Бақша ағаштары» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын баларға түсіндіру.**(көркем әдебиет)** | құйғызу**(сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен танысу)**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Күн тәртібі бейнеленген суреттерге ауа райын бақылап, жаңбыр қай кезде жауып тұрса, сол кезде жаңбырдың карточкасын жапсырту.<br>**(математика негіздері)** | «Үш аю» ертегісін кітаптан тамашалатып таныстыру<br>**(көркем әдебиет)**<br>геометриялық фигуралар үшбұрыш және шаршыға ұқсайтын орамалдарды ұстау және көру тәсілдері арқылы салыстырып жинату Карточкалардан үш бұрыш пен шаршының орнын табу ойынын ойнату.<br>**(математика негіздері)** |
| **Екінші таңғы ас** | Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту | | | | |
| **Серуен** | | | **№15 Серуен - Бақылау Тақырыбы: «Табиғат және адам»**<br>Мақсаты: Балабақша ауласында мақсатты бақылау | **№16 Серуен – тамашалау (Ойын күні) Тақырыбы: «Таң қаламыз»** | **№17 Серуен (Денсаулық күні) Тақырыбы: «Денсаулық жан саулық»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | - өсімдіктер, гүлдер, көкеністердің өсуіне бақылау жасау.табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту.<br>Барысы:<br>I. Балаларға бүгінгі ауа райын бақылату.<br>II. - Балалар біздің бақшамыздың ауласы қандай?<br>-Әдемі, көңілді, т.б.<br>-Неге әдемі, көңілді?<br>-Иә, ауламызда әдемі гүлдер, ағаштардың жапырақтары жайқалып өсіп тұр.<br>- Қанекей, бәрің мына гүлдерге қараңдаршы. Бұл «қазтамақ» гүлі.<br>Аулада өсіп тұрған гүлдерге, оған қонған көбелектерге балалрдың назарларын аудару. Аулаға көрік беріп тұрған гүлдердің әдемілігін түсініп, оны жұлмай күтіп баптауға дағдыландыру. Гүлге әсемдікті жарастырып жүрген көбелектердің әдемілігін тамашалату.<br>Көбелек-ау, көбелек,<br>Әдемісің керемет. | Мақсаты: Балаларға әр верандаға салынған суреттерді тамашалатып, сол суреттер бойынша әңгімелету. Және ауламызда жаңадан жасалып жатқан - доңғалақты мүсіндерді тамашалату. Олардың түр әлпеттері жайлы әңгімелету. Тақпақтар айтқызу. Тілдерін дамыту. Жүйелі сөйлеу мәнерін қалыптастыру.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын бақылату.<br>II. Балалар біз ойнайтын алаңдарда верандалар бар. Әр топтың верандасына әдемі суреттер салыныпты, біз қазір сол суреттерді көруге барамыз. Балалармен бірге әр топтың верандасындағы суреттерді тамашалап, әңгімелесу.<br>Әр топтың ойын алаңында доңғалақтан | Мақсаты: Балалардың адам денсаулығы жайлы түсініктерін кеңейту. Денсаулықты сақтау, денсаулыққа қажетті жағдайларды үнемі қолданып, атқарып жүруге шақыру.<br>Барысы:<br>I. - Балалар, бүгін ауа райы қандай?<br>- Аспан қандай?<br>- Күн қандай?<br>- Қазір тәуліктің қай бөлігі?<br>- Жел қай бағытқа, қалай соғып тұр?<br>II. Денсаулық ол күлуің<br>Көңіл күйің жадырай,<br>Денсаулық ол жүруің<br>Ешбір жерің ауырмай.<br>Денсаулық жайлы әңгімелесу, балалардың өз ойларын тыңдау, ақыл-кеңестер беру.<br>III. Д\О «Денсаулыққа не қажет»<br>Мақсаты: Денсаулыққа қажетті заттар, оларды дұрыс қолдану және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Гүлге келіп қона ғой,<br>Сенде гүл бола ғой.<br>Гүлдер қандай тамаша<br>Көзді тартар қараса.<br>Қызыл, жасыл төңірек<br>Бейне жатқан алаша.<br>Баубақшамызда өсіп жатқан көкеністерге де бақылау жасату. Олардың осы уақытқа дейін қаншалықты өсіп қалғандығына көз жеткізу. Жапырақтарынан сәбіз, қияр, қызанақ, сарымсақ, бұрыш, орамжапырақ, т.б. ажыратып, таныстыру.<br>Жапырақтарының ұлғайып, гүлдене бастағандарын, осы гүлдер арқылы жемістер өніп шығатынын түсіндіру.<br>III. Еңбек әрекеті<br>Баубақшадағы көкеністерді суғарып, арам шөптерін жұлу.<br>Мақсаты: Арамшөптердің көкеністердің өсуіне кедергі келтіретінін түсіндіріп, өсімдіктерге деген қамқор қарым-қатынас дағдысын дамыту.<br>IY. «Қандай өсімдік» ойыны | жасалып жатқан бейне мүсіндерді де тамашалау. Қоян, ай, қалқанқұлақ, тиін – оларды бір сөзбен жануарлар деп атаймыз. Олар орманда болады, біз оларды ертегілерден білеміз. Және осы жануарлар жайлы сипаттамалар, олардың пайдасы, тіршілігі жайлы айту. Осы жануарлар туралы білетін тақпақтарын айту.<br>III. Ойын алаңына келіп ойнайтын ауланы қоқыстан тазалау.<br>Аулаға су себу.<br>IY. «Соқпақ жол» ойыны.<br>Мақсаты:<br>Қимылын, сезімін дамыту, баланың жеке басын қалыптастыру.<br>«Құмда тығылған затты тап» ойыны.<br>Өз қалаулары бойынша доппен ойындар ойнау. Құмда | күнделікті пайдалану туралы ойларын жетілдіру.<br>Д\О «Сиқыршы»<br>Мақсаты: уақытымен ұйықтау денсаулықтың бір шарасы екендігін айту.Ұйқының, түстің құпияларын айту. Ұйқыға деген жағымды сезімдерін яту.<br>Доппен ойындар ойнау, құмда, верандада ойнау.<br>IY. Еңбек әрекеті<br>Құмсалғыштың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мақсаты: Сипаттама арқылы өсімдіктерді ажыратқызу, олардың дәмін, пішінін, түсін айтқызу. | ойыншықтарымен ойнау. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Бата беру. Біртұтас тәрбие | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка) **Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Бесін ас** | Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | | | Балаларды орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>(көркем әдебиет)<br>Екінші орталықты дербес шығармашылшық әрекет. Сюжетті композицияларды | Ғажайып қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балаларға топтан соның жұбын | Дидактикалық ойын «Ағаштардың дәнін тап» Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын айтып беруді пысықтау.<br>(сурет салу). | тауып саластыру жағдайын жасату.<br>(математика негіздері)<br>Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету<br>(құрастыру) | жасырып ойнауын ұйымдастыру<br>(сөйлеуді дамыту)<br>Дәндерді 5еуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасату.<br>(математика негіздері)<br>**Зерттеу:** «Не тартылады, не тартылмайды?»<br>**Мақсаты:** Магниттің қасиетін зерттеу<br>**Зерттеу барысы:** Әртүрлі заттарды магнитке жақындату (темір, ағаш, пластик)<br>**Қорытынды:** Магнит тек темір заттарды тартады |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | Балаларға дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртуды баулу. | Топтағы балаларға еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуді үйрету. | Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы білуді ынталандыру. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | | | **Балаларға бүгінгі ауа райын бақылату** | **Бүгінгі ауа райын бақылату.** Еркін ойындар | **Бүгінгі ауа райын бақылау**<br>Қимылды ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (муызка)<br>Еркін ойындар<br>Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір» | Қимылды ойын «Поезд» | Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | | | Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме | Бала десаулығы мен тазалығы жайлы әңгіме | Баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгіме |

Тексерілді: Бердалиетова

Ұсыныс: Ұлттық ойындарды жүйелі түрде кірістіру ұсынылады.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 1 апта**

**Білім беру ұйымы:** ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 31.04-04.04.25ж
**Апта дәйек сөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (А.Құнанбаев)**
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 31.03.2025** | **Сейсенбі 01.04.2025** | **Сәрсенбі 02.04.2025** | **Бейсенбі 03.04.2025** | **Жұма 04.04.2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу «Амансың ба, Алтын күн!»<br>Амансың ба, Алтын күн!<br>Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) | Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) мультфильмді қосып қарсыалу.<br>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, музыка) | Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу.<br>(музыка) | Сәлемдесу «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) | Әр баланы күлімсіреп, есімімен атап қарсы алу,<br>Бұл балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік беру.<br>«Күй күмбірі» - арттыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-анаға кеңес: Балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру мақсатында ата-аналарға байланыс орнатуға көмектесу | Ата-аналармен әңгіме: Баланың қызығушылықтарын анықтау және оларды балабақшадағы іс-шараларға енгізу. | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме | "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама. | «Бала бөлмесіне арналған гүлдер» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сандар қалашығы"**<br>5 көлемінде тура және кері санау.<br>**Құрастыру:** Текшелерден **"Сандар қалашығын"** жасау.<br>**Ойын:** *"Кім тез санайды?"* – Балалар текшелерді ретімен қойып, санайды<br>**(Математика негізі ,Құрастыру )** | **Ұзын ба, қысқа ма?"**<br>Ұзын – қысқа ұғымдарын салыстыру.<br>**Құрастыру:** Құрылыс материалдарынан **"Ұзын көпір мен қысқа көпір"** жасау.<br>**Ойын:** *"Ұзындығын тап!"* – Балалар ұзын және қысқа жолдарды құрастырады.<br>**(Математика негізі ,Құрастыру )** | **"Қалың ба, жұқа ма?"**<br>Қалың – жұқа ұғымдарын түсіндіру.<br>**Құрастыру:** Қағаздан **қалың және жұқа кітаптар** жасау.<br>**Ойын:** *"Қайсысы қалың?"* – Балалар кітаптарды салыстырып, қалыңын және жұқасын табады.<br>**(Математика негізі ,Құрастыру )** | **"Геометриялық пішіндер әлемі"**<br>Геометриялық пішіндерді тану.<br>**Құрастыру:** Пішіндерден **үй, ағаш, машина** жасау.<br>**Ойын:** *"Пішінді тап!"* – Балалар пішіндерді дұрыс орналастырады.<br>**(Математика негізі ,Құрастыру )** | **"Сиқырлы сандар"**<br>5 көлемінде сан санауды бекіту.<br>**Құрастыру:** Құмнан немесе табиғи материалдардан **"Сандарды жазу"**.<br>**Ойын:** *"Сандарды тап!"* – Балалар құмда жасырын сандарды табады.<br>**(Математика негізі ,Құрастыру, ұсақ моториканы дамыту )** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Маман жоспары бойынша** | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) **Бір тұтас тәрбие.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Туған жер туралы өлеңдермен танысу, жаттау.<br>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) | «Әдепті сөздер шеңбері»<br>Ойынның мақсат-міндеттері: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) | "Алтын микрофон" арқылы тақырыпқа байланысты сұхбат жүргізу.<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Жапсырудан ойын-жаттығу<br>"Аквариумдағы балықтар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көк түсті шеңбердің үстіне, сары түсті шаршыларды бүктеп, оригами әдісі бойынша аквариумдағы балықтар бейнесін құрастырып, балықтарды өз қалаулары бойынша, балдырларды тігінен, тастар дайындамаларын қатар бойымен тізбектеп жапсыруға үйрету. | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу<br>"Көктемде жер бусанды".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>**(Маман жоспары бойынша)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)**<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**(Маман жоспары** | **Қазақ тілі**<br>"Кімге қандай киім керек?"<br>Сын есімдерді қолдану.<br>Мақсаты: Балалар | **Дене тәрбиесі**<br>**(маман жоспары)**<br>"Бұл қандай тағам?" – Бүгінгі мәзір туралы әңгімелеу.<br>"Қандай тағам | **Музыка ( маман жоспары бойынша)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жапсыру: Гүлдің жапырақтарын қағаздан қиып, жапсыру.<br><br>Ойын: "Гүлдерді ата!" – балалар өз жұмыстарын сипаттап береді.<br>Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттерін дамыту | **бойынша)**<br><br>"Бұл қандай тағам?" – Бүгінгі мәзір туралы әңгімелеу.<br>"Қандай тағам пайдалы?" – Дәрумендер туралы қысқа түсінік. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) | киім түрлерін сипаттайды (қызыл көйлек, үлкен етік, жылы шапан).<br>Ойын: "Сәнді киімдер" – Балалар ойыншық қуыршақтарды әртүрлі сипаттағы киіммен киіндіреді.<br><br>(Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Сөйлеуді дамыту.)<br>Жапсыру: Күн сәулелерін түрлі түсті қағаздардан қиып, жапсыру.<br>Ойын: "Күн шуақтары қайда?" – балалар өз жұмыстарын сипаттайды.<br>Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттерін дамыту. | пайдалы?" – Дәрумендер туралы қысқа түсінік. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)<br>"Киіз үй"<br>Мақсаты: Балаларды ұлттық мәдениетпен таныстыру, қазақ халқының тұрмыстық заттарына қызығушылығын арттыру.<br>Сурет салу: Киіз үйдің суретін салу, бояу.<br>Мүсіндеу: Киіз үйдің макетін жасау.<br>Жапсыру: Қағаздан қиылған ою-өрнектермен киіз үйді безендіру.<br>Ойын: "Менің үйім", балалар өз үйлерін сипаттайды.<br>Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру іс-әрекеттерін дамыту, **ұлттық құндылықты дамыту** | |
| **Екінші таңғы ас** | Жеміс-жидектерді бөліп жеу арқылы ұжымдық тамақтану дағдыларын дамыту.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.<br>Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет").Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Бір тұтас тәрбие</td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">"Серуенге дайынбыз!"<br>(Барлық дағдыларды бекіту)<br>Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді.<br>"Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді.<br>барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету.</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td>№17 Серуен – дайындық<br>Тақырыбы: «Құстар не дейді?»<br>Мақсаты: Балалармен құстардың өмірі, тіршілігі жайлы әңгімелесу. Бақша ауласына келетін құстарды бақылау. Қыстан қалған құстардың көктемгі көңіл күйін әңгімелеу. Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын бақылау. Жыл мезгіліне байланысты кіріспе сұрақтарын қою.<br>II. Бақша ауласында ұшып жүрген құстарды</td><td>№18 Серуен – бақылау.<br>Тақырыбы: «Ұйқыдан оянған жәндіктер»<br>Мақсаты: Балаларға көктемнің алғашқы белгілерімен таныстыру. Көктем мезгілінде бүкіл табиғат оянады, өзгереді. Табиғатпен бірге әр түрлі жәндіктер де оянады.<br>Серуеннің барысы:<br>I. Бақылау. Балаларды киіндіріп серуенге шығару. Балабақша ауласында тірілген жәндіктерге бақылау жасату. Соның ішінде шыбын, құрт – құиырсқа, қоңыздарға бақылау жасату.<br>Көктемнің</td><td>№19 Серуен - әңгіме<br>Тақырыбы: «Күлімде күн күлімде!»<br>Мақсаты: Өлі табиғат жайлы білімдерін кеңейту. Ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын кешегімен салыстыра отырып бақылау жүргізу. Жыл мезгіліне байланысты кіріспе сұрақтарын қою.<br>II. - Айналаға қараңдаршы, қандай өзгерістер болып жатыр?<br>- Айналадағы су қайдан пайда болды?<br>- Қар неге еріді, қалай ойлайсыңдар?<br>- Жерді не</td><td>№20 Серуен – сұрақ-жауап<br>Тақырыбы: «Көңілді көктем».<br>Мақсаты: Көктем айында табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсініктерін кеңейту, жан-жақтан шыққан әсем дыбыстарды ести білуге үйрету, қызығушылықтарын арттыру.<br>Барысы:<br>I. Балаларды серуенге шығару.<br>Сұрақтар қою:<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем мезгілінде қанша ай бар?<br>- Көктем айларын</td><td>№21 Серуен - бақылау<br>Тақырыбы: «Көктем келді, құс келді».<br>Мақсаты: Көктемде ұшып келген құстарға бақылау жасату, құстардың түрлерімен таныстыру, құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>I. Балаларды балабақша ауласына серуенге шығару. Сұрақтар қою:<br>- Балалар қараңдаршы, аула маңында қандай құстар ұшып жүр?<br>- Олар не істеп жүр?<br>- Жемді қалай жейді? т.б.<br>II. Балаларға Ш.Мамасерікованің «Жыл құстары» өлеңін оқып беру.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажырату.<br>-Олар қандай құстар?<br>-Қыстап қалған құстар.<br>-Олар өздерінің достарын, яғни жылы жақтан келетін құстарды күтіп жүр, тыңдап көріңдерші көңіл күйлері қандай?<br>- Құстардың көңіл күйлерінің керемет екенін қайдан білдіңдер?<br>- Құстар шықылықтап ән салуда.<br>- Жылы жақтан келетін құстарды қалай қарсы аламыз?<br>Келіңдер құстар!<br>Е. Ыдырысов. | құбылыстарымен таныстыру.<br>Көктем шықты<br>Көктем шығып, қар еріп,<br>Жадырайды қыр басы.<br>Ақ қайыңдар бүр жарып,<br>Жарасады сырғасы.<br>ІІ. Еңбек. «Ойын алаңын тазарту»<br>Мақсаты: Балаларға тәрбиешінің көмегімен ойын алаңын тазарту.<br>Шашылған қоқыстарды жинап, қоқыс жәшігіне салу.<br>Сынған ағаштардың бұтақтарын жинау.<br>Еңбектің нәтижесін көрсету.<br>Келді көктем<br>Келді көктем арайлалып,<br>Жер жұмақтай шырайланып.<br>Сағынышпен ару көктем.<br>Қарсы аламыз құшақ жайып. | жылытты?<br>- Күн қандай?<br>- Дұрыс, сондай-ақ күн өлі табиғатқа жатады. Ол жер жүзін жылытып, шуағын төгуде. Қар еріп, жерге біраз күннен кейін жасыл шөп шығады. Көктем<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br>ІІІ. Еңбек әрекеті. Ойын алаңындағы ағып жатқан суға ағаштың түбіне қарай ағын жол жасау.<br>ІҮ. Д\О «Бұл қай кезде болады?»<br><br>. | ата.<br>- Табиғатта қандай құбылыстарды байқап тұрсыңдар?<br>ІІ. Жан-жақтан шыққан дыбыстарға назарларын аудару (сылдырап аққан судың дыбысы, құстардын сайраған дауысы, желдің дыбысы).<br><br>Көктем.<br>Қар еріді, су ақты,<br>Көктем, көктем, көктемде<br>Көктем келді шуақты.<br>Құстар келіп жеткенде.<br>Байтақ дала келбеті,<br>Қуанып біз қаламыз,<br>Түкті кілем сияқты.<br>Әнмен қарсы аламыз.<br>ІІІ. Ойын: «Ақ серек, көк серек», «Қуаласпақ».<br>Мақсаты: Қимыл-қозғалыстарын арттыру, көңіл-күйлерін көтеру. | Жыл құстары.<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін-суын, керегін<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін,<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін.<br>Шаттық әнге салады.<br>ІІІ. Ойын: «Көлбең, көлбең, көлеңке», «Түлкі мен қояндар»<br>Мақсаты: Шапшаңдықтарын арттыру, тату ойнауға баулу.<br>ІҮ. Еңбек: Құстарға ұя іліп, жем салу.<br>Мақсаты: Құстарға қамқорлық көрсету, еңбекке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Киімдерді ретке келтіру: Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады.<br>Қажет болған жағдайда киім ауыстыру: Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.Жеке гигиенаны сақтауға баулу. | | | | |
| **Түскі ас** | Қолды неге жуу керек екенін қысқаша түсіндіру.Сабынмен жуу ережесін көрсету (алақан, саусақ арасы,білезікке дейін). Балаларға кезекпен қол жуудыртып, дұрыс жуғанын тексеру.**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Балаларға түскі астан бір тағам беріп, дәмін ажыратып айтуға сұрау (тәтті, тұзды, қышқыл, ащы)Бұл не? Оның түсі қандай? Дәмі қандай?" деген сұрақтар қою.**Дұрыс тамақтану қағидаларын түсіндіру**.Асқа бата беру.**Бір тұтас тәрбие.** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка) Біртұтас тәрбие | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан тұру, сауықтыру шаралары** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау<br>«Денсаулық жолдарымен жүргізу | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **"Қонақжайлылық – қазақтың басты дәстүрі"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру:** Қазақ халқының **қонақ күту дәстүрі** (қонақты қарсы алу, төрге шығару, ас ұсыну).<br>**Сөйлеуді дамыту:** Балалармен | **"Отбасым – менің байлығым"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру: Отбасы мүшелері**, олардың рөлі, отбасының маңызы.<br>**Сөйлеуді дамыту:** «Менің отбасым» тақырыбында әңгіме құрастыру, **«Әке – асқар тау, ана – бауырдағы бұлақ»** | **"Үйдегі еңбек"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру:** Отбасындағы үлкендердің еңбегі (ана – ас әзірлейді, әке – жұмыс істейді, ата-әже – үйдің берекесі).<br>**Сөйлеуді дамыту:** «Анам қалай көмектеседі?» сұрағына жауап беру, **еңбек туралы тақпақ** | **"Қазақтың дастарқаны"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру:** Қазақтың ұлттық тағамдары, нанды баспа, асты төкпе.<br>**Сөйлеуді дамыту:** Балалармен **«Дастарқан басында»** әңгімесі, **ас қайыру** сөздерін жаттату.<br>**Қоршаған ортамен** | **Қоршаған ортадағы заттар"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру:** Балаларға күнделікті қолданатын заттарды таныстыру, оларды күтіп ұстау ережелері.<br>**Сөйлеуді дамыту:** **«Заттарды дұрыс пайдалану»** тақырыбында әңгіме құрастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Қонақ келсе, құт»** тақырыбында әңгіме жүргізу, жаңа сөздерді үйрету (**қонақ кәде, ас қайыру, төр, сыбаға**). **Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту Ұлттық құндылықты, адамгершілік құндылықтарын дамыту** | мақалын түсіндіру. **Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту отбасы құндылығын дамыту** | **жаттау**. **Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту отбасы құндылығын дамыту, еңбек ету маңызы** | **таныстыру, сөйлеуді дамыту** Зерттеу: Магниттің әсері **Мақсаты:** Магнит не тартады **Барысы:** Әртүрлі заттарды магнитке жақындату **Нәтиже:** Темір заттар тартылады **Қорытынды:** Магнит тек кейбір заттарға әсер етеді | **Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту адамгершілік құндылықтарын дамыту** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Табиғат жайлы әңгімелесу».**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың дүниетанымын, тіл байлығын дамыту.<br>- Табиғат дегеніміз не?<br>Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктермен жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта. | **Дидактикалық ойын "Ұшады, жүзеді, секіреді".**<br>Мақсат-міндеттер: әртүрлі жануарлардың қозғалу іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту.<br>Мысалы:<br>Балық - жүзеді, аққу - ұшады, қоян - секіреді.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді** | **"Туған елдің ұлымын" өлеңін жаттау**.<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін.<br>Қуат алған өзіңнен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осылардың ішінен қыс мезгілінің белгісін | «Көктем».<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br><br>Түрлі түсті әйбәт,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл-жасыл аймақ,<br>Қырға шықты ойнап.<br>(сөйлеуді дамыту мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)** | **дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Отанымның гүлімін.<br>А.Сәрсеков<br>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) | ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)** | көркем әдебиет) |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)**<br>Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді.<br>«Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде).<br>балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу. | | | | |
| **Серуен** | **Бүгінгі ауа райын, желдің бағытын бақылау.**<br>**Сюжетті рөлді ойын «Дәрігер»**<br>**Мақсаты:**балалардың Мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Дәрігер, емделушінің ара-қатынасын түсініп, ойнай алады. | **Балабақша ауласында тірілген жәндіктерге бақылау жасату.**<br>**Сюжетті рольді ойын «Шалқан» ертегісі.**<br>**Мақсаты:**<br>Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдауға дағдыланады<br>Күтілетін нәтиже:<br>Өздеріне берілген | **Бүгінгі ауа райын кешегімен салыстыра отырып бақылау жүргізу**<br>**Дид ойыны «Телефон»**<br>**Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді.Сөздік қоры дамиды.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Балалар ойынды ойнай отырып, қарым- | **Бүгінгі ауа райын бақылау**<br>**Дид ойын: «Қуыршақ қонаққа дайындалуда»**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді түснеді. | **Көктемде ұшып келген құстарға бақылау жасату**<br>**Дид ойын: «Ортақ атауына қарай топтастыр»**<br>**Мақсаты:**<br>заттың кез-келген ортақ атауы болатынын түсінеді<br>Күтілетін нәтиже:<br>Суреттерді топтастыра отырып, ортақ атауларын атай алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ертегі кейіпкерлерін сомдай алады. | қатынас дағдыларын түсінеді. | | |
| **Серуеннен оралу** | Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу.**Өзіне – өзі қызмет етуге баулу** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу<br>**Өнегелі 15 минут** | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.<br>**Өнегелі 15 минут** | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу<br>**Өнегелі 15 минут** | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.<br>**Өнегелі 15 минут** | Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу<br>**Өнегелі 15 минут** |

Тексерілді: Бердаулетова

Ұсыныс: Ұлттық ойындарды жүйелі түрде кіріктіру ұсынылады.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
**Топ:** «Ақбота» ересек тобы
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 07.04-11.04.2025ж
**Апта дәйек сөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи)**
**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 07.04.2025ж** | **Сейсенбі 08.04.2025ж** | **Сәрсенбі 09.04.2025ж** | **Бейсенбі 10.04.2025ж** | **Жұма 11.04.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Жүрекшемен қарсы алу. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Смайликпен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу,**күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың көңіл күйі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Үстел үсті ойыны:«Тілдік санамақтар» Бір үйрек, екі қаз, Үшеу жүрді суда мәз.<br>Төрт қонжық, бес қоян, Орманда жүр ойнаған.<br>Бір, екі, үш,<br>Шығып кетті күш. | Құрылыс ойындары «Фигураларды құрастыр»<br>Төрт таяқшадан шаршы құрастыр<br>Балаларға төрт таяқша беріледі. Оларға "Төрт таяқшадан қандай | Саусақ ойыны «Жаттығамыз»<br>Қуыр,қуыр, қуырмаш<br>Балапанға бидай шаш<br>Қуыр,қуыр,қуырмаш<br>Әжең келсе есік аш.<br>**Көркем әдебиет** | Кім жылдам?<br>Міндеті**:** Балалардың шапшаңдығын және зейінділігін арттыру.<br>Ойын барысы:<br>Балалар бір-бірінен белгілі бір қашықтықта тұрып, белгі бойынша | Қамшы үйрету<br>Міндеті: Ұлттық тұрмыстық заттарды пайдалану тәсілдерін түсіндіру.<br>Ойын барысы:<br>Балаларға қамшының рөлін түсіндіреді.<br>Олар ойын түрінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төрт, бес, алты,<br>Жүгірдім талтүсте.<br>**Қазақ тілі** | фигура құрастыруға болады?" деп сұраңыз.Балалар таяқшаларды шаршыға айналдырады.<br>**Құрастыру** | | жылдам әрекет етеді (мысалы, мәреге жүгіріп жету) киіз үйге немесе ұлттқ аспапты тауып жету Бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>**Бір тұтас тәрбие** | қамшыны ұстап, оның қалай қолданылатынын үйренеді.**Ұлттық құндылықтар**<br>**Бір тұтас тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | ***Маман жоспары бойынша*** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру | Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру | Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең) дамыту | Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)**<br><br>**Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Қазақ тілі**<br>Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу | **Дене шынықтыру (маман жоспары)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)** |
| | Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсартуды көздеп балаларды үш топқа бөлу<br>"Табиғатты қорғау – өз үйіңді қорғау"<br>Қоршаған ортамен таныстыру: Қоршаған ортаны қорғау, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау.<br>Сөйлеуді дамыту: «Табиғатты аялайық» тақырыбында сұрақ-жауап әңгімесі, «Гүлдерге қамқор бол» тақпағын жаттау. | Ертегі кітаптарын қарату, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларды орталықтарға бөлу.<br>Оқылған ертегі желісі негізінде көлемдіпішіндерменқарапайымкомпозициялардымүсіндеугеқызығушылығынарттыру<br>**(мүсіндеу)**<br>Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін | Балаларды орталықтарға бөлу.<br>Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салғызу, мүсінін жасауына жағдай жасау. **(сурет салу, мүсіндеу)**<br><br>Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру<br>**(құрастыру)** | Өздері отырғызған дәндерге су құю, оларды бақылатып дәл қазіргі сәттегі бейнесін салу.<br>**(қоршаған ортамен танысужәне сурет салу)**<br>Отырғызған дәнінен қандай өсімдік өсіп шығатынын ойлап, ермексаздан мүсінін жасату<br>**(мүсіндеу)**<br>Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру<br>**(көркем әдебиет)** | Бірінші топтағы баларға «Жыл мезгілдері» ертегісін өз бетінше айту дағдыларын қалыптастыру, жыл мезгілдерінің суреті бойынша сипаттауды үйрету. Екінші топта балалар ермексазбен әр жыл мезгіліндегі ағаштар мүсінін ермексаздан жасауын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)<br>Үшінші орталықта: жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту** | жапсырту. **(жапсыру)**<br>Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру **(құрастыру)** | | | «Топтастыр» ойынын ойнату. Қыс және көктемнің киімдерін, заттарын топ болып арнайы екі қорапқа жинау, содан соң қуыршақ бейнесіне үйлестіріп қойып шығуды ұйымдастыру. **(математика негіздері)** |
| **Екінші таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моторикаmaking дамыту** | | | | | |
| **Серуен** | **№23 Серуен – бақылау Тақырыбы: «Көрікті көктем»**<br>Мақсаты: Балалармен бірге көктемгі табиғат аясында ауа-райына бақылау жасау.Балалардың сөздік қорларын молайту. Сұрақ жауап тәсілі арқылы әңгімелесе отырып, балалардың тілдерін жетілдіру.<br>Серуен барысы: | **№24 Серуен – бақылау Тақырыбы: «Көктемгі жасыл шырша»**<br>Мақсаты: Балаларға шырша ағашы жайлы әңгімелеу. Басқа ағаштардан айырмашылығын түсіндіру.<br>Серуеннің барысы:<br>І. Бақылау:<br>Балалар шырша ағашын басқа | **№25 Серуен – саяхат Тақырыбы: «Балабақша ауласына саяхат».**<br>Мақсаты: Балаларды балабақша ауласына саяхаттату. Ересек топ балаларының ойын алаңдарымен таныстыру. Ойындарын бақылату. Көктем мезгілі жайлы әңгімелесу. Тілдік қорларын молайту.<br>Серуеннің барысы:<br>І. Бүгінгі ауа райын | **№26 Серуен – ғажайып Тақырыбы: «Таңғажайып табиғат»**<br>Мақсаты: Балаларға табиғат қызықтары, табиғат өзгерістері туралы қысқа әңгіме жүргізу. Бүгінгі күннің қандай екенін бақылау, қарау. Көктем мезгілі жайлы әңгімелесу. Тілдік қорларын | **№27 Серуен - еңбек Тақырыбы: «Отырғыз ағаш көктемде»**<br>Мақсаты: Балаларға көктемгі еңбек жайлы түсінік беру. Ағаш отырғызу әрбір азаматтың міндеті екендігін айта отырып, табиғатқа деген сүйіспеншілік, қамқорлық сезімдерін ояту.<br>Барысы:<br>І. Бақылау әрекеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | I. «Ауланы қардан тазалау»<br>- Балалар жылдың қай мезгілі?<br>- Балалар: жыл мезгілі көктем.<br>- Балалар, көктем келгенін қайдан білуге болады? (балалар жауаптары)<br>II. Көктем<br>Көктем келді, құс келді,<br>Күн ұзын, түн қысқа енді.<br>Көктем келді, су ақты,<br>Күннің көзі шуақты.<br>Көктем келді, гүл өсті,<br>Көктем келді, көл үсті<br>Көңілді де келісті.<br>Күн ұзын, түн қысқа енді<br>III. Еңбек: «Ойын алаңын тазалау».<br>Мақсаты: Балаларға өз ойын аландарын тәрбиешінің көмегімен қардан тазалату. Күректі қалай ұстау, қарды қалай күреу керектігін | ағаштармен салыстырады.<br>Шыршаның түрін, қылқанының пішінін айтады.<br>- Балалар, шыршаның түсі қандай?<br>- Балалар: шыршаның түсі – жасыл.<br>- Балалар, шырша жылдың төрт мезгілінде де жап – жасыл болып тұрады.<br>Ауламыздағы шыршаның бойы кішкентай. Ол өте әдемі.<br>Шырша.<br>Өсе бере сан ғасыр,<br>Болып таудың тұр – сәні.<br>Жапырағы жап – жасыл,<br>Көрдің бе сен шыршаны.<br>Шыршаларға тимек кім? | бақылау, жыл мезгіліне байланысты сұрақтар қою.<br>II. Саяхат:<br>Балаларды балабақша ауласына саяхатқа шығару.<br>Ересек топ балаларының ойын - әрекетін тамашалату.<br>а) Біздің балабақшамыздың аты қандай?<br>ә) Біздің топтың аты қандай?<br>б) Аулада саяхаттағанды ұнатасыңдар ма?<br>Жұмбақтар<br>Бар ма, жоқ па оны білмейсің,<br>Ол жоқ жерде өмір сүрмейсің. (ауа)<br>Жұрттың бәрі оны сүйеді,<br>Бірақ, қарағысы келмейді. (күн)<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ қашады. (жел) | молайту.<br>Серуеннің барысы:<br>I. Бүгінгі ауа райын, аспанды, желдің бағытын бақылау.<br>II. Ғажайып: Балаларға шатырдан аққан ғажайып тамшыларды көрсету. Сол тамған ғажайып тамшылардан су жиналатынын көрсету білімдерін жетілдіру. Әдемі аққан тамшылардан күн салқындағанда сүңгі пайда болатынын көрсетіп, түсіндіру.<br>Мақал:<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Мақалдың мағынасын түсіндіріп, жаттату.<br>III. Еңбек. «Ауланы қоқыстардан тазарту» | Бүгінгі ауа райын бақылау.<br>Жыл мезгілдеріне байланысты кіріспе сұрақтарын қою.<br>II. «Отырғыз ағаш көктемде» М. Қуанышбеков.<br>Отырғыз ағаш көктемде,<br>Жөн болмақ еңбек еңбек еткенің.<br>Келмесе шамаң еккенге,<br>Сындырма жұрттың еккенін.<br>- Өлеңде не туралы айтылған?<br>- Көктемде не істеу керек екен?<br>- Қалай ойлайсыңдар, ағаш не үшін керек?<br>- Отырғызылған ағаштарды сындыруға бола ма?<br>Ағаш қаламның көркі, жазда көлеңке,сая болады. Қазақта «Бір тал кессең, он тал |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету, үйрету. Ұйымшыл еңбек етуге тәрбиелеу. | Қорғалады орманы. Ол жеміспен жидектің Топырақтың қорғаны. II. Еңбек. «Шыршаның түбін қопсыту» Мақсаты: Ағаштарға деген қамқорлық етуге тәрбиелеу. | III. Еңбек. «Ойын алаңын қоқыстардан тазарту» Мақсаты: Балаларды еңбек етуге үйрету. Үлкендерден үлгі алуға баулу. Үлкендер еңбегін сыйлауға тәрбиелеу. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Мақсаты: Балалардың еңбекке деген ынтасын арттыру. Табиғат аясындағы өз ауламызды тазалауға шақыру. Балаларды еңбек етуге үйрету. Үлкендерден үлгі алуға баулу. Үлкендер еңбегін сыйлауға тәрбиелеу. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | ек», деген сөз бар. Мағынасын түсіндіру, жаттату. III. Д\О «Жаман, жақсы істерді ажырат» Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелету, жақсы және жаман істерді ажырату. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Балаларға:Үстелді таза ұстау.Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу.Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.**Асқа бата беру.Бір тұтас тәрбие.** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **іртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Балалар,аспанда нелер бар?Жұлдыздар , ай, күн.Күн не үшін керек?Күн жылу береді, жарық береді.Ай не үшін керек?Түнде жарық береді.Ғарышкер деп кімді айтамыз?Осы жұлдыздарды, ай мен күнді зерттеу үшін ғарышқа ғарышкерлерұшады. Әлемдегі тұңғыш ғарышкер Ю. Гагарин 1961 жылы 12 сәірде« Восток » ғарыш кемесімен , Жер шарын 1 рет айналып шықты. Содан бері 12 – сәуір Ғарышкерлер күні мерекесі болып есептеліп келеді.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>*Тәрбиеші:Балалар,ғарышқа ұшу үшін қандай көлік керек?* | - Кәне, балалар, тіл ұстарту жаттығуларын жасап алайық:<br>1.– ер, - ер, - ер<br>Біз боламыз ғарышкер.<br>2.- ға, - ға, - ға<br>Біз ұштық Айға.**Көркем әдебиет**<br>Ай аспан денесі болып табылады,ай түнде ғана шығады.**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Айдың түсі қандай?<br>-Түнде аспан қандай түске енеді?<br>Жарайсыңдар балалар,енді түнгі аспанның суретін салайық.<br>**Сөйлеуді дамыту,сурет салу**<br>заттардың үлгі | Күн тірі жан иелерінің бәріне шуағын шашады Күннің қайда тұратынын, оның неге ұқсайтынын айтады. Алақандарын терезенің қасына апарады. Бірақ ол жаздағыдай жылытпайды.Әңгімеге араласады. Түн мен күн жарқырап шығып тұрған күндізгі уақыттың суреттерін салыстырады. Күлімдеген күнге жылу мен жарық береді. Ол бізді жылы әрі жарық сәулесімен қуантады, көңіл күйімізді көтереді. Елестетіп көрейікші: егер күн болмаса біз не істер едік?Жер беті қараңғы, салқын болар еді. Тіршілік иесінің бәрі жоғалып кетер еді. Ендеше бізге жарық пен жылу сыйлайтын күннің болғаны қандай | -Жер — біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз.<br>Ал жоғарыда не бар?<br>Балалардың жауабы: Аспан әлемі.<br>— Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме?<br>— Сендерге ұнай ма?<br>Балалардың жауабы: Иә ұнайды.<br>Маған да ұнайды.<br>Олай болса балалар күн, жұлдыз, ай барлығы қайда орналасқан?<br>**Балалар**: Аспан әлемінде.<br>Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты.<br>Қалай ойлайсыңдар, жұлдыз деген не?<br>Олар неге ұқсайды?<br>Балалардың жауабы: Дұрыс балалар, біз жұлдыздарға | Бір, екі, үш<br>Ғарышқа тез ұш.<br>Слайд аспан әлемі.<br>Көзімізді ашайық, мінекей балалар біз аспандамыз, енді ән шырқайық.<br>Ән: «Мен ғарышкер боламын»<br>Балалар қарандаршы жұлдыздар қандай көп, әр түрлі планеталар бар, білесіңдер ме аспаннан жерге қарағанда жеріміз доп сияқты дөңгелек, біз сол дөңгелек жерде тұрамыз.**Қоршаған әлеммен таныстыру,музыка,сөйлеуді дамыту**<br>түнгі аспан денелерін бейнелеу.**Жапсыру**<br>Ал ғарышта біз қандай заттарды кездестіруіміз мүмкін?<br>Спутниктер, кометалар, астероидтар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балалар:Зымыран Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, «зымыран» қажет.Зымыран ұшатын жерді «ғарыш айлағы» деп атайды. Ғарыш айлағы біздің Қазақстанда Байқоңыр қаласында орналасқан. Барлық зымырандар осы қалада орналасқан ғарыш айлағынан ұшады.* Балалар сендер қалай ойлайсыңдар, ғарышкер ғарышта жүргенде зымыран ішінен шығады ма?(балалардың жауабы)<br>**Тәрбиеші**:-Иә шығады, өйткені олар жұмыстарын жасайды, зерттейді, әр түрлі планетаны зерттеп ашық аспанда жүреді.Бірақ балалар аспанда ауа жоқ, өте ыстық, ал ғарышкерлерге | бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету;<br><br>Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан, қамырдан, ермексаздан айды жасау.<br>**Мүсіндеу** | тамаша!**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Күннің көзіне беторамалды жайып, тез кептіруге бола ма? Тексеріп көруге шақырады.<br>«Күн шұғыласы» ойынын ұйымдастырады Айнаны пайдаланып, қабырғаға күн шұғыласын түсіреді. Балаларды шұғыланы ұстауға шақырады.<br>**Зерттеу іс-әрекеті,сөйлеуді дамыту**<br>**Тілді жаттықтыру.**<br>У-у-у-у су<br>Ел –ел- ел – жел<br>Ау-ау-ау-ауа<br>Үн-үн-үн-күн<br>**Көркем әдебиет** | қарағанда олар кішкентай, ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсыңдар!<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру,сөйлеуді дамыту**<br>Кешірімді баламыз,<br>Жұлдыздай болып жанамыз.<br>Кішіпейіл боламыз,<br>Құстай қанат қағамыз!<br>Кешірімді баламыз,<br>Жұлдыздай болып жанамыз.<br>**Көркем әдебиет**<br>Құммен жұлдыздың суретін салу.<br>**Сурет салу**<br>балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб,шар, | метеориттер (суреттер көрсетіледі). Ал ғарышқа кімдер ұшады? Дұрыс, ғарышкерлер. Ең бірінші болып ғарышқа зерттеуге ұшқан ресейлік ғарышкер екен. Ол кім екен? (Ю. Гагарин) Ал әйел адамдардан В. Терешкова, кейін Қазақстаннан да ғарышкерлер ұшты. Олар: Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тоқтар ұшты ғарышқа<br>Талғат болды ғарышта<br>Таңқалдырып қазағым<br>Тағы ұшса ғой Марсқа.<br>**Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | скафандр деген киім көмектеседі, арнайы ауасы бар, ыстықтан қорғайтын киім.Мына суретте ғарыштағы адам,ол үстіне арнайы киім скафандр киген. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ,сондықтан ол жақта тек осындай<br>арнайы киіммен ғана жүруге болады. (суреті көрсетіледі)<br>-Балалар ғарышкерлер ғарышта ұзақ жүреді, ал олар қалай тамақтанады, не жейді, от жағып пісіре ме?(Балалардың жауабы)<br>**Тәрбиеші:**<br>Ғарышкерлерге әдейі арналған зымыранмен тамақ әкелінеді, тамақ оларға жабық түрде, езілген түрде, тіс пастасының қорабы сияқты қорапта беріледі, шай, суда солай әкелінеді, соны сығып жейді. | | | цилиндр) танып, атай білуге үйрету<br>**Математика негіздері** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>Көкке ұшамын,ұшқыш болар баламын,<br>Соңына ерем, ер ғарышкер ағаның.<br>Батыр болам , көк аспанды сүйемін,<br>Жұлдыздарға барып келіп жүремін.<br>**Көркем әдебиет** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ғарышкерлер туралы сұрау. | Топта қалған балаларға жеке сурет салуға үйрету. | Құрлыс ойындары: «Досыма үй саламын» Кірпіштерді орналастыру арқылы үй құрастыруды үйрету.Әр түсті өз орнына орналастыруын қадағалау: | Кітаптар сөресіндегі К ітаптарды ретке келтіру.Кітаптарды күтіп ұстауға үйрету. | Топтағы балалардың ойлау қабілеттерін тілдерін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі әшекей заттарды бір бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру **(математика негіздері)**<br>**Еркін ойындар** | Ауа райының өзгерістері туралы айту, бақылату. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>Қимылды ойын «Сақина жасыру.» | Қимылды ойын «Сақина жасыру.» | Еркін ойындар Тақпақтарын қайталау, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алу, әңгімелету<br>**Қимылды ойын**<br>«Ханталапай» | Қимылды еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. **Өнегелі 15 минут** | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. **Өнегелі 15 минут** | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. **Өнегелі 15 минут** | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. **Өнегелі 15 минут** | Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу Тәрбиеші ата-аналарға баланың күнін қалай өткізетіні туралы қысқаша ақпарат береді **Өнегелі 15 минут** |

Тексерілді: Бердаулетова

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 3 апта**

**Білім беру ұйымы:**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

**Топ:** «Ақбота» ересек тобы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 14.05-18.05.2025ж

**Апта дәйек сөзі:** "Болашағы зор мамандықтар жоқ,тек болашағы зор мамандар бар"

**Тәрбиешілер:** А.А Ерменова А.Б.Тлеужанова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 14.04.2025** | **Сейсенбі 15.04.2025** | **Сәрсенбі 16.04.2025** | **Бейсенбі 17.04.2025** | **Жұма 18.04.2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Балалардың үйде немен айналысқанын , бүгінгі көңіл күйін сұрау | Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету | Салемдесу<br>Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту. | Салемдесу<br>Ұлттық күн. Күй қосу<br>**Біртұтас тәрбие** | Салемдесу<br>Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту**<br>Балаңыз сурет салуды, жапсыруды ұната ма?<br>Қандай шығармашылық жұмыстармен айналысасыздар?<br>Музыка тыңдауды, ән айтуды ұната ма?<br>**Кеңестер:** | **Баланың денсаулығы мен белсенділігі**<br>Балаңыз үйде жеткілікті қимыл-қозғалыс жасай ма?<br>Ашық ауада серуендеу әдетке айналған ба?<br>Дене шынықтыру жаттығуларын жасай ма?<br>**Кеңестер:**<br>Таңертеңгілік жаттығулар жасау.<br>Ашық ауада белсенді ойындар ойнау. | **Баланың қауіпсіздік ережелерін білуі**<br>Балаңыз қауіпсіздік ережелерін біле ме (от, су, жол қозғалысы)?<br>Өзіне бейтаныс адамдармен қалай қарым-қатынас жасайды?<br>Қандай жағдайларда ата-анасына хабар беру керек екенін біле ме?<br>**Кеңестер:**<br>Қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. | **"Балаға өз-өзіне сенімді болуды үйрету"**<br>**Мақсаты:**<br>Балаға сенімділік пен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаға өз мүмкіндіктерін тануға көмектесу.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Баланың өз | **"Балаға стрессті басқаруды үйрету"**<br>**Мақсаты:**<br>Балаңыздың стресстік жағдайлармен қалай күресуін үйрету.<br>Эмоциялық тұрақтылықты дамытуға көмек көрсету.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Стресстік жағдайларды болдырмау және балаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сурет салу, жапсыру, ермексазбен жұмыс істеу.<br>Әртүрлі материалдармен жұмыс істеуге мүмкіндік беру.<br>Қиялды дамыту үшін әңгіме құрастыру. | Қимыл-қозғалыс ойындарына қатысу. | Жолда жүру мәдениетін үйрету.<br>"Егер адасып кетсең, не істейсің?" деген сұрақтарды талқылау. | мүмкіндіктерін бағалау және өз күшіне сену.<br>Балаға мақсат қою және оған жету жолдарын көрсету.<br>Табыстарды мадақтау мен баланың күш-жігерін бағалау. | стресс жағдайларын жеңуге көмектесу жолдары.<br>Балаға тыныштықты сақтауды үйрету.<br>Эмоциялық сауықтыру әдістері. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Геометриялық хайуанаттар бағы"**<br>Геометриялық пішіндерден бейнелер жасау.<br>**Құрастыру:** Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелектерден **"Аю, қоян, мысық"** жасау.<br>**Ойын:** *"Пішінді тап!"* – Балалар пішіндерден жануарларды құрастырады.<br>**(Математика негізі,Құрастыру )** | **"Сиқырлы шеңбер"**<br>Шеңберді басқа пішіндерден ажырату.<br>**Құрастыру:** Дөңгелек пішіндерден **"Көліктер"** жасау.<br>**Ойын:** *"Қайсысы дөңгелек?"* – Балалар дөңгелек заттарды көрсетеді.<br>**(Математика негізі,Құрастыру )** | **"Тік төртбұрыштар қаласы"**<br>Тік төртбұрыш пішінін зерттеу.<br>**Құрастыру:** Қағаздан **"Үйлер"** жасау.<br>**Ойын:** *"Қайсысы тік төртбұрыш?"* – Балалар берілген пішіндерден тік төртбұрышты табады.<br>**(Математика негізі,Құрастыру )** | **"Үшбұрышты тау"**<br>Үшбұрышты заттармен танысу.<br>**Құрастыру:** Қағаздан **"Үшбұрышты таулар"** жасау.<br>**Ойын:** *"Тауды құр!"* – Балалар үшбұрыштан тау жасайды.<br>**(Математика негізі,Құрастыру )** | **"Қызықты шеңберлер"**<br>**:** Шеңберді пішін ретінде бекіту.<br>**Құрастыру:** Дөңгелек қақпақтар мен түймелерден **"Шеңберлі сурет"** жасау.<br>**Ойын:** *"Шеңберден не жасаймыз?"* – Балалар өз қиялымен шеңберден түрлі заттар құрайды.<br>**(Математика негізі,Құрастыру )** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Маман жоспары бойынша | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Біртұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу | **"Жолда жүрсек сақ боламыз"**<br>**Мақсаты:** Қарапайым жол ережелерін түсіндіру.<br>**Ойын барысы:** Ойыншық машиналармен ойнау кезінде балаларға жолда тек жаяу жүргінші жолымен жүруді, көшені тек белгіленген орыннан кесіп өтуді үйрету. | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау<br><br>қарапайым сөйлемдерді қайталайды). | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру (маман жоспары)**<br><br>Құрылысматериалдарынан құрастыру ойындарын ойнату. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң олардыжинаужәнеорнынақою,құрастырубарысындақауіпсіздік ережелерінсақтауды жетілдіру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту.<br>(құрастыру)<br><br>**Ермексазбен еркін әрекеттер жасату. (мүсіндеу)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)**<br><br>**Дене шынықтыру (маман жоспары)**<br>Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларында ермексаздан қамшы мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>(мүсіндеу)<br>Қыз балаларға кілемшені «құстұмсық»,«ботамойын»,«ботакөз» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердіңорналасуретін,олардыңарасындағы қашықтықтысақтауды қалыптастыру.<br>(сурет салу)<br>Қазақхалқының бұйымдарымен(киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен(күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандайматериалдан | **Қазақ тілі**<br>"Ертегі тыңдаймыз"<br>Байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>Мақсаты: Балаларды шағын ертегі тыңдауға, мазмұнын түсінуге үйрету.<br>Ойын: "Ертегіні жалғастыр!" – Тәрбиеші ертегіні бастап, балалар оны жалғастырады.<br><br>5-ке дейін реттік санату дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атату. Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды санату.<br>**(математика негіздері)** | **Дене шынықтыру (маман жоспары)**<br><br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеугебаулу.Дайынмүсіндідөңгелек,сопақ,шаршы,үшбұрышпішіндегіқазақоюларыныңэлементтеріменбезендіруді жалғастыру.<br>(мүсіндеу)<br>Сақина салу ұлттық ойынымен таныстыру. Оның ережелерін айту. Сақина түрлерімен таныстыру. Бірнеше рет ойнату.<br>**(көркем әдебиет)** | **Музыка ( маман жоспары бойынша)**<br><br>**(Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Сөйлеуді дамыту.)**<br>Ауладағы ағаштарды бақылату, салыстыру, көктемде қалай өзгеріп жатқанын бақылату. Өсімдіктер, оларға күтім жасату (жерді қопсыту, суарту, жапырақтардыңшаңын сүрту) туралы түсініктерімен енбек дағдыларын дамыту.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасалғанын зерттеуді жетілдіру.<br>(құрастыру )<br><br>Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату<br>(көркем әдебиет)<br>Құрылысматериалдарынан құрастыру ойындарын ойнату. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң олардыжинаужәнеорнынақою,құрастырубарысындақауіпсіздікережелерінсақтауды жетілдіру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту.<br>(құрастыру)<br><br>Ермексазбен еркін әрекеттер жасату.<br>(мүсіндеу) | | | |

<table>
<tr><td>Екінші таңғы ас</td><td colspan="5">Балалардың өзін-өзі күту дағдыларын дамыту (қол жуу, үстел басында дұрыс отыру, ас құралдарын қолдану).<br>Ыстық тамаққа күйіп қалмау ережелерін түсіндіру.<br>Әдептілікке, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">"Серуенге дайынбыз!"<br>(Барлық дағдыларды бекіту)<br>Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді.<br>"Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді.<br>барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td>Серуен картотекасы №21 "Құстарды бақылау"<br>Мақсаты: Құстарды тану және олардың тіршілігін зерттеу.<br>Ойын барысы: Балалар серуен кезінде құстарды бақылап, олардың ұшып жүргенін немесе ұя салып жатқанын көріп, құстардың түрлерін айтады. Тәрбиеші балаларға құстардың өмірі туралы әңгімелеп, олардың дыбыстарын тыңдата алады. Балалар құстардың табиғаттағы рөлін түсініп, оларды</td><td>Серуен картотекасы №22 "Жапырақтарды жинау және салыстыру"<br>Мақсаты: Табиғи материалдарды жинап, салыстыру дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Балалар серуенде әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинап, олардың түрлерін, түсін және көлемін салыстырады. Тәрбиеші балаларға жапырақтардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын түсіндіреді. Бұл ойын балаларға табиғатты зерттеуге көмектеседі және табиғаттағы әртүрлілікті қабылдауға</td><td>Серуен картотекасы№23 "Табиғи заттардан сурет салу"<br>Мақсаты: Табиғат материалдарын шығармашылықпен пайдалану. Ойын барысы: Балаларға табиғаттан (тас, құм, ағаш жапырақтары, т.б.) алынған заттар беріледі. Олар осы заттармен түрлі суреттер жасайды немесе композициялар құрады. Балалар табиғаттағы элементтермен танысып, оларды шығармашылық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік алады.</td><td>Серуен картотекасы№24 "Табиғаттағы өзгерістерді бақылау"<br>Мақсаты: Табиғаттағы өзгерістерді зерттеу және байқау дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы: Серуен кезінде балалардың назарын табиғаттағы өзгерістерге аудару (ауа райының жылынып келе жатқанын, гүлдердің шығуын, ағаштардың бүршік жаруын, т.б.). Тәрбиеші балаларға бұл өзгерістердің себептері туралы түсіндіріп,</td><td>Серуен картотекасы№25 "Жұмбақ өсімдіктер"<br>Мақсаты: Танымдық дағдыларды дамыту, өсімдіктерді тану.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға табиғатта кездесетін өсімдіктердің атауларын айтып, олардың ерекшеліктері мен пайдасын түсіндіреді. Балалар өсімдіктерді қарап, олардың аттарын айтады және сипаттамаларын үйренеді. Бұл ойын балаларға табиғаттағы өсімдіктердің түрлерін танып-білуге, олардың қоршаған ортадағы рөлін түсінуге</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорғау қажеттілігі туралы біледі. | мүмкіндік береді. | | табиғаттың қайта жаңаруы туралы әңгімелеп береді. | көмектеседі. |
| **Серуеннен оралу** | Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу.**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу** | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Балаларға:Үстелді таза ұстау.Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу.Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.**Асқа бата беру.Бір тұтас тәрбие.** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыд анояту, сауықтыру шаралары** | Балаларға қиял әлемін сыйлап, оянуды қызықты ету.Балалардың төсектерінің қасында тұрып, қысқа ертегі айтудан бастау: "Қояндар оянды, орман оянды, енді біздің балаларымыз да оянады!"<br>**«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**<br>**Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар** | | | | |
| **Бесін ас** | **«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)**<br>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.<br>"Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау.<br>"Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық"**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **"Қазақ халқының ұлттық киімдері"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру:** Қазақтың **шапан, қамзол, сәукеле, тақия, етік** сияқты ұлттық киімдерін таныстыру.<br>**Сөйлеуді дамыту:** | **"Қазақтың ұлттық аспаптары"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру: Домбыра, қобыз, сазсырнай, дабыл, жетіген** туралы түсінік беру.<br>**Сөйлеуді дамыту:** «Домбыра – қазақтың киелі аспабы» | **"Қазақтың дастарқаны: сүт тағамдары"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру: Қымыз, шұбат, айран, құрт, ірімшік** тағамдарының пайдасын түсіндіру.<br>**Сөйлеуді дамыту:** Балаларға **«Құрт қалай жасалады?»** тақырыбында | **"Қазақтың ұлттық тағамдары: ет"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру: Бесбармақ, қуырдақ, жент** тағамдары туралы мәлімет беру.<br>**Сөйлеуді дамыту:** Балаларға **«Қандай** | **"Мақал-мәтелдер – халық даналығы"**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру:** Қазақ халқының мақал-мәтелдері, олардың тәрбиелік мәні.<br>**Сөйлеуді дамыту:** Балаларға **«Еңбек етсең, емерсің»,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Менің ұлттық киімім»** тақырыбында әңгіме жүргізу, тақпақ жаттау. **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру ,ұлттық құндылықты қалыптастыру** | тақырыбында әңгімелесу, балалардың музыкалық дағдыларын дамыту **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру ,ұлттық құндылықты қалыптастыру** | сұрақ-жауап әдісімен сөйлеу дағдысын дамыту. **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру ,ұлттық құндылықты қалыптастыру** | **ұлттық тағамдарды білесің?»** деген сұраққа жауап беруге үйрету. **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру ,ұлттық құндылықты қалыптастыру** | **«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар»** сияқты мақалдарды түсіндіру. **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Графикалық дағдылар.** Суретті нүктелер бойынша қайталап сал. | **Санау 1-5 дейін** 1-5 дейін кері және тура санау. | **«Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. | Отбасы туралы әңгімелесу. Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. | **К**иімдердің түсін айтқызып ойнау. Мақсаты: Түстерді ажырата білуге, атауға, есте сақтауға баулу |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну мен шешіну реті" ( Реттілікті сақтау дағдысын жетілдіру)**Балалар дұрыс киіну ретін қайталайды."Қайсысы бірінші?" ойыны – Балалар киіну ретін рет-ретімен айтып береді.Серуеннен кейін балалар өздігінен шешінеді, киімдерін шкафқа дұрыс орналастырады. | | | | |
| **Серуен** | **"Достық алаңы"** Мақсаты: Коммуникативтік дағдыларды дамыту. **Ойын барысы:** Балалар серуен кезіндегі әртүрлі тапсырмаларға бірлесіп қатысады. | **"Жұмбақ өсімдіктер"** Мақсаты: Танымдық дағдыларды дамыту, өсімдіктерді тану**.** **Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға табиғатта кездесетін өсімдіктердің атауларын айтып, олардың | **"Құрылысшы бол!"** **Мақсаты:** Еңбекке баулу және шығармашылық дағдыларын дамыту. **Ойын барысы:** Балалар серуен кезінде табиғаттың түрлі түстерін бақылайды (жасыл жапырақ, көк аспан, сары гүлдер, т.б.). | **"Қарындаш пен қағазды алып, табиғаттың түсін тап!"** **Мақсаты:** Танымдық және коммуникативтік дағдыларды дамыту. Олар өздеріне ұнаған | **"Құммен ойнау" ойыны** **Мақсаты:** Далада қоршаған ортамен танысу, қол моторикасын дамыту, шығармашылық ойлауды қалыптастыру. **Ойын барысы:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысалы, әр бала бір-біріне көмектесіп, жалаушаларды орналастырады, немесе бірігіп үлкен құмсауытты жасайды. Ойын барысында балалар өзара тіл табысып, тапсырмаларды орындау үшін бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Бұл ойын коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді. | ерекшеліктері мен пайдасын түсіндіреді. Балалар өсімдіктерді қарап, олардың аттарын айтады және сипаттамаларын үйренеді. Бұл ойын балаларға табиғаттағы өсімдіктердің түрлерін танып-білуге, олардың қоршаған ортадағы рөлін түсінуге көмектеседі. | құм мен басқа табиғи материалдар беріледі, олар осы заттармен әртүрлі құрылыс жұмыстарын жүргізеді (мысалы, құмнан үй немесе жол жасау). Тәрбиеші балаларды ынталандырып, оларды топтасып жұмыс істеуге, өзара әрекеттесуге шақырады. Бұл ойын еңбексүйгіштік дағдыларын дамытады, сондай-ақ балаларға коммуникативтік және шығармашылық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. | түстерді қарындашпен суретке түсіреді. Тәрбиеші балаларға табиғаттың түсін бақылауды үйретеді. Бұл ойын балалардың түстерді тануға және экологиялық білімдерін дамытуға көмектеседі. | Балаларға құм мен түрлі құрылыс материалдары беріледі. Олар құммен әртүрлі пішіндер мен құрылымдар жасайды (құрылыс, жолдар, ғимараттар). Тәрбиеші балаларды шығармашылыққа баули отырып, құммен ойынның әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. |
